

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 13 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2 -3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66 -құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат):

1) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - III" деген цифрлар тиісінше "1 - 3" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 136-баптың 3-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар," деген сөздер алып тасталсын;

3) 167-баптың 4-тармағындағы "аумақтық жергілікті басқару органдары" деген сөздер "қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппараты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 242-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппаратының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 2 4 5 - б а п т а :

2-тармақтағы және 3-тармақтың бірінші бөлігіндегі: "милицияға," "милицияның" деген сөздер тиісінше "ішкі істер органдарына", "ішкі істер органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын; "жергілікті атқару органына", "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер тиісінше "қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент,

ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппаратына", "қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппаратының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "милицияға" деген сөз "ішкі істер органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын; "жергілікті атқарушы органына" деген сөздер "қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппаратына" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 2 4 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "милицияға" деген сөз "ішкі істер органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын; "жергілікті атқарушы органына" деген сөздер "қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппаратына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "жергілікті атқарушы органы" деген сөздер "қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "жергілікті атқарушы органы" деген сөздер "қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; ; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат):

1) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "IV - VII" деген цифрлар тиісінше "4 - 7" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 1071-баптың 3-тармағындағы "жергілікті атқарушы орган" деген сөздер "қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1083-баптың 3-тармағындағы "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппаратының" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; ; N 17-18, 245-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 23-24, 192-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат):

1) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - VIII" деген цифрлар тиісінше "1 - 8" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Жергілікті атқарушы органдардың бақылауы

1. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары өздерінің аумағында орналасқан түзеу мекемелерінің, қамау үйлерінің қызметіне бақылау жасауды осы Кодекске сәйкес жүзеге асырады.

2. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары өздерінің аумағында орналасқан қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметіне бақылау жасауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.";

3) 3 0 - б а п т а :

1-тармақта "жергілікті атқару органдары немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары" деген сөздер "облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқару органдары, республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарында қоғамдық жұмыстардың объектілерін сұратып алады;"

4) 43-баптың 2-тармағындағы "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 77-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Түзеу мекемесіне іргелес аумақтың шекарасын оның әкімшілігі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша белгілейді.";

6) 82-баптың 4-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 92-баптың 2-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 158-баптың 3-тармағындағы "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 176-баптың 1-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар мен сотталушының таңдап алуы бойынша" деген сөздер "сотталушы таңдап алған тұрғылықты жері бойынша республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық

маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын; "жұмыспен қамту қызметіне" деген сөздер алып тасталсын;

10) 178-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"178-бап. Жазаны өтеуден босатылған адамдарға жұмысқа орналасуда және тұрмысын жайластыруда, әлеуметтік көмектің басқа түрлерін көрсетуде жәрдемдесу

Аудан (облыстық маңызы бар қала), республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі жазаны өтеуден босатылған адамдарға жұмысқа орналасуда және тұрмысын жайластыруда, сондай-ақ әлеуметтік көмектің басқа түрлерін көрсетуде жәрдемдеседі."

4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат):

1) 16-баптың 2-тармағында "заң актілерімен" деген сөздер "заңдарында" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері

1. Кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері (бұдан әрі - әкімдер) салық төлеуші - жеке тұлға төлейтін мүлікке, көлік құралдарына салынатын салықтарды, жер салығын жинауды ұйымдастырады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған салықтарды жинау қатаң есептілік құжаты болып табылатын квитанция негізінде жүзеге асырылады. Квитанция нысанын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған салықтарды жинауды ұйымдастыру кезінде ә к і м д е р :

1) есептелген күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей салық органы есептеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасы туралы хабарламаларды салық төлеушіге тапсыруды;

2) салық төлеушіге - жеке тұлғаға салық сомаларын төлеу фактісін растайтын к в и т а н ц и я б е р у д і ;

3) банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға ақша қабылдау жүзеге асырылған банктік күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей, салық сомаларын кейіннен бюджет есебіне жатқызу үшін күн сайын өткізуді қамтамасыз етеді. Егер күн сайынғы ақша түсімі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген он еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем болса, сондай-ақ банк немесе банк операцияларының

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым болмаған кезде елді мекенде ақша өткізу үш банктік күнде бір рет жүзеге асырылады;

4) квитанциялардың дұрыс толтырылуын және сақталуын;

5) салық органына квитанцияларды пайдалану туралы, сондай-ақ салық сомаларын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен және мерзімде банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға өткізу туралы есептерді беруді қамтамасыз етеді.

4. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары белгілеген тәртіппен біржолғы талондарды беруді ұйымдастырады және біржолғы талондарды өткізуден түскен соманың толық жиналуын қамтамасыз етеді.";

3) 454-баптың 1-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 4 6 2 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі "есептер негізінде жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "есептерден кем болмайтындай етіп облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігі "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 4 7 3 - б а п т а :

1-тармақтағы "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "жергілікті өкілді органдардың" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 477-баптың 2-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдардың", "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер тиісінше "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының", "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 16, 140-құжат):

1) 11-баптағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 2 - б а п т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мемлекеттік орман қорын санаттар бойынша бөлуді бекітеді;"

14) тармақша алып тасталсын;

3) 1 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

3) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ормандарды күзетуді, қорғауды, ормандарды молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, ғылыми, тәжірибелік-өндірістік және оқу мақсатында пайдаланылатын, өзінің функционалдық қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды реттейді;"

"8) орман қорының бірыңғай мемлекеттік есебін, бірыңғай мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың бірыңғай мемлекеттік мониторингі мен орман орналастыруды жүргізеді;"

16) тармақша алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "құзырындағы мемлекеттік орман қоры аумағында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда" деген сөздер "қарауындағы ғылыми, тәжірибелік-өндірістік және оқу мақсатында пайдаланылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік орман қоры учаскелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша "құқығын" деген сөзден кейін ", сондай-ақ ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша алып тасталсын;

4) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді о р г а н д а р ы :

1) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі өңірлік бағдарламаларды бекітеді;

2) аумақтық органдармен келісе отырып, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жасаған есептеулер негізінде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін ставкаларды қоспағанда) бекітеді;

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мен ұйымдардың өздерінің функционалдық қарауындағы орман қорының жай-күйі, күзетілуі, қорғалуы, ормандардың молықтырылуы, орман өсіру және орман пайдалану мәселелері жөніндегі есептерін қарайды.";

5) 1 5 - б а п т а :

тақырыбындағы "Облыстық атқарушы органдардың" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын; бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:";

7) тармақша "қалдықтарын өртеуіне" деген сөздерден кейін ", қау шөбін өртеуіне" деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақшада "беру үшін" деген сөздерден кейін "өздерінің функционалдық қарауындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

15) тармақша алып тасталсын;

6) 16 және 17-баптар алып тасталсын;

7) 18-баптың 12) тармақшасы алып тасталсын;

8) 6 3 - б а п т а :

1-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Облыстық атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 69-баптың 3-тармағының 5) тармақшасындағы "енгізуге;" деген сөз "енгізуге міндетті." деген сөздермен ауыстырылып, 6) тармақшасы алып тасталсын;

10) 109-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бюджет қаражаты;";

2) тармақша алып тасталсын;

1 1) 1 1 0 - б а п т а :

тақырыбындағы және бірінші абзацындағы "республикалық бюджет қаражатынан", "Республикалық бюджет қаражатынан" деген сөздер тиісінше "бюджет қаражатынан", "Бюджет қаражатынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшаның бірінші абзацы "уәкілетті органның және өзге де мемлекеттік органдардың құзырындағы" деген сөздер "уәкілетті органның, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың функционалдық қарауындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 111-бап алып тасталсын.

6. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат):

1) 14-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

2) 17-баптың 4-тармағындағы және 22-баптың 1-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 23-баптың 3-тармағындағы "жергілікті атқарушы орган" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 33-баптың 1-тармағындағы "жергілікті өкілді және атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 36-баптың 10) және 13) тармақшалары алып тасталсын;

6) 37-баптың 1-тармағында:

10) және 19) тармақшалар алып тасталсын;

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) су шаруашылығы баланстарын әзірлейді;"

мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

"24) мамандандырылған мемлекеттік мекемелердің суармалы жерлердің мониторингі мен мелиоративтік жай-күйін бағалауды жүргізуін ұйымдастырады.";

7) 38-бапта:

тақырыбындағы "Жергілікті өкілді органдардың" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары:";

2) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекітеді.";

8) 39-бапта:

тақырыбындағы "Жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:";

5) тармақшадағы "қаржыландыру мен" деген сөздер алып тасталсын;

6) тармақшадағы "бағдарламалардың қаржыландырылуын қамтамасыз етуге және іске асыруға үлес қосып қатысуды" деген сөздер "бағдарламаларды іске асыруды" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын әзірлейді.";

9) 4 0 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бассейндік су шаруашылығы басқармалары (бұдан әрі - бассейндік басқармалар) - уәкілетті органның облыстарда бөлімдері бар, су қорын пайдалану және күзету саласындағы өңірлік органдары (екі және одан да көп облыстардың аумақтарында олардың қызметі жүзеге асырылады және оның өкілеттіктері қолданылады), олардың негізгі міндеті тиісті бассейн аумағында су қорын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру болып табылады.";

2 - т а р м а қ т а :

7) тармақшаның екінші абзацындағы "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшадағы "жергілікті атқарушы органдармен" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

22-тармақша алып тасталсын;

10) 42-баптың 1-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 43-баптың 2-тармағындағы "жергілікті өкілді және атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 45-баптың 3-тармағындағы және 46-баптың 4-тармағындағы "республикалық бюджеттің" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 47-баптың 2-тармағындағы "республикалық бюджеттің есебінен" деген сөздер алып тасталсын;

14) 49-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары.";

15) 51-баптың 1-тармағының 7) тармақшасындағы "беруге;" деген сөз "беруге құқығы бар." деген сөздермен ауыстырылып, 8) тармақшасы алып тасталсын;

16) 52-баптың 4) тармақшасындағы "көрсетуге;" деген сөз "көрсетуге міндетті." деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармақшасы алып тасталсын;

17) 61-баптың 2 және 6-тармақтары алып тасталсын;

18) 65-баптың 4-тармағындағы "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 66-баптың 1-тармағындағы "тұрмыстық" деген сөз "коммуналдық-тұрмыстық" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 67-баптың 2-тармағындағы "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын; 3-тармағындағы "жергілікті өкілді органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 68-баптың 3-тармағындағы "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын; 4-тармағындағы "жергілікті өкілді органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 72-баптың 16) тармақшасындағы "жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 3) 7 6 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "қажеттері" деген сөз "ауыз су және коммуналдық-тұрмыстық қажеттері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қайталама су пайдаланушыға беру үшін жер үсті су объектілерінен су алу.";

24) 78-баптың бірінші абзацындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 86-баптың 3-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 6) 9 0 - б а п т а :

6-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Қаладағы аудандарда, аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде сумен жабдықтауды осы аумақтардың әкімдері ұйымдастырады.";

27) 91-баптың 2-тармағындағы "жергілікті өкілді және атқарушы органдарға" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 8) 9 2 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "жергілікті атқарушы органдарда" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдардың", "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер тиісінше "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының", "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 93-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 94-баптың 2 және 3-тармақтарындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 95-баптың 7-тармағындағы "республикалық бюджеттің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын;

32) 103-баптың 5 және 6-тармақтарындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 105-баптың 4-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 106-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағында көзделген мақсаттар үшін су алу орындарын (пирстер, кіреберістер, жарық көрсеткіштері) таңдауды, оны жайластыруды су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы қоятын шарттарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының аумақтық органдары жүзеге асыруға тиіс.";

35) 107-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Балық ресурстарын сақтау, ұдайы молайту және аулау үшін (соның ішінде кәсіпшілік балық аулау үшін) маңызды мәні бар су объектілері мен су шаруашылығы

құрылыстары немесе олардың бөліктері, сондай-ақ су қорғау белдеулерінің учаскелері балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органның шешімімен балық шаруашылығын жүргізу үшін пайдалануға берілуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын немесе олардың бөліктерін ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтаудан басқа, өзге мақсаттар үшін пайдалануды су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша балық шаруашылығының мүдделеріне орай шектеуі мүмкін.

3 6) 1 0 8 - б а п т а :

1-тармақтағы "жергілікті атқарушы орган" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 111-баптың 2-тармағы "жергілікті атқарушы" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 112-баптың 4-тармағындағы "және жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "органдар және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 116-баптың 2-тармағындағы және 117-баптың 1-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 0) 1 2 2 - б а п т а :

1-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шағын су объектілерінің сарқылуын, ластануын және азып-тозуын болғызбау мақсатында су объектілерін кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік бағдарламаларында және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі өңірлік бағдарламаларында оларды қорғау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешені жеке көзделеді.";

41) 125-баптың 1-тармағындағы, 126-баптың 1 және 2-тармақтарындағы, 128-баптың 3) тармақшасындағы "жергілікті атқарушы органдармен", "жергілікті атқарушы

органдардың" деген сөздер тиісінше "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен", "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 131-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 135-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен" деген сөздер алып тасталсын;

44) 137-баптың 2-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдарда" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат; N 20, 116-құжат):

1) 14-баптың 3-тармағындағы ", негізгі капиталды," деген сөздерден кейін "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 1 7 - б а п т а :
3 - т а р м а ғ ы н д а :

"және басқа мемлекеттердің" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттерге ресми гуманитарлық көмек көрсетуіне де пайдаланылуы мүмкін.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен айқындалатын көзделмеген өзге де шығындарға пайдаланылуы мүмкін.";

3) 2 3 - б а п т а :

5-тармақтағы "республикалық бюджеттің атқарылуы барысында оны Қазақстан Республикасының Парламентінде нақтыламай-ақ" деген сөздер "республикалық бюджетті тиісінше түзету негізінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "жергілікті бюджетті атқару барысында оны мәслихатта нақтыламай-ақ" деген сөздер "жергілікті бюджетті тиісінше түзету негізінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 38-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы Кодексті қоспағанда, Қазақстан Республикасының өзге заң актілерінде, оның есебінен шығыстар қаржыландырылуға тиіс және өзге түсімдер есептелуге тиіс бюджет деңгейін белгілеуге жол берілмейді.

Шығыстарды немесе түсімдердің жекелеген түрлерін бюджеттің бір деңгейінен

екінші деңгейіне беру осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде ғана жүзеге асырылады.";

5) 50-баптың 1-тармағында:

1) тармақшаның оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"банкроттық рәсімдерін, оңалту рәсімін және таратудың соттан тыс рәсімін жүргізуді ұйымдастыру;"

2) тармақшада:

тоғызыншы абзац "Қазақстан Республикасының" деген сөздердің алдынан "облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

ониншы - он төртінші абзацтар алып тасталсын;

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің іс-әрекетін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;"

4) тармақшаның жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық білім беру ұйымдарын, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес шет елдердің мектептерінде оқып жүрген отандастарымызды оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету;"

5) тармақшаның тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық маңызы бар мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары үшін қан, оның компоненттері мен препараттарын өндіру;"

8) тармақшада:

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"судың мемлекеттік есебін, мемлекеттік су кадастрын жүргізу;"

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық деңгейде қоршаған ортаны қорғау жөнінде іс-шаралар өткізу;"

он тоғызыншы абзац "трансшекаралық" деген сөздің алдынан "стратегиялық," деген сөзбен толықтырылсын;

9) тармақшаның тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық маңызы бар мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу;"

6) 51-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшада:

екінші және жетінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, аумақтық қорғанысты дайындау және аумақтық қорғаныс;"

"облыстық әскери басқару органдарын жабдықталған әскерге шақыру (жинау) пункттерімен, дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, байланыс құралдарымен, медициналық және

техникалық қызметкерлермен, қызмет көрсететін адамдармен қамтамасыз ету бойынша әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар және медициналық комиссиялар құру;" ;

мынадай мазмұндағы сегізінші - он екінші абзацтармен толықтырылсын:

"ішкі істер органдарының айдауылмен алып жүруі; азаматтық, көшіп кету және көшіп келу, шетелдіктермен жұмыс мәселелері және заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөніндегі қызмет;

уақытша ұстау изоляторларының, медициналық айықтырғыштардың, кәмелеттік жасқа толмағандарды, белгілі тұрғылықты жері және құжаттары жоқ адамдарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарының, питомниктердің, арнаулы панажайлардың жұмыс істеуі және әкімшілік жазамен қамалған адамдарды ұстау;

мемлекеттік нөмір белгілерін, жүргізуші куәлігінің бланкілері мен көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу куәлігінің бланкілерін даярлау ақысын қаржыландыруды қоспағанда, жол полициясы қызметін қамтамасыз ету;

жанар-жағар май материалдарын сатып алуды қоса алғанда, қызметтік үй-жайлар мен көлік құралдарын ұстау, оларға қызмет көрсету және оларды жөндеу, сондай-ақ аумақтық органдар аппараттарының электрондық почта қызметін көрсетуге арналған шығындарын қоспағанда, аумақтық ішкі істер органдарының коммуналдық қызметтерге, электр энергиясына, жылу беруге және байланыс қызметіне ақы төлеу бойынша шығындар;" ;

4) тармақшаның үшінші абзацындағы "халықтың" деген сөздің алдынан " республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

8) т а р м а қ ш а д а :

бесінші абзацтағы "мен су шаруашылығы құрылыстарының" деген сөздер алып тасталсын;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған ортаны қорғау жөнінде іс-шаралар өткізу;" ;

7) 5 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) т а р м а қ ш а д а :

екінші, үшінші және сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, аумақтық қорғанысының дайындығы және аумақтық қорғанысы;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың әскери басқару органдарын жабдықталған шақыру (жинау) пункттерімен, дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, байланыс

құралдарымен, медициналық және техникалық қызметкерлермен, қызмет көрсететін адамдармен қамтамасыз ету бойынша әскери міндеттерді атқару шеңберіндегі іс-шаралар және медициналық комиссиялар құру;"

"уақытша ұстау изоляторларының, медициналық айықтырғыштардың, кәмелеттік жасқа толмағандарды, белгілі тұрғылықты жері және құжаттары жоқ адамдарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарының, питомниктердің, арнаулы панажайлардың жұмыс істеуі және әкімшілік жазамен қамалған адамдарды ұстау;"

мынадай мазмұндағы оныншы - он үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"ішкі істер органдарының айдауылмен алып жүруі; азаматтық, көшіп кету және көшіп келу, шетелдіктермен жұмыс мәселелері және заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөніндегі қызмет;

мемлекеттік нөмір белгілерін, жүргізуші куәлігінің бланкілері мен көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу куәлігінің бланкілерін даярлауды қаржыландыруды қоспағанда, жол полициясы қызметін қамтамасыз ету;

жанар-жағар май материалдарын сатып алуды қоса алғанда, қызмет үй-жайлары мен көлік құралдарын ұстау, оларға қызмет көрсету және оларды жөндеу, сондай-ақ электронды почта қызметін көрсетуге арналған шығындарды қоспағанда, аумақтық ішкі істер органдарының коммуналдық қызметтерге, электр энергиясына, жылу беруге және байланыс қызметіне ақы төлеу бойынша шығындары;"

3) тармақшаның үшінші абзацындағы "интернат үлгісіндегі ұйым" деген сөздер "интернаттық ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) т а р м а қ ш а д а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету;"

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы басқа да іс-шаралар;"

8) тармақшаның сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған ортаны қорғау жөнінде іс-шаралар өткізу;"

4-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

8) 5 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) т а р м а қ ш а д а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"аудандық әскери басқару органдарын жабдықталған шақыру (жинау) пункттерімен , дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медициналық және шаруашылық мүлікпен,

автомобиль көлігімен, байланыс құралдарымен, медициналық және техникалық қызметкерлермен, қызмет көрсететін адамдармен қамтамасыз ету бойынша әскери міндеттерді атқару шеңберіндегі іс-шаралар және медициналық комиссиялар құру;"

төртінші және бесінші абзацтар алып тасталсын;

3) тармақшаның үшінші абзацындағы "интернат үлгісіндегі ұйым" деген сөздер "интернаттық ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін дамыту;"

4-тармақ мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:
"15) елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру;"

9) 55-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"9) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

10) 56-баптың 3) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциясында Парламентке жүктелген" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1) 5 8 - б а п т а :

12) тармақшадағы "тәртібін, мемлекеттік және" деген сөздер "тәртібін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын және" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындайды.";

1 2) 6 0 - б а п т а :

3) тармақша "гранттарды" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

4) тармақша "бюджеттік инвестициялар мен" деген сөздерден кейін "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

13) 62-баптың 2) тармақшасы "гранттардың" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

14) 72-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "гранттар" деген сөз "өтеусіз техникалық көмек түріндегі байланысты гранттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5) 7 4 - б а п т а :

4 - т а р м а қ т а :

б) тармақшасы "гранттар сомасын" деген сөздердің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен

, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты емес гранттар туралы ақпаратты;"

16) 76 - бапта :

4 - тармақта :

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөлінген, республикалық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі;"

17) 77-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөлінген, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі;"

18) 78-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөлінген, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі;"

19) 81 - бапта :

2-тармақтағы "негізделіп жасалған" деген сөздер "тиісті" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "қосымша түсімдердің нақты көздері" деген сөздер "түсімдердің қосымша көздері" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 82-баптың 3-тармағының үшінші және төртінші бөліктері алып тасталсын;

21) 88-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "және басқа да шоттарды" деген сөздер алып тасталсын;

22) 90 - бапта :

1-тармақтың 5) тармақшасы "грант туралы келісімде" деген сөздердің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын; "үкіметтік сыртқы қарыздың немесе" деген сөздерден кейін "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын; "грант туралы келісімге" деген сөздердің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақ "Қазақстан Республикасының, банк заңдарында белгіленген" деген сөздердің алдынан "Үкімет белгілеген және" деген сөздермен толықтырылсын;

23) 101 - бапта :

7 - тармақта :

бірінші бөліктегі "әзірлеуді және" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарларын мемлекеттік мекемелер әзірлейді және оларды бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бекіткеннен кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға табыс етіледі.";

8-тармақтың екінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ағымдағы қаржы жылында бюджетке түсетін түсімдердің күтілетін көлемін ескере отырып, бюджеттің теңдестірілуін сақтау.";

24) 102-баптың 3-тармағы "гранттар" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

25) 103-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Рұқсаттарды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар береді.";

26) 104-баптың 1-тармағы "қаржыландыру" деген сөздің алдынан "міндеттемелер бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

2 7) 1 0 5 - б а п т а :

3-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шоттарды ресімдеу, ұсыну және төлемге пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

5-тармақтағы "мемлекеттік мекеменің бюджеттік шотынан" деген сөздер "бірыңғай қазынашылық шоттан" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ "туралы" деген сөзден кейін ", бюджеттің атқарылуы жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

28) 123-баптың 3-тармағы "республикалық бюджетті" деген сөздерден кейін ", тіркелген міндеттемелерді, орындалмаған міндеттемелерді" деген сөздермен толықтырылсын;

29) 131-бап "гранттарын" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

3 0) 1 3 2 - б а п т а :

4) тармақша "бюджеттік қаражатты," деген сөздерден кейін "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

6) тармақшасы "гранттарын" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

8) тармақшасы "гранттарының" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

31) 133-баптың 3) тармақшасы "ақшаны" деген сөзден кейін ", байланысты гранттарды" деген сөздермен толықтырылсын;

3 2) 1 3 8 - б а п т ы ң 3 - т а р м а ғ ы н д а :

10) тармақшасы "гранттарының" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

22) тармақшасы "гранттарды" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

3 3) 1 4 0 - б а п т а :

11) тармақшасы "гранттары" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

18) тармақшасы "гранттарын" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

34) 156-баптың 5) тармақшасы "грант" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

35) 157-баптың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын :

"Байланысты емес гранттарды тарту, пайдалану, олардың мониторингі және пайдаланылу тиімділігін бағалау Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

3 6) 1 5 8 - б а п т а :

тақырыбындағы "Гранттарды" деген сөз "Байланысты гранттарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "Гранттарды жоспарлау", "гранттар тартуға" деген сөздер тиісінше "Байланысты гранттарды жоспарлау", "байланысты гранттар тартуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағының бірінші абзацындағы "Гранттарды жоспарлаудың" деген сөздер "Байланысты гранттарды жоспарлаудың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламалар, сондай-ақ донорлардың ұсыныстары негізінде байланысты гранттар тартуға арналған өтінімдерді түзуді орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

4. Байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдерді орталық мемлекеттік органдар жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өтінімдерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.";

5 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "гранттарды тартуға" деген сөздер "Байланысты гранттарды тартуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша "грантты тартуға" деген сөздердің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

2) тармақша "грантты тартуға" деген сөздердің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын; "гранттарды" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

6-тармағы "Гранттарды тартуға" деген сөздер "Байланысты гранттарды тартуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 35-тараудың тақырыбындағы "Гранттарды тарту" деген сөздер "Байланысты гранттарды тарту" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 8) 1 5 9 - б а п т а :

тақырыбындағы "Гранттарды тарту" деген сөздер "Байланысты гранттарды тарту" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармағы "Гранттарды тартуға", "гранттар беруге" деген сөздер тиісінше "Байланысты гранттарды тартуға", "байланысты гранттар беруге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Байланысты грант беруге арналған өтінімдерді донорларға жіберу донорлар белгілеген нысан бойынша жүзеге асырылады, оны экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның сұратуы негізінде тиісті орталық мемлекеттік немесе жергілікті өкілді немесе атқарушы органдар толтырады.";

3 және 6-тармақтар алып тасталсын;

3 9) 1 6 0 - б а п т а :

тақырыбындағы "Гранттарды пайдалану" деген сөздер "Байланысты гранттарды пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармағындағы "Гранттарды пайдалану" деген сөздер "Байланысты гранттарды пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын; "грант туралы келісімге" деген сөздер "байланысты грант туралы келісімге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац "гранттарды алушылар" деген сөздердің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

1) тармақша "грант туралы келісімде" деген сөздердің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

2) тармақша "гранттардың" деген сөздің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

3) тармақша "гранттардың есебінен" деген сөздердің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Байланысты грантты пайдалану аяқталған соң мемлекеттік ұйымдар - байланысты гранттарды алушылар экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға донордың уәкілетті өкілі және өтінімі бойынша байланысты грант беру жүзеге асырылған орталық мемлекеттік немесе жергілікті өкілді немесе атқарушы органның бірінші басшысы қол қойған байланысты грантты пайдаланудың аяқталуы туралы түпкілікті есепті табыс етеді.";

40) 36-тараудың тақырыбындағы "Гранттарды пайдалану" деген сөздер "Байланысты гранттарды пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 1) 1 6 1 - б а п т а :

тақырыбындағы "Гранттарды пайдалану" деген сөздер "Байланысты гранттарды пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Байланысты гранттарды пайдалану мониторингі:

1) орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың байланысты гранттарды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы ақпарат жинауын және оны өңдеуін;

2) орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың байланысты гранттарды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы есептерді экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға табыс етуін көздейді.";

2-тармағындағы "Гранттарды пайдалану" деген сөздер "Байланысты гранттарды пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 2) 1 6 2 - б а п т а :

тақырыбындағы "Гранттарды пайдалану" деген сөздер "Байланысты гранттарды пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармағындағы "Гранттарды пайдалану" деген сөздер "Байланысты гранттарды пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын; "гранттарды тарту" деген сөздер "байланысты гранттарды тарту" деген сөздермен ауыстырылсын; "гранттарды пайдалану" деген сөздер "байланысты гранттарды пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағындағы "Гранттарды пайдалану" деген сөздер "Байланысты гранттарды пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын; "гранттарды тартудың" деген сөздер "байланысты гранттарды тартудың" деген сөздермен, "гранттарды пайдалану" деген сөздер "байланысты гранттарды пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Байланысты гранттарды пайдалану тиімділігін бағалау үшін экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға деректерді экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіп пен құрамда өтінімдері бойынша байланысты гранттар беру жүзеге асырылған орталық мемлекеттік және жергілікті өкілді және атқарушы органдар табыс етеді.

4. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардан осы органдардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша байланысты гранттарды пайдалану тиімділігін бағалауға қажетті ақпаратты табыс ету туралы сұратуға құқылы.";

5-тармақ "гранттарды пайдалану" деген сөздердің алдынан "байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

43) 176-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына, қаржы агенттіктеріне, мемлекеттік білім беру кредиттеріне және студенттік кредиттерге бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы ставкаларын қоспағанда, бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы ставкасы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шығарған мемлекеттік бағалы қағаздардың тиісті түрлері бойынша табыстылықтың орта өлшемді ставкасынан төмен емес шамада белгіленеді.";

44) 178-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "қайтаруды" деген сөз "өтеуді" деген сөзбен ауыстырылсын;

45) 203-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тиісті қаржы жылына жергілікті атқарушы орган борышының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді фискалдық саясатта айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып белгілейді.";

46) 212-баптың бірінші бөлігіндегі "өздері белгілеген тәртіппен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

47) 223-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Кодексті орындау үшін қабылданған, 2005 жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер оларға қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.".

8. "Қазақстан Республикасында ауылды, селоны және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы" 1991 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 8, 93-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 327-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173-құжат):

1) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - XI" деген цифрлар тиісінше "1 - 11" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 5-баптың 13-абзацындағы "арқылы қамтамасыз етіледі" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы он төртінші абзацпен толықтырылсын:

"ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкаларын, ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу кәсіпорындарына арналған жабдықтар лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкаларын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпорындарына олардың айналымдық қаражаттарын толықтыруға берілетін

кредиттер бойынша сыйақылар (мүдде) ставкаларын және ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы мен сапасын арттыру жөніндегі іс-шараларды бюджет қаражаты есебінен субсидиялау арқылы қамтамасыз етіледі."

9. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 52, 636-құжат; 1995 ж., N 19, 117-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 10, 101-құжат; 2004 ж., N 19, 115-құжат):

1) 3 1 - б а п т а :

тақырыбындағы "дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық" деген сөздер " шетелдегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері:";

екінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері" деген сөздер "Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 33-бапта "дипломатиялық өкілдігі, консулдық мекемесі немесе өкілетті өкілдігі" деген сөздер "шетелдегі мекемесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 34-баптың бірінші бөлігіндегі "дипломатиялық өкілдіктері, консулдық мекемелері не өкілетті өкілдіктері" деген сөздер "шетелдегі мекемелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"39-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі шешімдерді орындаушы органдар

Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұратын адамдарға қатысты азаматтық мәселелер жөніндегі шешімдердің орындалуы құжаттандыру және паспорттар мен жеке бас куәліктерді беру жөніндегі уәкілетті органға, басқа мемлекетте тұратын адамдарға қатысты - Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесіне жүктеледі.

Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдарға құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктерді беру жөніндегі уәкілетті орган, не шетелдегі мекемелер Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және (немесе) паспорттын тапсырады. Он алты жасқа толмаған баланың құжаттарында оның азаматтыққа қатыстылығы туралы жазба жасалады.

Қазақстан Республикасында тұратын, азаматтығы тоқтатылған адамдарға ішкі істер органдары азаматтығы жоқтығы туралы куәлік береді."

10. "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 84-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - V" деген цифрлар тиісінше "1 - 5" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 1-баптың бірінші бөлігінде "Республика" деген сөз "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 2 - б а п т а :

"соған сәйкес қабылдаған өзге де заң актілерінен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.";

4) 4-бап мынадай мазмұндағы төртінші-алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Мемлекет Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген негіздер бойынша дінтану сараптамасын жүргізуге құқылы.

Дінтану сараптамасы діни ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар өкілдерінің, дінтанушылардың, заңгерлердің және ар-ождан бостандығы құқығы саласындағы басқа да мамандардың қатысуымен жүргізіледі.

Дінтану сараптамасын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

5) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Республикасының діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті органы

Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды Қазақстан Республикасының Президенті құрады.";

6) мынадай мазмұндағы 6-1 және 6-2-баптармен толықтырылсын:

"6-1-бап. Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

Уәкілетті мемлекеттік орган:

1) азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

2) Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің және діни-ағарту қызметі арқылы қандай да бір діни ілімді уағыздау мен таратуды жүзеге асыратын шетелдіктердің және заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтардың қызметіне зерделеу мен талдау жүргізеді;

3) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүзеге асырады ;

4) азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы

мемлекеттік саясат мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

5) азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

6) діни бірлестіктермен қарым-қатынасты реттеу саласында облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіреді;

7) діни ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар өкілдерінің, дінтанушылардың, заңгерлердің және адамның ар-ождан бостандығы құқығы саласындағы басқа да мамандардың қатысуымен дінтану сараптамалары жүргізілуін қамтамасыз етеді;

8) діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылыққа қатысты мәселелерді қарайды;

9) шет мемлекеттердің тиісті ұйымдарымен халықаралық байланыстар орнатады және оларды қолдайды;

10) Қазақстан Республикасының заңдарын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың, соның ішінде діни бірлестіктердің қызметіне тыйым салу жөнінде құқық қорғау органдарына ұсыныстар жасайды;

11) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ресми түсініктемелер береді.

6-2-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) діни бірлестіктермен қарым-қатынастарды реттеу саласындағы жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) діни бірлестіктермен қарым-қатынастарды реттеу саласындағы жергілікті атқарушы органдары:

1) өңірдегі діни жағдайға зерттеу және талдау жүргізеді;

2) діни-ағарту қызметі арқылы қандай да бір діни ілімді уағыздау мен таратуды жүзеге асыратын шетелдіктердің және заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтардың есепке тіркелуін жүргізеді;

3) діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті органға азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша өңірлік деңгейде ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүзеге асырады.";

7) 7-баптың бесінші бөлігі алып тасталсын;

8) 11-баптағы "азаматтық заңдарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 13-баптың бесінші бөлігіндегі "баспасөз туралы заңдарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 17-баптың екінші бөлігіндегі "Халық депутаттарының жергілікті Кеңестері мен мемлекеттік органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 22-бапта "өкімші және" деген сөздер алып тасталсын;

12) 23-бапта орыс тілінде түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

13) 24-бап алып тасталсын.

11. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 290-құжат; N 24, 592-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 20, 257-құжат; N 24, 336-құжат):

1) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - VIII" деген цифрлар тиісінше "1 - 8" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 1 1 - б а п т а :

тақырыбындағы және бірінші абзацтағы "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "мерзімнен тыс қызметтегі" деген сөздер "келісім-шарт бойынша әскери қызметін өтеп жүрген әскери" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 12-баптың екінші бөлігіндегі "министрліктері, ведомстволары" деген сөздер "мемлекеттік органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 22-баптың бірінші бөлігінің 10) тармақшасындағы "және өзге де төтенше жағдайлар туралы халыққа хабарлау үшін" деген сөздер "туралы халыққа хабарлау үшін және төтенше жағдайлар режимін қамтамасыз ету кезінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 28-баптың үшінші бөлігіндегі "мерзімінен тыс қызметтегі" деген сөздер "келісім-шарт бойынша әскери қызметін өтеп жүрген" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 3 2 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілерін," деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктегі "республикалық бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражатынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 3 3 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге," деген сөздер алып тасталсын; "жергілікті атқарушы өкімет органдары," деген сөздер "облыстардың (

республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

"министрліктер, ведомстволар" деген сөздер "мемлекеттік органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "мерзімінен тыс қызметтегі", "және ведомстволық тұрғын үй" деген сөздер тиісінше "келісім-шарт бойынша әскери қызметін өтеп жүрген", "тұрғын үй" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлік алып тасталсын;

алтыншы бөліктегі "мерзімінен тыс қызметтегі", "жергілікті атқарушы және өкімші органдарға" деген сөздер тиісінше "келісім-шарт бойынша әскери қызмет атқарып жүрген", "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 34-баптағы "тиісті бюджеттер қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 35-бап алып тасталсын;

10) 37-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

11) 38-баптағы "республикалық бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2) 3 9 - б а п т а :

үшінші бөліктегі "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын; "Жергілікті әкімшіліктер" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "бюджеттік қаражаттың, ішкі әскерлер мүдделерін көздеп қызметтік-жауынгерлік міндеттер атқаратын министрліктер (ведомстволар) бөлетін материалдық ресурстардың, сондай-ақ жергілікті бюджеттің" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөліктегі ", спорт және өзге де" деген сөздер алып тасталсын;

13) 40-бап алып тасталсын.

12. "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 15, 363-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат):

1) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - IX" деген цифрлар тиісінше "1 - 9" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдары

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен т ұ р а д ы .

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.";

3) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тарихи-мәдени мұра - мемлекеттік маңызы бар және осыған орай өзге мемлекеттерге беру құқығынсыз тек қана Қазақстан Республикасына тиесілі болатын тарихи-мәдени құндылықтар жиынтығы;

2) тарихи-мәдени мұра объектілері - кескін, мүсін туындыларымен байланысты, соның ішінде жылжымайтын мүлік объектілерімен байланысты жылжымайтын мүлік объектілері; сәндік-қолданбалы өнер объектілері; ғылым мен техника объектілері және материалдық мәдениеттің тарихи оқиғалар нәтижесінде туындаған, тарих, археология, сәулет, қала құрылысы, өнер, этнология немесе антропология, әлеуметтік мәдениет тұрғысында құндылығы бар өзге де заттары; тарихи-сәулет, көркемдік, ғылыми және мемориалдық жағынан құнды, еліміздің тарихы мен мәдениеті үшін ерекше маңызы бар объектілер. Тарихи-мәдени мұра объектілері осы Заңға сәйкес мынадай түрлерге бөлінеді: қала құрылысы және сәулет ескерткіштері; археология ескерткіштері;

3) археология ескерткіштері - қала орындары, қорғандар, ежелгі қоныстардың, бекіністердің, өндірістердің орындары, арналардың, жолдардың сілемдері, ежелгі көму орындары, тас мүсіндер, жартастағы бейнелер, көне заттар, ежелгі елді мекендердің тарихи мәдени қабатының учаскелері;

4) қала құрылысы мен архитектура ескерткіштері - сәулет ансамбльдері мен кешендері, тарихи орталықтар, махаллалар, алаңдар, көшелер, ежелгі жобалар мен қалалар құрылыстарының және басқа да елді мекендердің орындары; азаматтық, тұрғын үй, өнеркәсіп, әскери, ғибадат ету сәулетінің, халық сәулетшілігінің құрылыстары, сондай-ақ олармен байланысты монументтік сәндік, қолданбалы және саяжай-бақ өнерінің туындылары, табиғи ландшафтар;

5) тарих және мәдениет ескерткіштері - аталған құрылыстармен, үйлермен және ғимараттармен тарихи орныққан аумақтары бар жекелеген құрылыстар, үйлер мен ғимараттар, тарихи, ғылыми, көркем және өзге де мәдени құндылық болып табылатын мемориалдық үйлер, махаллалар, мазарлар, кесенелер мен жекелеген жерлеу орындары, монументтік өнер туындылары, Тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізіміне енгізілген және реставрациялаудың әлеуетті объектілері болып табылатын тас мүсіндер, жартастағы бейнелер, археология ескерткіштері, ғылым мен техника объектілері, антропология, этнография, фольклор, нумизматика, эпиграфика, фотосурет

материалдары, кинофильмдер, әдебиет пен өнер туындылары, мұрағат, қолжазба құжаттары, манускрипт кітаптар, көне құнды және сирек кездесетін басылымдар, жәдігерлер мен мемориалдық сипаттағы заттар;

б) алдын ала есепке алу тізімі - оларға тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін беру мақсатында айқындалған тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің тізімі."

4) 4 - б а п т а :

тақырыбы мен бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану:";

бірінші бөліктің төртінші - жетінші абзацтарында "ескерткіштерді" деген сөз алып тасталсын;

екінші бөлікте "ескерткіштер деп танылған" деген сөздер алып тасталсын;

5) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Тарихи-мәдени мұра объектілерінің құқықтық мәртебесі

Тарихи-мәдени мұра объектілері ескерткіштер мәртебесін осы Заңда белгіленген тәртіппен өздері ескерткіш деп танылған кезден бастап иеленеді.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізу туралы шешім қабылдау үшін құжаттар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ұсынылады.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану оларды міндетті түрде жариялануға тиісті халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімінде бекіту арқылы баянды етіледі. Археологиялық ескерткіштердің барлық түрі тарихи-мәдени және ғылыми жағынан құнды және олардың тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесі б о л а д ы .

Қазақстан Республикасындағы тарих және мәдениет ескерткіштері, осы Заңда көзделген тәртіппен міндетті түрде қорғалуға және сақталуға жатады, оларды пайдаланудың, оларды меншіктену құқығын өзгертудің және оларды құқықтық мәртебеден айырудың ерекше құқықтық режимі болады.

Тарих және мәдениет ескерткішін құқықтық мәртебесінен айыруға, оны тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімінен шығарып тастауға тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның арнаулы комиссиясымен келісілген ұсынысы бойынша, ғылыми сараптаманың қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ерекше жағдайларда (дүлей зілзала салдарынан қираған кезде)

ғ а н а

ж о л

б е р і л е д і .

Алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген жаңадан анықталған тарихи-мәдени мұра объектілері олардың мәртебесі туралы түпкілікті шешім қабылданғанға дейін, осы Заңға сәйкес тарих және мәдениет ескерткіштерімен бірдей қорғалуы тиіс.;"

6) 6-бап алып тасталсын;

7) 8-баптың бірінші сөйлеміндегі "Қазақ КСР-індегі меншік туралы Заңмен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен " деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 1 1 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "танылған" деген сөзден кейін "археологиялық ескерткіштердің барлық түрлері, халық өміріндегі маңызды тарихи оқиғалармен байланысты естелік орындар, қала құрылысы және сәулет ескерткіштері," деген сөздермен толықтырылсын ; "ескерткіштер" деген сөз "тарих және мәдениет ескерткіштері" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі мемлекеттік органы" деген сөздер "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын; " ескерткіштерге" деген сөз "тарих және мәдениет ескерткіштеріне" деген сөздермен ауыстырылсын; "тиісінше жергілікті өкімет органдары" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 12-баптың үшінші бөлігіндегі "30 жыл мерзімге дейін" деген сөздер "елу жыл мерзімге дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 13 және 14-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Меншік иелерінің міндеттері

Тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері оларды сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асырады және:

1) тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н у ғ а ;

2) тарих және мәдениеттің жылжымайтын ескерткіштерін - сол ескерткіштердің орналасқан жері бойынша немесе тарихтың және мәдениеттің жылжымалы ескерткіштерін меншік иесінің тұрғылықты жері бойынша тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органда тіркеуге;

3) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органды меншік құқықтарының пайымдалып отырған немесе болған өзгерістері туралы х а б а р д а р е т у ғ е ;

4) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органды тарих және мәдениет ескерткіштерінің орналасқан жерлерінің пайымдалып отырған немесе болған өзгерістері туралы хабардар етуге, олармен тарих және мәдениет ескерткіштерін күту және пайдалану жағдайларының өзгерісін келісуге;

5) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, консервациялау және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды келісуге;

б) арнайы шарттарда белгіленген тәртіп пен шекте тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен тарих және мәдениет ескерткішіне ғылыми, мәдени және өзге де мақсаттарда қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Тарих және мәдениет ескерткіштері меншік иелерінің және оларды пайдаланушылардың міндеттемелері облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы беретін, меншік иесі немесе пайдаланушы қол қоятын және санамалап көрсетілген жалпы міндеттемелермен қатар тарих және мәдениеттің нақты ескерткіштеріне қатысты арнайы міндеттемелер қамтылған тарих және мәдениеттің жылжымайтын ескерткіштерін қорғау туралы құжатта тіркеледі.

Осы баптың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және б) тармақшаларында көзделген міндеттемелер тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелеріне және пайдаланушыларына тең дәрежеде қатысты.

14-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқықтарынан мәжбүрлеп айыру

Меншік иесінің кінәсінен жойылып кету немесе бүліну қаупіне ұшыраған тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқықтарынан мәжбүрлеп айыру сот шешімі негізінде ғана жүзеге асырылады.

Меншік иесі өзіне осы Заңның 13-бабымен көзделген тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі міндеттемелерді алудан бас тартқан жағдайда, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының талап-арызы бойынша сот шешім қабылдайды.

Меншік иесін жеке меншігіндегі, оның тұрғын үйі немесе тұрғын жайы болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштерінен мәжбүрлеп айыру Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен оған өзге тұрғын жай және шарт бойынша тиісті өтем ақы берілмей жүзеге асырылмайды.

Бұл ретте, тарих және мәдениет ескерткіштері тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша шартпен белгіленген, ал дау туған жағдайда - сот белгілеген мөлшерде бұрынғы меншік иесіне өтемақы төлене отырып, мемлекет меншігіне беріледі.";

1 1) 1 6 - б а п т а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары;"

төртінші абзацтағы "Қазақстан Республикасындағы тарих-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі мемлекеттік органы" деген сөздер "тарих-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацта "архивтерін" деген сөзден кейін "және құжаттамаларын" деген сөздермен толықтырылсын;

1 2) 1 7 - б а п т а :

екінші абзацтағы "мемлекеттік саясатты қалыптастырып, жүзеге асырады" деген сөздер "мемлекеттің саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "мемлекеттік органдар мен құрылымдар" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші - жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және сақтау ережелерін белгілейді;

тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау және есепке алу тәртібі туралы е р е ж е л е р і н б е к і т е д і ;

тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін беру ережелерін белгілейді.";

13) 18 - 20-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары :

1) тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтауды, есепке алуды, қорғауды, қалпына келтіруді және пайдалануды қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдарының сақталуын қамтамасыз етеді;

3) тиісті аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында жергілікті маңызы бар ескерткіштерді есепке алуды, қорғауды және қалпына келтіруді ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды көздейді;

4) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып, тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын, мемлекет меншігіндегі ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға беру туралы мәселені шешеді ;

5) мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының ставкаларын белгілейді;

6) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып, қалаларды және басқа да елді мекендерді жоспарлау, салу және қайта құру жобаларын әзірлеу және бекіту кезінде барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, тарихи-құрылыс тірек жоспарларын және карта-схемаларды жасауды қамтамасыз етеді;

7) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау міндеттемелерін ресімдейді және оларды меншік иелері мен пайдаланушылардың орындауын бақылайды;

8) Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңдарын бұзған лауазымды адамдарды, азаматтарды, ұйымдарды, қоғамдық бірлестіктерді жауапкершілікке тарту туралы өтініш жасайды;

9) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органына тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөнінде комиссиялар құру туралы ұсыныстар енгізеді;

10) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, қорғау жөнінде жұмыс жүргізеді;

11) тарих және мәдениет ескерткіштері мен оларды қорғау аймақтары бойынша жұмыстардың барлық түрлеріне ғылыми-жобалық құжаттаманы, жоспарлау, салу және қайта жөндеу жобаларын қарайды және келіседі;

12) мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, тарих және мәдениет ескерткіштері мен тарих және мәдениет ескерткіштерімен байланысты қоршаған орта объектілерін қорғау мен пайдалануды жүзеге асырады.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары өз аумағында:

1) азаматтар мен ұйымдардың тарих және мәдениет ескерткіштерін қамқорлыққа алуын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

2) жұртшылықты тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және насихаттау жөнінде іс-шараларды жүргізуге тартады;

3) Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдарының сақталуын қамтамасыз етеді;

4) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның ұсынуы бойынша, тарих және мәдениет ескерткіштеріне қауіп төндіретін құрылыс және өзге де жұмыстарды тоқтата тұру, сондай-ақ оларға тыйым салу туралы мәселені шешеді;

5) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына немесе тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға өздерінің құзыреті шегінде, тарих және мәдениет ескерткіштерінің бүлінуін, құлау қаупін, оларды бұзуды жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) табиғи және өзге де экологиялық, тарихи, мәдени және ғылыми құндылығы бар объектілерді қорғалатын табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштері деп жариялау туралы ұсыныстар енгізеді.

19-бап. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган:

1) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың бағдарламаларын әзірлейді және оны қалыптастыру мен іске асыруға қатысады;

2) тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланудың жай-күйіне және оларды күтіп ұстау тәртібіне, сондай-ақ оларды жөндеу, реставрациялау, және консервациялау жөніндегі жұмыстардың орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, реставрациялау және пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлейді және келіседі;

3) Қазақстан Республикасы аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау мен пайдалану ережелерін ұстануды қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тарих және мәдениет ескерткіштеріне зерттеулер, жобалық және реставрациялау-консервациялау жұмыстарын жүргізуге рұқсат құжаттарын және (немесе) лицензиялар береді;

5) барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуына қауіп төндіретін қызметті тоқтата тұрады немесе оған тыйым салады;

6) Қазақстан Республикасының мәдени құндылықтарды әкелу және әкету тәртібі туралы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңдарын бұзған азаматтарды, ұйымдарды, қоғамдық бірлестіктерді жауапкершілікке тарту туралы өтініш береді;

8) тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланушыларға олардың осы Заңды бұзғандығына байланысты нұсқамалар береді;

9) объектілерді тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану туралы, сондай-ақ оларды осы мәртебеден айыру туралы қорытындылар дайындау жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

10) мемлекет меншігіндегі және тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға беру туралы мәселені келіседі;

11) осы Заңды бұзған - ескерткіштерді пайдаланушыларға, азаматтарға, лауазымды адамдарға, ұйымдарға, қоғамдық бірлестіктерге нұсқамалар жібереді;

12) жаңа тарих және мәдениет ескерткіштерін салуға бақылауды жүзеге асырады.

20-бап. Қазақстан Республикасының архивтерді және құжаттаманы мемлекеттік басқару органының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының архивтерді және құжаттаманы мемлекеттік басқару органы :

1) тарихи-мәдени мұраға қатысты тарих және мәдениеттің деректі ескерткіштерінің, сирек қолжазбалардың қорларын қалыптастыруға қатысады;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтерінің тарих және мәдениеттің сирек қолжазбаларын, деректі ескерткіштерін анықтау мен жинау, оларды есепке алу, қорғау, реставрациялау, пайдалану және насихаттау жөніндегі жұмысына басшылық етуді ;

3) мемлекеттік архивтерде тұрмаған тарих және мәдениеттің сирек қолжазбаларының, деректі ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз етуге бақылауды жүзеге асырады ;

4) мамандардың, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, ғалымдардың және басқа да зерттеушілердің мемлекеттік архивтердегі тарих және мәдениеттің сирек қолжазбаларын, деректі ескерткіштерін зерттеуіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.";

14) 21-бап алып тасталсын;

15) 22 - бапта :

бірінші бөліктегі "ескерткіштерді" деген сөз "тарих және мәдениет ескерткіштерін" деген сөздермен ауыстырылсын; "ескерткіштерді қорғайтын мемлекеттік органдарға" деген сөздер "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында азаматтар, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер оларға қамқорлық белгілеуге құқылы.";

16) 23-бапта "мемлекеттік органдармен" деген сөздер "уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 24-баптың үшінші абзацы алып тасталсын;

18) 25-бап алып тасталсын;

19) 26 - 28-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер санаттарына жатқызу

Тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды және қорғауды тиімді ұйымдастыру мақсатында ескерткіштер мынадай санаттарға бөлінеді:

1) ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мәдени және Табиғи Мұра тізіміне енген халықаралық маңызы бар тарихи, ғылыми, сәулеттік, көркемдік, мемориалдық тұрғыдан құнды тарих және мәдениет ескерткіштері;

2) бүкіл еліміздің тарихы мен мәдениеті үшін айрықша маңызы бар, тарихи, ғылыми, сәулет, көркемдік және мемориалдық тұрғыдан құнды республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері;

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тарихы мен мәдениеті үшін айрықша маңызы бар, тарихи, ғылыми, сәулет, көркемдік және мемориалдық тұрғыдан құнды жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері.

27-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін бекіту тәртібі

ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мәдени және Табиғи Мұра тізіміне енгізу үшін ұсынылатын тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізбесін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынады.

Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның келісуімен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

28-бап. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның арнаулы комиссиясын құрудың тәртібі және оның құрамы

Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану туралы, сондай-ақ оларды мәртебесінен айыру туралы қорытындыны әзірлеу үшін тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган уәкілетті комиссиялар құрады, олардың құрамына ғалымдар, мамандар, мәдениет пен өнер қайраткерлері, шығармашылық одақтар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енеді.";

20) 29 - бапта :

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қала құрылысы және сәулет ескерткіштерін, қалалар мен басқа да елді мекендердің тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану режимі тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану ережелеріне сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бекітетін оларды қорғау аймағы жобаларында айқындалады.";

21) 30-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын үйлер, ғимараттар тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен алдын ала келісім бойынша, олар аумақтарында орналасқан облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша пайдалануға беріледі.";

22) 31-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

23) 32-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарих және мәдениет ескерткіштерін оның санатына қарай пайдалану құқығынан

айыру, егер тарих және мәдениет ескерткішін пайдалану туралы шартта өзгеше көзделмесе, тарих және мәдениет ескерткіштерін меншік иесінің немесе тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының өтініші негізінде соттың шешімімен ғана жүзеге асырылады.";

24) 33-бапта "қозғалмайтын" деген сөз алып тасталсын;

25) 34-бап мынадай редакция жазылсын:

"34-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, реставрациялау, консервациялау

Тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, реставрациялау, консервациялау ескерткіштерді қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келіскеннен кейін және соның бақылауымен ғана жүзеге асырылады. Тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, реставрациялау, консервациялау бюджет қаражаты, инвестициялар тарту есебінен, сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштерін меншік иелері мен пайдаланушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, реставрациялау, консервациялау жөніндегі жұмыстарды тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган беретін, осы қызметпен айналысуға құқық беретін лицензиялар және (немесе) арнайы рұқсат негізінде мамандандырылған ғылыми-реставрациялық ұйымдар, басқа да ұйымдар мен азаматтар жүргізеді.

Ғылыми-реставрациялық және басқа ұйымдар мен азаматтарды тиісті жұмыстар жүргізуге шарттар негізінде тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері немесе пайдаланушылар тартады.";

2 6) 3 5 - б а п т а :

тақырыбындағы "ескерткіштерді қорғау органдарымен" деген сөздер " тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мәтіндегі "ескерткіштерді қорғайтын мемлекеттік органдармен, жергілікті өкімет органдарымен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясымен" деген сөздер "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 7) 3 6 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Күзет аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тиісті жергілікті атқарушы органдары айқындайды.";

үшінші бөліктегі "ескерткіштерді қорғайтын тиісті органдардың" деген сөздер "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі "жергілікті өкімет органының" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 38-баптың үшінші бөлігіндегі "тиісті мемлекеттік орган ескерткіштерді" деген сөздер "уәкілетті орган тарих және мәдениет ескерткіштерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 39-баптың екінші бөлігіндегі "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

3 0) 4 0 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "рұқсат (ашық парақ)" деген сөздер "рұқсат құжаттары және (немесе) лицензиясы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында тарих және мәдениет ескерткіштерінің археологиялық және реставрациялау жұмыстарына рұқсат құжаттарын және (немесе) лицензияны облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган береді.";

3 1) 4 2 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі "Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану туралы заңдардың" деген сөздер "Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраларды қорғау туралы заңдарының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарих және мәдениет ескерткішіне немесе оның қорғау аймағына зиян келтірген азаматтар, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктер тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын қалпына келтіруге, ал бұл мүмкін болмаған кезде келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өтеуге міндетті. Тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын қалпына келтіру тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның бақылауымен жүзеге асырылады.";

3 2) 4 3 - б а п т а :

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары;

тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган;"

төртінші абзацтағы "архивтерін" деген сөзден кейін "және деректемелерін" деген сөздермен толықтырылсын;

33) IX-бөлім алып тасталсын.

13. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1999 ж., N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат, N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 51-құжат; N 19-20, 147-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - V" деген цифрлар тиісінше "1 - 5" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 11-баптың 1-тармағындағы "республикалық" деген сөз алып тасталсын.

14. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 1, 1-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат):

1) тақырыбында орыс тілінде түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді ;

2) 1 9 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "адамдардың" деген сөз "Қазақстан Республикасы азаматтарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік "Шетелдіктер" деген сөзден кейін "мен азаматтығы жоқ адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 2 1 - б а п т а :

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Карантин тәртібін енгізе отырып карантин аймағын белгілеу немесе оның күшін жою туралы шешімдерді :

1) екі немесе одан да көп облыстар аумағында - Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і ;

2) облыс, аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында - облыстың жергілікті атқарушы органы қабылдайды. " ;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Карантин белдеуінің ветеринарлық тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады. ";

4) 6-тараудың тақырыбындағы "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы, сондай-ақ" деген сөздер ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 2 3 - б а п т а :

тақырыбындағы ", Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын;

6) 2 4 - б а п т а :

2-тармақтың 1) тармақшасы "шетелдіктер" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының азаматтарына," деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстанда үнемі тұрмайтын Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекаралық аймаққа кіруге құқық беретін құжаттарды ресімдейді;"

4) тармақшада "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жөніндегі іс-шаралар жүргізуде," деген сөздер алып тасталсын;

5) тармақшада "адамдардың баруын" деген сөздер "Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың баруын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады."

15. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы" 1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 1, 3-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат):

1) 5-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шекара қызметінің жұмысын қаржыландыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарын қамтуға көзделген бюджет қаражаты шегінде жүзеге асырылады.";

2) 6-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

16. "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1993 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 32-

құжат; N 18, 429-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; N 22, 133-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 920-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2003 ж., N 15, 135-құжат):

1) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - IV" деген цифрлар тиісінше "1 - 4" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 12-баптың үшінші бөлігіндегі "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 14-баптың он бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Аталған жағдайларда соттың немесе жоғары тұрған қолбасшылықтың шешімі бойынша әскери қызметшілердің қызметтік, зейнеткерлік және басқа да жеке әрі мүліктік құқықтары қалпына келтіріледі әрі келтірілген зиян оны келтірген кінәлі тұлғалардың есебінен немесе бюджет қаражатының есебінен қалпына келтіріледі."

17. "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 507-құжат; 1995 ж., N 23, 146-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 10, 56-құжат):

1) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - IV" деген цифрлар тиісінше "1 - 4" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 6-баптағы "республикалық бюджет қаржылары" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 7-баптағы "жанынан Ономастика комиссиясы құрылады" деген сөздер "және облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) атқарушы органдар жанынан ономастикалық комиссиялар құрылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Әкімшілік-аумақтық бірліктерді есепке алу мен тіркеу, оларды есепті деректерден шығару

Тұрақты халқының саны елу адамнан асатын және дербес елді мекендер деп саналатын қоныстар есепке алынады және тіркелуге жатады.

Қызметтік мақсаттағы объектілер болып табылатын жалғыз үйлер, фермалар, қоныстар (орманшылардың, жол қараушылардың, жол шеберлерінің үйлері, зайымкелер, қыстаулар, дала қостары, метеостансалар және т.б.) әкімшілік немесе аумақтық тұрғыдан байланысты елді мекендер құрамында есепке алынады.

Қалалардың, кенттердің немесе ауылдардың (селолардың) құрамына енгізілген және олардың бір бөлігіне айналған елді мекендер, сондай-ақ тұрғындарының бәрі кетіп қалған немесе қоныс аударған қоныстар дербес әкімшілік-аумақтық бірліктер мәртебесінен айырылады және есепті деректерден шығарылады.";

5) 10-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

6) 1 1 - б а п т а :
б і р і н ш і б ө л і к т е :

3) тармақшадағы "жергілікті" деген сөз "аудандық (облыстық маңызы бар қаланың)" деген сөздермен ауыстырылсын; "органдардың" деген сөз "органдарының" деген сөзбен ауыстырылсын; ауылдық (селолық) округтерді, поселкелерді, ауылдарды (селоларды)" деген сөздер "кенттерді, ауылдарды (селоларды), ауылдық (селолық) округтерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) тиісті аумақтағы халықтың пікірін есепке ала отырып және аудандардың жергілікті өкілді органдарының ұсыныстары бойынша кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің атаулары және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту мәселелерін шешеді.";

екінші бөліктегі "және қалалық" деген сөздер "(облыстық маңызы бар қаланың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 1 2 - б а п т а :

б) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аудандық атқарушы органдар аудан шекараларындағы қазіргі және жаңадан құрылатын елді мекендерді есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды есепті деректерден шығарады.";

8) 1 3 - б а п т а :

2) тармақшадағы "республикалық маңызы бар қалалардың" деген сөздер "республикалық маңызы бар қаланың, астананың" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, тұйық көшелердің, саябақтардың, скверлердің, көпірлердің және қаланың басқа да құрамды бөліктерінің атауы және оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын өзгерту жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді.".

18. "Жедел-іздістіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 13-14, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 4, 32-құжат; N 15, 147-құжат; N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат):

1) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - VII" деген цифрлар тиісінше "1 - 7" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 20-бапта "республикалық және жергілікті бюджеттерден" деген сөздер алып тасталсын, "бөлінетін қаржы" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Жедел-ізвестіру қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Жедел-ізвестіру қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады."

19. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат; 2001 ж., N 23, 309, 321-құжаттар, N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат):

1) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - V" деген цифрлар тиісінше "1 - 5" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 2-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының көлік туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады."

3) 3 - б а п т а :

бірінші және екінші бөліктер алып тасталсын;

төртінші бөліктегі "үшінші" деген сөз "бірінші" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші бөлік алып тасталсын;

4) 6 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "Көлікті" деген сөзден кейін "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

үшінші абзацтағы "мемлекетаралық және" деген сөздер алып тасталсын;

бесінші абзацтағы "мемлекеттік ұлттық" және ", сондай-ақ кадрлар даярлау" деген сөздер алып тасталсын;

сегізінші абзацтағы "республиканың мемлекеттік мұқтажының" деген сөздер "мемлекеттің" деген сөзбен ауыстырылсын, "және оларды уақтылы сапалы қамтамасыз ету" деген сөздер алып тасталсын;

5) 8-баптың бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" деген сөздермен ауыстырылсын; "заң және қалыптық құжаттарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 9-баптың төртінші бөлігіндегі "басқару органдары" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 20-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

8) 21-баптың төртінші бөлігінің екінші сөйлемі алып тасталсын;

9) 23-баптың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Айрықша жағдайларда бұларға геология мен жер қойнауын қорғаудың уәкілетті мемлекеттік органының рұқсаты бойынша жол беріледі.";

10) 24-бап алып тасталсын;

1 1) 2 5 - б а п т а :

тақырыбындағы "жұмысын" деген сөз "саласындағы" деген сөзбен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі "Өздерінің тиістілігі мен меншік нысандарына қарамастан, тасымалдаушылардың көлік құралдарын пайдалану кезінде көлік заңдарын" деген сөздер "Көлік құралдарын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының көлік туралы заңдарының" деген сөздермен, "талаптарын орындауды" деген сөздер "талаптарының сақталуын" деген сөздермен ауыстырылсын; "көлік саласын мемлекеттік басқару органы" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2) 2 6 - б а п т а :

баптың тақырыбындағы "мемлекетаралық" деген сөз "халықаралық" деген сөзбен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі "Көлік саласын мемлекеттік басқару органы" деген сөздер " Уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік алып тасталсын.

20. "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" 1994 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 16-17, 212-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 23, 921-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жасырын тексеру - адамның жеке басын анықтамай, АҚТҚ жұқтыруын медициналық тексеру;

2) АҚТҚ - адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы;

3) АҚТҚ инфекциясы - АҚТҚ-дан туындаған ауру;

4) АҚТҚ инфекциясын жұқтырушы - АҚТҚ жұқтырған адам;

5) ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеуді жүзеге асыратын ұйымдар - негізгі қызметі халыққа медициналық көмек пен медициналық қызмет көрсету болып табылатын медициналық ұйымдар;

6) ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыруды жүзеге асыратын органдар - өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ЖҚТБ-ның алдын алу жөніндегі мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламаларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары;

7) ЖҚТБ - жұқтырылған қорғаныш тапшылығы белгісі - адамның қорғаныш жүйесінің АҚТҚ-дан қатты зақымдануынан болған патологиялық белгілер байқалатын АҚТҚ инфекциясының соңғы сатысы;

8) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - денсаулық сақтау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.";

2) 2-бап алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2, 2-3, 3-1 және 3-2-баптармен толықтырылсын:

"2-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды;

2) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы бағдарламаларды бекітеді;

3) орталық атқарушы органдардың АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

2-2-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикада ЖҚТБ індеті таралуынан сақтандыру жөніндегі ұсыныстар енгізеді;

3) ЖҚТБ ауруының алдын алу саласында нормативтік құқықтық актілер әзірлейді және бекітеді;

4) ЖҚТБ ауруының алдын алу мен емдеу бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіреді;

5) салааралық үйлестіруді, сондай-ақ мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

6) АҚТҚ инфекциясын тіркеу, ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу мәселелері бойынша есепке алудың, есептіліктің тәртібін және құжаттама нысандарын айқындайды;

7) ЖҚТБ-ға қарсы күрес саласындағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру мониторингін ұйымдастырады;

8) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

9) АҚТҚ инфекциясын эпидемиологиялық қадағалауды және алдын алу мен емдеу іс-шараларының мониторингін жүзеге асырады;

10) АҚТҚ-ның жұғуын құпия медициналық куәландыру тәртібін айқындайды.

2-3-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының құзыреті

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары :

1) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы өңірлік бағдарламаларды бекітеді;

2) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы жұмыстың жай-күйі туралы жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың ақпаратын тыңдайды .

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары :

1) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы өңірлік бағдарламаларды әзірлейді;

2) ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады ;

3) өңірде ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеуді қамтамасыз ету жөнінде шешімдер қабылдайды ;

4) өңірлік бағдарламаларды іске асыру мониторингін ұйымдастырады;

5) салааралық үйлестіруді, сондай-ақ өңірлік бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

6) мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.";

"3-1-бап. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталықтың құзыреті

ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық:

1) республикада АҚТҚ инфекциясын эпидемиологиялық қадағалауды және алдын алу іс-шараларын жүзеге асырады ;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді, есепке алу мен есептілік нысандарын әзірлеуге қатысады;

3) ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады ;

4) бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастырады ;

5) ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі өңірлік орталықтарға, республикалық медициналық ұйымдарға ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеуді

ұйымдастыруға қатысты өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

6) АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді;

7) АҚТҚ инфекциясын зертханалық зерттеулердің сапасын тексеруді жүзеге асырады;

8) дәрігерлерді, орта медицина қызметкерлерін мамандандыру мен олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыруға қатысады;

9) АҚТҚ инфекциясы мен ЖҚТБ-ға ұқсас инфекцияларды зертханалық зерттеулерді жүзеге асырады.

3-2-бап. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі өңірлік орталықтардың құзыреті

ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі өңірлік орталықтар:

1) халықтың түрлі топтары үшін алдын алу жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді;

2) АҚТҚ-ны жұқтырған адамдарға, ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарға, халықтың түрлі топтарына медициналық, консультациялық көмек көрсетеді;

3) мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға ЖҚТБ-ның алдын алу мәселелері бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

4) АҚТҚ инфекциясын диагноз қоюды, иммунологиялық, басқа да зертханалық зерттеу түрлерін жүзеге асырады;

5) ЖҚТБ індетінің алдын алу жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеуге қатысады;

6) өңірлік бағдарламаларды іске асыру мониторингін жүргізеді;

7) өңірде АҚТҚ инфекциясын эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

8) халық арасында ЖҚТБ-ның алдын алу жөніндегі санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізуді жүзеге асырады.";

4) 4-бапта "республикалық және жергілікті бюджеттер," деген сөздер "бюджет қаражаты, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. "Жеке тұрғын үй құрылысы туралы" 1994 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 20, 248-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 209-құжат):

1) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - IV" деген цифрлар тиісінше "1 - 4" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 2-баптың бірінші бөлігінде "осы Заңның 4-бабындағы 4-ші бөлігінде аталған шектеулер ескеріле отырып," деген сөздер "Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 3-баптың бірінші бөлігінде "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер " республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 4 - б а п т а :

екінші бөлікте "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші және төртінші бөліктер алып тасталсын;

б е с і н ш і б ө л і к т е :

бірінші сөйлемде "жергілікті атқарушы органға өтініші" деген сөздер " республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына өтініш" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем алып тасталсын;

5) 5-баптың бірінші бөлігінде "жергілікті атқарушы органдардан" деген сөздер " республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 6-баптың төртінші бөлігінде "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер " республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 8 - б а п т а :

тақырыбында "Жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке тұрғын үй құрылысын салу ережелеріне сәйкес республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары:";

төртінші абзацта "жергілікті" деген сөздер "аудандық (қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) II бөлімнің тақырыбында "салық және" деген сөздер алып тасталсын;

9) 9-бапта ", республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары" деген сөздер алып тасталсын;

1 0) 1 0 - б а п т а :

тақырыбында "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

бірінші бөлік "шарттармен" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші - төртінші бөліктер алып тасталсын;

11) 11-баптың бірінші бөлігінде "республикалық және жергілікті бюджеттердің," деген сөздер "бюджет қаражаты," деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2) 1 6 - б а п т а :

бірінші бөлікте "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші және төртінші бөліктер алып тасталсын.

22. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы N 2126 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 1-2, 19-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібін белгілейді.";

3) мәтінде "Жарлықты", "Жарлықпен", "Жарлықтың", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Заңды", "Заңмен", "Заңның", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын; мәтінде "жергілікті атқарушы органға", "жергілікті атқарушы органда", "Жергілікті атқарушы орган", "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер тиісінше "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына", "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органында", "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы", "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 10, 123-құжат; 2003 ж., N 15, 138-139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 16, 91-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - XIII" деген цифрлар тиісінше "1 - 13" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 8-баптың ф) тармақшасындағы "заңдарына сәйкес" деген сөз "заңдарында көзделген" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 15-баптың е) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"е) қызметінің бірден-бір түрі қолма-қол шетел валютасын айырбастау операцияларын жүргізу болып табылатын уәкілетті ұйымдарға шетел валютасын айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілетін лицензияны қоспағанда, осы Заңда көзделген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия беру, оның қолданылуын тоқтата тұру және лицензияны қайтарып алу туралы шешімдер қабылдау;"

24. Қазақстан Республикасы Президентінің "Тауар биржалары туралы" 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2170 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 26-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 143-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе алып тасталсын;

3) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - IV" деген цифрлар тиісінше "1 - 4" деген цифрлармен ауыстырылсын; "Жарлықты", "Жарлықтың", "Жарлыққа", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Заңды", "Заңның", "Заңға", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын; "Министрлер Кабинеті", "Министрлер Кабинетіне" деген сөздер тиісінше "Үкіметі", "Үкіметіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 14-баптың 2-тармағының бірінші абзацында "Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия" деген сөздер "тауар биржалары жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 17-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Биржалық сауданың үлгі ережелерін тауар биржалары жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.";

6) 23-бапта "республикалық комиссия" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 2 4 - б а п т а :

тақырыбында "республикалық комиссияның" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар биржалары жөніндегі уәкілетті органның функциялары:";

8) 2 5 - б а п т а :

тақырыбында "республикалық комиссияның өкілеттігі" деген сөздер "уәкілетті органның құқықтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 және 2-тармақтарда "республикалық комиссия", "Республикалық комиссияға" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "Тауар биржалары жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 26-баптың алтыншы және жетінші абзацтарында "республикалық комиссияға", "республикалық комиссияның" деген сөздер "уәкілетті органға", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. Қазақстан Республикасы Президентінің "Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы" 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2184 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 32-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе алып тасталсын;

3) мәтінде "Жарлықты", "Жарлықтың", "Жарлық" деген сөздер "Заңды", "Заңның", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 3 - б а п т а :

бірінші бөлікте "денсаулық сақтау мекемелері" деген сөздер "мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте "денсаулық сақтау органына" деген сөздер "денсаулық сақтау саласын басқару органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 4-баптың бірінші бөлігінде "денсаулық сақтау органдары" деген сөздер "мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 6-бап "Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Үкіметі" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 8-баптың бірінші бөлігінде "осы мекемелерден" деген сөздер "мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелерінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелерінен шыққан адамдарды жұмысқа және тұрмыстық орналастыру

Мамандандырылған емдеу-алдын-алу мекемелерінен шыққан адамдарды жұмысқа және тұрмыстық орналастыру тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады және аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың), республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жүктеледі";

9) 10-баптағы "Прокуратурасы" деген сөз "прокуратура органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

26. Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 заң күші бар

Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 45-құжат; N 14, 98-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 925-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға әлеуметтік кепілдіктер берудің ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық негіздерін белгілейді, сондай-ақ олардың құқықтық мәртебесін айқындайды.";

3) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - IV" деген цифрлар тиісінше "1 - 4" деген цифрлармен ауыстырылсын; "Жарлықты", "Жарлықтан", "Жарлықтың", "Жарлық", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заңды", "Заңнан", "Заңның", "Заң", "Заңда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 17-баптың бірінші бөлігіндегі "республикалық және жергілікті бюджеттердің" деген сөздер "бюджет қаражатының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 20-бапта "әкімдер" деген сөз "өкілді органдардың шешімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың әкімдері" деген сөздермен ауыстырылсын.

27. "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 76-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-құжат; 1999 ж., N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 6, 34-құжат; N 11, 56-құжат; "Егемен Қазақстан" газетінде 2004 жылғы 11 желтоқсанда және "Казахстанская правда" газетінде 2004 жылғы 8 желтоқсанда жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8) - 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) әрбір жер қойнауын пайдаланушының бірдей қол жеткізу принциптеріне сүйеніп, магистральдық құбырлар мен темір жол эстакадаларының қуатын пайдалануды бекітеді.

Бұл ретте өздерінің ресурстарын тасымалдау үшін балама техникалық мүмкіндігі жоқ (автокөліктен басқа) жер қойнауын пайдаланушылар нақты үлгідегі (түрдегі) көлік жүйесіне кірудің басым құқығын пайдаланады;

9) жер қойнауын пайдаланушылар үшін техникалық-экономикалық негіздеме қабылданған мұнай өткізудің есептеу бағалары шегінде, келісім-шартқа қол қою

кезіндегі техникалық-экономикалық негіздеменің экономикалық көрсеткіштерін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының ішкі нарығына қайта өңдеу үшін шикі мұнай жеткізу көлемін анықтайды;

10) осындай қажеттілік болған жағдайда ішкі нарықтың жанар-жағар май материалдарына мұқтаждығын жабуға қажетті көлемде, Қазақстан Республикасының ішкі нарығында қайта өңдеуге арналған мұнайдың көлемін графиктермен (жылдық және ай сайынғы) белгілейді.";

2) 7 - б а п т а :

тақырыбы мен бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдардың құзыреті

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдар:";

3) 8-2-баптың 3-тармағында: "Теңізде Мұнайгаз құбырларын Салуға" деген сөздер " Теңіз түбін онда мұнай операцияларын жүргізу үшін пайдалануға" деген сөздермен ауыстырылсын; "тиісті мемлекеттік" деген сөздер "жер ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 30-баптың 5-тармағында "Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органы жүргізетін" деген сөздер "Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясында" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 30-2-баптың 2-тармағында "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органда" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 43-баптың 3-тармағында "жергілікті өкілді және" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын.

28. "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 118-құжат; N 23, 142-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184, 190-құжаттар; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 13-14, 144-құжат):

1) 1-баптың екінші бөлігіндегі "банктерде" деген сөз алып тасталсын;

2) 19-баптың алтыншы бөлігіндегі "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

3) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің жұмысын қаржыландыру

Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің жұмысы бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады."

29. "Республикалық ұлан туралы" 1995 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 139-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж.,

N 12, 184, 190-құжаттар; 1998 ж., N 11-12, 174-құжат; N 24, 436-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2004 ж., N 1, 2-құжат):

1) 1 - б а п т а :

екінші бөліктегі "банктерде" деген сөз алып тасталсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

2) 11-баптың 1-тармағының 8) тармақшасындағы "құқығы беріледі" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Республикалық ұланды материалдық-техникалық қамтамасыз ету тәртібі мен нормаларын айқындау жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу құқығы беріледі.";

3) 18-баптың 3-тармағында "кепілдіктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеуі мүмкін" деген сөздер "кепілдіктері Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Республикалық ұланды материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Республикалық ұланды материалдық-техникалық қамтамасыз етудің тәртібі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

5) 22-бап алып тасталсын.

30. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе алып тасталсын;

3) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - XV" деген цифрлар тиісінше "1 - 15" деген цифрлармен ауыстырылсын; "Жарлықты", "Жарлықта", "Жарлықпен", "Жарлық", "Жарлықтың" деген сөздер тиісінше "Заңды", "Заңда", "Заңмен", "Заң", "Заңның" деген сөздермен ауыстырылсын; "әуе қозғалысына қызмет көрсетуші органдар", "әуе қозғалысына қызмет көрсетуші органның", "әуе қозғалысына қызмет көрсетуші орган", "әуе қозғалысына қызмет көрсетуші органға" деген сөздер тиісінше "аэронавигациялық ұйымдар", "аэронавигациялық ұйымның", "аэронавигациялық ұйым", "аэронавигациялық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1 - б а п т а :

он бесінші бөлік алып тасталсын;

о н а л т ы н ш ы б ө л і к т е :

бірінші абзацта орыс тілінде түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

а) тармақшасындағы "екі" деген сөзден кейін "немесе одан да көп" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аэронавигациялық ұйым - әуе қозғалысына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, аэронавигациялық және метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз ететін ұйым.";

отыз екінші бөлікте орыс тілінде түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

5) 4 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "заң актілерімен, осы Жарлықпен белгіленген құзыреті шегінде мемлекеттік басқару органдары шығарған нормативтік құқықтық актілермен" деген сөздер "нормативтік құқықтық актілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.";

6) 5 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Осы Заңның қолданылу саласы";

бірінші бөлікте "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Жарлығы" деген сөздер "Осы Заң" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Әуе кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау

Әуе кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады, ол өз құзыреті шегінде азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті азаматтық авиация саласындағы ережелерді, нұсқауларды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді шығарады, олардың орындалуын бақылайды, мемлекеттік органдармен бірлесіп, олардың құзыретіне сәйкес авиациялық іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің өзара іс-қимылын аталған мемлекеттік органдардың шешімімен құрылған Ведомствоаралық комиссия жүзеге асырады.";

8) 12-бапта "орыс тілінде" деген сөздер "мемлекеттік тілде және (немесе) орыс тілінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 13-баптың к) тармақшасы алып тасталсын;

10) 14-баптың бірінші бөлігінде "әуе кеңістігін пайдалану және әуе қозғалысын басқару жөніндегі мемлекеттік орган" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 15-баптың бірінші бөлігінде "әуе кеңістігін пайдалану және әуе қозғалысын басқару жөніндегі мемлекеттік органмен" деген сөздер "аэронавигациялық ұйыммен" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 16-баптың үшінші бөлігінде "органдар" деген сөз "уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі өз құзыретіне сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 17-баптың бірінші бөлігінде "әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің сақталуына бақылау жасайтын органдардың" деген сөздер "уәкілетті органның және (немесе) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 18-баптың төртінші және бесінші бөліктерінде "әуе кеңістігін пайдалану және әуе қозғалысын басқару жөніндегі мемлекеттік" деген сөздер "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

15) 25-бап "жағдайда" деген сөзден кейін "уәкілетті орган оны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын; "танылады" деген сөз "таниды" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 26-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
"Азаматтық және мемлекеттік әуе кемелері міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жатады. Азаматтық әуе кемелерін уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне тіркейді. Мемлекеттік әуе кемелерін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әуе кемелерінің тізіліміне тіркейді.";

17) 30-баптың жетінші бөлігінде "сертификаты немесе соларға ұқсас құжаттар танылады" деген сөздер "сертификатын немесе соларға ұқсас құжаттарды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен таниды" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 31-2-баптың екінші бөлігінде "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

1 9) 4 3 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"43-бап. Әуе кемесінің аэронавигациялық ұйыммен радиобайланысы";

екінші бөлікте "оның ұшуына диспетчерлік қызмет көрсетуші орган" деген сөздер "аэронавигациялық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 44-баптың екінші сөйлеміндегі ", ал адамдар өмірін сақтап қалу үшін ұшып өту қажет болғанда және өзге де ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің

шешімі бойынша" деген сөздер "немесе адамдар өмірін сақтап қалу үшін ұшып өту қажет болғанда, ал өзге де ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 52-баптың екінші бөлігінде "министрліктің, мемлекеттік комитеттің" деген сөздер "мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 2) 5 8 - б а п т а :

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөлікте "министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, ұйымдар" деген сөздер "өз құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдардың, сондай-ақ авиакомпаниялардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 96-баптың төртінші бөлігінде "уәкілетті" деген сөз алып тасталсын;

24) 100-баптың екінші бөлігінде "Мемлекеттік авиация органдарының" деген сөздер "Уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 101-баптың 1-тармағында "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығына", "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығын" деген сөздер тиісінше "осы Заңға", "осы Заңды" деген сөздермен ауыстырылсын.

31. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 223 , 247-құжаттар; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж ., N 12, 82-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - VIII" деген цифрлар тиісінше "1 - 8" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 4-баптың төртінші бөлігінде "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ішкі" деген сөздер "Ішкі" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 4 - 2 - б а п т а :

бірінші бөлікте "өзге де міндеттерді" деген сөздер "лицензиялау мен рұқсат ету қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

4) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Ішкі істер министрлігінің және оның аумақтық органдарының құзыреті

1. Ішкі істер министрлігі:

1) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес

саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) криминалдық, әкімшілік полициясы және ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің, ішкі әскерлердің, әскери-тергеу органдарының, әскери, арнаулы полицияның және көліктегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

3) қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

4) ішкі істер органдары жүйесінде бірыңғай мемлекеттік кадр саясатының іске асырылуын қамтамасыз етеді;

5) халықаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындайды;

6) қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмысқа қарсы күресті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлейді;

7) Ішкі істер министрлігінің қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік құжаттарын әзірлейді және бекітеді;

8) өз қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

9) ішкі істер органдарында іс жүргізудің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

10) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды және қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында құпиялылық режимінің сақталуына ведомстволық бақылауды қамтамасыз етеді;

11) криминалдық, әкімшілік полициясының және полицияның өзге де қызметтерінің, сондай-ақ ішкі әскерлердің, әскери полиция мен әскери-тергеу органдарының, арнаулы полицияның, көліктегі ішкі істер органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды;

12) ішкі істер органдарының жұмылдыру даярлығы бойынша, бейбіт уақытта төтенше жағдайлар туындаған кезде және соғыс уақытында олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, ішкі істер органдары арнаулы бөлімшелерінің толық және дер кезінде жұмылдыруға тұрақты даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

13) ішкі істер органдарының жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге құқығы бар бөлімшелері мен қызметкерлерін бақылауды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

15) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беру ережелерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

16) полиция органдары бөлімшелерінің режимдік және ерекше қорғалатын объектілердегі қызметін қамтамасыз етеді;

17) авариялардың, өрттің, апатты жағдайлардың зардаптарын жою кезінде және басқа да төтенше жағдайларда қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырады, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

18) арнаулы және әскери тасымалдарды ұйымдастырады;

19) қылмыстық процеске қатысушылар мен өзге де адамдар өмірінің, денсаулығының, абыройы мен беделінің және мүлкінің қорғалуын бақылауды жүзеге асырады;

20) жергілікті ішкі істер органдары, ішкі әскерлер басшыларының және ұйымдар басшыларының кәсіби біліктілігіне аттестаттау жүргізеді;

21) лауазымдар санаттары бойынша үлгілік біліктілік талаптарын, ішкі істер органдарының номенклатурасын, олардың қызметі туралы ережелерді, лауазымдар мен мамандықтар номенклатурасын, ішкі істер органдарының құрылымын, үлгі штаты мен штаттық нормативтерін, жүктелім көлемінің нормативтерін әзірлеп, бекітеді және ішкі істер органдары қызметкерлері мен қызметшілерінің деңгейін айқындайды;

22) ішкі істер органдарының жүйесі үшін кадрларды даярлау мен оқытуды ұйымдастырады;

23) ведомстволық ғылымды дамытуды қамтамасыз етеді және қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы ғылыми қызметті үйлестіреді;

24) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы республикалық ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

25) ішкі істер органдарын қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

26) ішкі істер органдары жүйесін жарақтандыруды қамтамасыз етеді;

27) іздестіру, тергеу және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де іс жүргізу кезінде соттардың ұйғарымдарын, судьялардың қаулыларын, прокурордың, тергеушілердің, алдын ала жауап алушылардың жазбаша тапсырмаларын орындауды жүзеге асырады;

28) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырылуын үйлестіреді, көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу мен есепке алу, оларға мемлекеттік техникалық тексеру жүргізу, оларды пайдаланушы адамдарды, соның ішінде сенімхат бойынша пайдаланушы адамдарды тіркеу мен есепке алу, емтихан қабылдау және жүргізу құқығына арналған куәліктер беру тәртібін айқындайды, көлік құралдарының жекелеген түрлерін жол қозғалысына қатысуға жібереді және оларды жүргізуге құқық береді;

29) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласында, сондай-ақ ішкі істер органдарының қарауына жататын өзге де мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

30) режимдік, ерекше қорғалатын объектілерді және мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді күзетуді қамтамасыз етеді;

31) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмысты ашуды және тергеуді, алдын ала жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып жүрген адамдарды, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асырады;

32) ішкі істер органдары жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

33) соттарда, өзге де мемлекеттік органдарда министрліктің мүддесін қорғауды және жергілікті жерлерде осы жұмысты үйлестіруді қамтамасыз етеді;

34) сол министрліктің ішкі әскерлерінің қамауға алынғандар мен сотталғандарды күзетуін және айдап алып жүруін бақылауды жүзеге асырады;

35) ішкі істер органдары арнаулы мекемелерінің қызметін ұйымдастыруды және бақылауды, сондай-ақ айдап алып жүруді жүзеге асырады;

36) Қазақстан Республикасының көшіп кету мен көшіп келу саласындағы заңдарының сақталуын ведомстволық бақылауды және азаматтық мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастырады;

37) халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысады, құқықтық тәртіптің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

38) күзет қызметі саласында, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждау, жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жеке және Заңды тұлғалардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және көліктегі ішкі істер органдары :

1) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді;

3) криминалдық, әкімшілік полициясы мен ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің қызметін бақылауды, сондай-ақ ішкі әскерлер бөлімдерін, бөлімшелерін жедел басқаруды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөнінде шаралар қолданады және қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық құжаттардың орындалуын қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

5) ішкі істер органдарының бөлімшелерін кадрлармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

6) ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметкерлері мен қызметшілерін аттестаттаудан өткізеді;

7) өз қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

- 8) ішкі істер органдарының бөлімшелерін жарақтандыруды қамтамасыз етеді;
- 9) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында өңірлік ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- 10) халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысуды қамтамасыз етеді, құқықтық тәртіптің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;
- 11) ішкі істер органдары бөлімшелерінің жұмылдыру даярлығы бойынша, бейбіт уақытта төтенше жағдайлар туындаған кезде және соғыс уақытында олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, ішкі істер органдары арнаулы бөлімшелерінің толық және дер кезінде жұмылдыруға тұрақты даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларын орындалуын қамтамасыз етеді;
- 12) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен, ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен өзара іс-қимыл жасайды;
- 13) мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді күзетуді, күзет қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды, жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілердің қызметін бақылауды қамтамасыз етеді;
- 14) өңірдегі қылмыстың алдын алу мен оған қарсы күрестің жай-күйі туралы тұрғын халықты хабардар етеді;
- 15) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмысты ашуды және тергеуді, сондай-ақ алдын ала жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып жүрген адамдарды, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асырады;
- 16) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;
- 17) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беру ережелерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 18) тікелей облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) басқару деңгейіне жататын бөлімшелердің күшімен тиісті әкімшілік бірлік аумағында қоғамдық тәртіпті сақтауды және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 19) жол қозғалысы ережелері мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын өзге де нормативтердің сақталуын, көлік құралдарының жекелеген түрлерінің мемлекеттік техникалық тексеруден өтуін бақылауды жүзеге асырады, оларды мемлекеттік тіркеу және есепке алу арқылы жол қозғалысына қатысуға жібереді, көліктерді пайдаланушы адамдарды, соның ішінде сенімхат бойынша пайдаланушы адамдарды тіркейді және есепке алады, емтихан қабылдайды және көлік құралдарын басқару құқығына арналған куәліктер береді, жол қозғалысын реттейді;

20) ішкі істер органдары ұстаған, қамауға алған адамдарды айдап алып жүруді қамтамасыз етеді;

21) уақытша ұстау оқшау бөлмелерінің, әкімшілік қамауға алынған адамдарға арналған арнаулы қабылдау орындарының, белгілі тұрғылықты орны және құжаттары жоқ адамдарға арналған арнаулы қабылдау-бөлу орындарының, қызмет жануарларына арналған питомниктердің жұмыс істеуін және оларға бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

22) медициналық айықтырғыштарда, кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарында ұсталатын адамдардың жағдайын қамтамасыз етеді;

23) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

24) халықаралық шарттар негізінде ішкі істер органдарының қарауына жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

25) заңсыз көші-қонның алдын алу, азаматтық, көшіп кету, көшіп келу, шетелдіктермен жұмыс мәселелерін қарау жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

3. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ішкі істер органдары:

1) қылмыстарды анықтайды, олардың алдын алады, жолын кеседі, ашады және тергейді, ішкі істер органдарының қарауына жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асырады, қылмыстық қудалау органдарынан жасырынған, қылмыстық жазаны өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен адамдарды және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауды, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауды, олардың алдын алу мен жолын кесуді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде әкімшілік іс жүргізуді, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтауды және оның жолын кесуді, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылау мен қадағалау жасауды, шетелдіктермен және азаматтыққа қабылдау және одан шығу, шетелге тұрғылықты тұру үшін кету туралы өтініш берген адамдармен жұмысты жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген өзге де міндеттерді шешеді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

4) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беру ережелерін сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) қылмыс жасады деп сезік туғызған адамдарды, сондай-ақ оларға қатысты

бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу таңдап алынған адамдарды заңға сәйкес қамау және ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

6) ұсталғандарды және камалғандарды айдап апаруды жүзеге асырады;

7) уақытша ұстау оқшау бөлмелерінің, қабылдау-бөлу орындарының, арнаулы қабылдау орындарының, медициналық айықтырғыштардың, қызмет жануарларына арналған питомниктердің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

8) медициналық айықтырғыштарда ұсталатын адамдардың жағдайын қамтамасыз етеді;

9) кадрларды іріктеуді, орналастыруды жүзеге асырады, аттестаттау жүргізеді, көтермелейді, жазалайды, сондай-ақ өз құзыреті шегінде жұмылдыру даярлығы мен азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындайды;

10) мемлекеттік күзетке жататын объектілерді күзетуді жүзеге асырады.";

5) 6 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

2) тармақшадағы ", ал жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істер органдарының штат санын облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен сан нормативтерінен төмен емес мөлшерде белгілейді" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақшадағы ", бұл орайда жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ішкі істер органдары бөлімшелерінің басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдерімен келісе отырып жүзеге асырылады" деген сөздер алып тасталсын;

5) тармақша алып тасталсын;

6) мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының өкілеттіктері

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары :

1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында ішкі істер органдарымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

2) қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өңірлік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

3) облыстық бюджеттер және республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері есебінен қамтылатын әкімшілік полицияның қосымша штат санын ұстауды қамтамасыз етеді;

4) аумақтық ішкі істер органдарының қызметтік үй-жайларын, көлік құралдарын ұстауды, оларға қызмет көрсетуді және жөндеуді, сондай-ақ, аумақтық ішкі істер органдары аппараттарына электрондық почта қызметін көрсетуге арналған

шығындарды қоспағанда, байланыс қызметіне ақы төлеуді қамтамасыз етеді;

5) полицияның учаскелік инспекторларын олар қызмет көрсететін учаскелерде жиһазбен, байланыс құралдарымен жабдықталған жұмысқа арналған үй-жаймен, сондай-ақ көлік құралдарымен қамтамасыз етеді.";

7) 10-баптың 1-тармағы 30-1) тармақшасындағы "міндетті" деген сөз алып тасталып , мынадай мазмұндағы 30-2) - 30-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"30-2) азаматтық материалдарын ресімдеуді қамтамасыз етуге;

30-3) заңды тұлғалардың шетелдік жұмыс күшін тарту, шетелдіктердің елде болуына рұқсат беру ережелерін сақтауына қатысты қызметін бақылауға, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтардың шет елге шығуын және шетелдіктерді тұрғылықты тұруға қалдыруды шектеу туралы шешім қабылдауға;

30-4) кез келген жасалған немесе әзірленіп жатқан, соның ішінде өздерінің қарауына жатпайтын құқыққа қарсы қастық жасау туралы арыздар мен хабарламаларды қарауға, оларды тіркеуге, олардың жолын кесу, ашу, оларды жасаған адамдарды ұстау, қоғамдық қауіпті зардаптарға жол бермеу жөнінде уақтылы шаралар қолдануға; қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталған адамдарды, сондай-ақ оларға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде әкімшілік қамауға алу таңдап алынған адамдарды оқшаулау жағдайында ұстау үшін уақытша ұстау оқшаулау бөлмелері болуға;

30-5) құқық тәртібін қорғау жөніндегі міндеттерді шешуді, соның ішінде әкімшілік қадағалауға алынған және алдын алу ықпалы жасалуға тиіс адамдарды, қайталап жасауы күшейтілген жауаптылыққа әкеліп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды есепке алуды қамтамасыз ететін мамандандырылған есепке алуды, ақпарат жүйелерін құруға және пайдалануға; есепте тұратын адамдардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға;

30-6) он сегіз жасқа толмаған және құқық бұзған, сондай-ақ арнаулы оқу-тәрбие мекемесіне жіберілген кәмелетке толмаған адамдарды, егер оларды жедел оқшаулау қажет болса, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен ұстауға және уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарында ұстауға;

30-7) кәмелетке толмаған қадағалаусыз балаларды, сондай-ақ ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған үш жастан он сегіз жасқа дейінгі жасөспірімдерді уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарына жеткізуге және онда ұстауға, кейіннен қорғаншылық және қамқоршылық органдарына беруге;

30-8) қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтындай мас күйде жүрген не айналасындағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін адамдарды, ал тұрғын үйде болып, қоғамдық тәртіпті бұзған адамдарды - олармен бірге тұратын азаматтардың арыздары бойынша арнаулы медициналық мекемелерге не ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне жеткізуге және оларда айыққанға дейін ұстауға міндетті.";

8) 33-бап алып тасталсын;

9) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Ішкі істер органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Ішкі істер органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етудің шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

10) 35-бап алып тасталсын.

32. "Прокуратура туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 15, 208-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат):

1) 11-баптың 12) тармақшасында "заңмен" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 29-баптың 1-тармағының 7) тармақшасында "заңдарда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 56-бапта "республикалық" деген сөз алып тасталсын.

33. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 6, 72-құжат; N 17, 155-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - V" деген цифрлар тиісінше "1 - 5" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 8 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

2) тармақшада "Президенті белгілейтін" деген сөздер "заңдарында белгіленетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшада "банктерде" деген сөз алып тасталсын;

3) 8-1-баптың 2-тармағының 3) тармақшасында, 9-баптың 2-тармағында "банктерде" деген сөз алып тасталсын;

4) 2 3 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарын қамтамасыз ету";

1-тармақта "республикалық бюджеттің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 26-бап алып тасталсын.

34. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 163-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 189-құжат; 1999 ж., N 21, 786-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 21, 396-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 11, 56-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) мәтінде "Жарлықта", "Жарлықтан", "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықты", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заңда", "Заңнан", "Заң", "Заңның", "Заңды", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5-баптың 3-тармағының екінші бөлігінде "салаларының (секторларының)" деген сөздер "салалары (секторлары) объектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1 4 - 3 - б а п т а :

1-тармақ "Үкіметінің" деген сөзден кейін "немесе тиісті жергілікті өкілді органның" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "бекітуге" деген сөзден кейін "немесе әкімдік тиісті мәслихатқа бекітуге" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 16-баптың 3-тармағы "органның" деген сөздерден кейін "немесе тиісті әкімдіктің" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 17-баптың 2-тармағының 1) тармақшасында "сатушы әзірлеген және" деген сөздер алып тасталсын;

7) 2 0 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігінде "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақта "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын.

35. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 182-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат):

1) 9 - б а п т а :

тақырыбында "Жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте "Облыстық" деген сөзден кейін "(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақша "мөлшерде" деген сөзден кейін "және мерзімге" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 13-баптың 2-тармағында "облыстық" деген сөзден кейін "(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 18-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

4) 53-баптың 2-тармағында "тау-кен бақылауы жөніндегі уәкілді" деген сөздер " өнеркәсіпте жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кенді қадағалау жөніндегі уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 54-баптың 3-тармағында "арнаулы уәкілді атқарушы орган" деген сөздер " өнеркәсіпте жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кен қадағалауы жөніндегі уәкілетті орган және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 56-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

7) 57-баптың 5-тармағында "арнаулы уәкілді атқарушы орган" деген сөздер " Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы" деген сөздермен ауыстырылсын.

36. "Экспорттық бақылау туралы" 1996 жылғы 18 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж ., N 8-9, 240-құжат; 2000 ж., N 20, 377-құжат; 2003 ж., N 18, 143-құжат):

1) 1 - б а п т а :

он жетінші абзацта "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

он тоғызыншы абзацта "мемлекеттік органдардың" деген сөздер "Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесі мемлекеттік органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жиырма бірінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары - экспорттық бақылауға жататын қару-жарақ пен әскери техниканың, ядролық және арнаулы ядролық емес материалдардың, екі ұдай қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялардың, жекелеген шикізат түрлерінің, материалдардың, жабдықтардың , техникалық, ғылыми-техникалық ақпараттың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын, кері экспортын, импортын, кері импортын және транзитін бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары.";

2) 5-баптың екінші абзацында "бірыңғай мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді" деген сөздер "мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5 - 1 б а п т а :

бесінші абзацта "уәкілетті органдар арқылы" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"осы Заңға сәйкес сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға (өтінім берушілерге) сыртқы экономикалық мәмілелерді жүзеге асыруға рұқсат береді.";

4) 7 - б а п т а :

бесінші бөлікте "өкілетті" деген сөз алып тасталсын; "Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін "экспорттық бақылау жүйесі" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы бөлікте "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөлікте "Қазақстан Республикасының" деген сөздер "Қазақстан Республикасы экспорттық бақылау жүйесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 8-1-баптың бірінші және екінші бөліктерінде "сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға", "Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар" деген сөздерден кейін тиісінше "(өтінім берушілерге)", "(өтінім берушілер)" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 8-2 баптағы "мемлекеттік органдары" деген сөздер "экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 11-баптың бірінші бөлігінде "Республикасының экспорттық бақылауды жүзеге асыруға өкілетті" деген сөздер "Республикасы экспорттық бақылау жүйесінің" деген сөздермен ауыстырылсын; "мен лауазымды адамдары" деген сөздер алып тасталсын; "сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардан" деген сөздерден кейін "(өтінім берушілерден)" деген сөздермен толықтырылсын.

37. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 11-12, 263-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 145-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат, 2004 ж., N 11-12, 67-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - XI" деген цифрлар тиісінше "1 - 11" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) III тараудың тақырыбында "және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының" деген сөздер алып тасталсын;

3) 1 0 - б а п т а :

үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастырады;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды,";

он екінші абзацта "республикалық бюджет есебінен" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он жетінші абзацпен толықтырылсын:

"авариялық-құтқару қызметтерін (соның ішінде аэроұтқыр жасақтарды) құрады.";

4) 11-баптың екінші бөлігінде:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"орталық және жергілікті атқарушы органдар мен ғылыми ұйымдардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы жұмысын үйлестіреді;"

сегізінші абзацта "бөлінген қаржы шегінде республикалық бюджет қаражатынан" деген сөздер алып тасталсын;

он екінші абзацта "министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және Қазақстан Республикасы Үкіметі құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарға, жергілікті атқарушы" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы он жетінші және он сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

"табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді;
авариялық-құтқару қызметтерінің (оның ішінде аэроұтқыр жасақтардың) іс-қимылын қамтамасыз етеді.";

5) 1 2 - б а п т а :

тақырыбы мен бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Орталық мемлекеттік органдардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы өкілеттігі

Орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:";

6) 1 3 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы өкілеттігі";

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті өкілді органдары тиісті (ведомстволық бағынысты) аумақтағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында:";

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацта "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац "төтенше" деген сөздің алдынан "жергілікті ауқымдағы" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа ресурстардың жергілікті қорларын құрады және пайдаланады;"

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Судан құтқару қызметтерін ұйымдастыру облыстардың (республикалық маңызы

бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының ерекше қарауына жатады.
";

7) 21-бапта "министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың" деген сөздер "орталық мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 24-1-баппен толықтырылсын:

"24-1-бап. Материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа ресурстар қорларын жасау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде көлік құралдарымен қамтамасыз ету

Халықтың, қоршаған ортаның және шаруашылық жүргізу объектілерінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан кепілді қорғалуын қамтамасыз ету үшін алдын ала материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа ресурстардың мемлекеттік резерві жасалады.

Төтенше жағдайларды жою үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстары және көлік құралдары жұмылдырылады, ал шұғыл медициналық жәрдемнің және авариялық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдары төтенше жағдайлар аймақтарына алдын ала бекітілген жоспарларға сәйкес бірінші кезекте жеткізіліп, кері қайтарылады.";

9) VII тарау алып тасталсын;

10) 31-бапта "арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы мен жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 32-бапта "министрліктер, мемлекеттік комитеттер, Қазақстан Республикасы Үкіметі құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар" деген сөздер "орталық мемлекеттік органдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

38. "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 273-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; N 12, 82-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - IV" деген цифрлар тиісінше "1 - 4" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 3-баптың алтыншы абзацы алып тасталсын;

3) 5 - б а п т а :

екінші абзацтағы "Үкіметтің, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметінің," деген сөздермен ауыстырылсын; " органдардың" деген сөз "органдарының" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де" деген сөздер алып тасталсын;

4) 6 - б а п т а :

бесінші абзацтағы "министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де" деген сөздер алып тасталсын;

жетінші абзац алып тасталсын;

5) 7 - б а п т а :

тақырыбы мен бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органның өкілеттіктері

Жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органның өкілеттіктеріне мыналар жатады:";

үшінші абзацта "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

бесінші абзац алып тасталсын;

жетінші абзацта ", сондай-ақ мамандар даярлау" деген сөздер алып тасталсын;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"халықаралық және республикалық маңызы бар жолдарды салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп ұстау кезінде жұмыстың барлық түрлеріне жол жүрісі қауіпсіздігіне қатысты бақылау жасауды ұйымдастыру және жүзеге асыру,";

оныншы абзацта "мен сертификаттауды" деген сөздер алып тасталсын;

он бірінші абзац "республикалық" деген сөздің алдынан "халықаралық және" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 8 - б а п т а :

тақырыбында және 1-тармақтың бірінші абзацында "Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың", "жергілікті өкілді органдардың" деген сөздер "Аудандардың (қалалардың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының", "аудандардың (қалалардың) жергілікті өкілді органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзац алып тасталсын;

бесінші абзацта "министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық атқарушы органдардың" деген сөздер алып тасталсын, "қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі" деген сөздер "қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші және он бірінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"аудандардың (қалалардың) автомобиль жолдарында, қалалардың, аудандардың (қалалардың) елді мекендерінің жол тораптарында салу, қайта жаңарту, жөндеу, оларда жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын енгізу және күтіп ұстау, оларды күтіп

ұстау, күзету және жолдарда қызмет көрсету объектілерін жайғастыру жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде жұмыстың барлық түрлерінің орындалуын қамтамасыз ету және бақылау;"

"жол жүрісін қамтамасыз ету саласында мамандар даярлау.";

7) 10-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар есептілік жүйесіне кіретін мәліметтерді белгіленген тәртіппен сұратып алуға құқылы.";

8) 11 - б а п т а :

1-тармақта "мемлекеттік" деген сөз "салалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта "мемлекеттік" деген сөз "салалық" деген сөзбен ауыстырылсын; "тиісті бюджеттер" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 15 - б а п т а :

3-тармақта "азаматтарға" деген сөз "адамдарға" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақта "Азаматтарды", "азаматтың" деген сөздер "Адамдарды", "адамдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 17 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіруді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Адамдардың көлік құралдарын жүргізуіне тыйым салуға негіз болатын медициналық кінәраттардың тізбесін, медициналық куәландыру, тексеру тәртібін және олардың мерзімділігін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.";

11) 18 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

үшінші бөлік мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) басқа мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағына екі айдан артық мерзімге әкелінген жеңіл, жүк автомобильдері мен автобустар, бұған қоса олардың шассилерінде жасалған арнайы автомобильдер, мотоциклдер мен мотороллерлер, автомобильдердің құрамында жүруге арналған тіркемелер";

төртінші бөліктің 4) тармақшасы "мотоциклдер мен мотороллерлер" деген сөздерден кейін ", автомобильдердің құрамында жүруге арналған тіркемелер." деген сөздермен толықтырылсын;

12) 22-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды оның қауіпсіздігі мен жолдардың өткізу қабілетін арттыру мақсатында автомобиль жолдарын дамытуды, сақтауды, жөндеуді және күтіп ұстауды қамтамасыз ететін уәкілетті мемлекеттік орган,

қарамағында автомобиль жолдары бар жергілікті атқарушы органдар, жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады."

39. "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20, 728-құжат; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; N 24, 177-құжат):

1) мәтіндегі "Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының", "Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органы", "Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органына", "Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органымен", "өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы орган" деген сөздер тиісінше "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның", "Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органға", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органмен", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

төртінші абзацтағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

бесінші абзацтағы ", уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік актілерімен" деген сөздер алып тасталсын;

оныншы абзацтағы "өртке қарсы қызметтің" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он екінші - он төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"қоныстану аумағы - елді мекен аумағының тұрғын үй қорын, қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ жекелеген коммуналдық және өнеркәсіптік объектілерді орналастыруға арналған бөлігі;

өртке қарсы ерікті құралымдар - азаматтардың елді мекендерде және ұйымдарда өрттің алдын алу мен оны сөндіруді ұйымдастыруға қатысу нысаны;

ерікті өрт сөндіруші - өрттің алдын алу және (немесе) сөндіру жөніндегі қызметке ерікті негізде (жеке еңбек шартын жасаспай) тікелей қатысатын азамат;"

3) 4-баптың екінші бөлігіндегі "Мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

4) 2-тараудың тақырыбындағы "органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару" деген сөздер алып тасталсын;

5) 5 - б а п т а :

төртінші абзацтағы "Қазақстан Республикасы Үкіметі құрамына кірмейтін министрліктер, және орталық атқарушы органдар, жергілікті атқарушы" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

жетінші және сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджет қаражаты есебінен қамтылатын өртке қарсы қызметтің штат саны лимитін

б е л г і л е й д і ;

қоныстану аумақтарының және өртке қарсы қызмет өрттен қорғайтын мемлекеттік меншіктегі аса маңызды объектілердің тізбесін белгілейді;"

оныншы абзацтағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

б) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның өкілеттіктері

Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган өрт қауіпсіздігі саласындағы атқарушы , бақылау және қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырады және оның аумақтық органдары, ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелері болады .

Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган:

1) бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді, салааралық үйлестіру мен мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады ;

2) нормативтерді, стандарттар мен ережелерді бекітеді және келіседі, өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік есепке алуды жүргізеді;

3) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өрт қадағалауын жүзеге асырады;

4) өрт қауіпсіздігі саласындағы зерттеу қызметін, білімді насихаттауды, азаматтар мен мамандарды оқытып-үйретуді ұйымдастырады;

5) өрт қауіпсіздігі саласындағы лицензиялау мен сертификаттауды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

б) өз өкілеттіктері шегінде өрттер бойынша анықтауды жүзеге асырады;

7) меншік нысанына қарамастан өртке қарсы қызметтердің жұмысын үйлестіреді;

8) Өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрамының қызмет өткеруі туралы ережені әзірлейді;

9) өз құзыреті шегінде өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрамындағы адамдарды қызметке қабылдауды, қызмет бабында ауыстыруды, қызметтен босатуды, арнаулы атақтар беру мәселелерін шешуді жүзеге асырады.";

7) 7 және 8-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Орталық мемлекеттік органдардың өрт қауіпсіздігі саласындағы өкілеттіктері

Орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтерді, стандарттар мен ережелерді әзірлеп, келіседі, мемлекеттік есепке алуды жүргізеді және оның деректерін өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органға береді;

2) салалық өрттен қорғау-техникалық комиссияларын құрады;

3) мемлекеттік органдардағы өрт қауіпсіздігінің жай-күйін бақылауды қамтамасыз етеді, өрттің алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

8-бап. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының өрт қауіпсіздігі саласындағы өкілеттіктері

Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының өрт қауіпсіздігі саласындағы өкілеттіктеріне мыналар жатады:

1) тұрғын халықты және ұйымдарды өрт қауіпсіздігі саласындағы шаралар туралы х а б а р д а р е т у ;

2) өрт салдарынан зардап шеккен азаматтар мен қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету, азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге келтірілген зиянды өтеу.";

8) 9 - б а п т а :

тақырыбындағы "түрлері мен" деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөлік алып тасталсын;

9) мынадай мазмұндағы 9-1, 9-2, 9-3 және 9-4-баптармен толықтырылсын:

"9-1-бап. Өртке қарсы қызмет органдары

Өртке қарсы қызмет органдары қоныстану аумақтарында орналасқан ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, мемлекеттік меншіктегі аса маңызды объектілерді өрттен қорғауға арналған, осы аумақтарда және аса маңызды объектілерде мемлекеттік өрт сөндіруді қадағалауды жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының дипломатиялық консулдық мекемелерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет елдердегі өкілдіктерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылау жасауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

Қоныстану аумақтарында, мемлекеттік меншіктегі аса маңызды объектілерде өрт сөндіруді облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) мемлекеттік өрт сөндіру мекемелері жүзеге асырады.

Басқа объектілерде өрт сөндіруді меншік нысанына қарамастан салалық өртке қарсы қызметтер немесе ерікті өртке қарсы құралымдар жүзеге асырады.

Өртке қарсы қызмет органдары бірыңғай дербес жедел қызмет ретінде Қазақстан Республикасындағы өртке қарсы қызметтің негізгі түрі болып табылады.

Өртке қарсы қызмет органдарының құрамына:

1) өртке қарсы қызмет органдары:

өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган;

облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) аумақтық өртке қарсы қызмет органдары;

2) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мемлекеттік өрт сөндіру мекемелері, өрт сөндіру-техникалық оқу орындары кіреді.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның, облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) аумақтық өртке қарсы қызмет органдарының, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мемлекеттік өрт сөндіру мекемелерінің және өрт сөндіру-техникалық оқу орындарының тулары болады. Өртке қарсы қызмет органдары туларының сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

9-2-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның,
аумақтық өртке қарсы қызмет органдарының
өкілеттіктері

Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның, аумақтық өртке қарсы қызмет органдарының өкілеттіктеріне мыналар жатады:

1) мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

2) барлық мемлекеттік органдар, сондай-ақ азаматтар, ұйымдар міндетті түрде орындауға тиіс өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін және өрт қауіпсіздігі мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен бекіту;

3) жеке және заңды тұлғаларға өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты жұмыстар жүргізуге және қызмет көрсетулерге лицензиялар беру;

4) өрттер және өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асыру;

5) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізудің жүзеге асырылуын бақылау ;

6) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ғимараттарды, құрылыстар мен олардың кешендерін, коммуникацияларды салуға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта жаңартуға, қалпына келтіруге, күрделі жөндеуге) арналған жобалардың мемлекеттік сараптамасын жүргізуге қатысу;

7) нормалары мен ережелері белгіленбеген объектілерді салуға арналған өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін стандарттардың, нормалардың және ережелердің жобаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен келісу;

8) өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жұмылдыру дайындығы және оларды жұмылдыру, бейбіт уақытта және соғыс жағдайы кезеңінде төтенше жағдайлар туындаған кезде олардың жұмысының орнықтылығын арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу, мемлекеттік өрт сөндіру мекемелерінің жұмылдыруға ұдайы дайын болуын қамтамасыз ету ;

9) ұйымдарда, кәсіпорындарда және тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

10) азаматтарға, кәсіпорын басшыларына анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою және өртті болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы ұйғарымдар беру;

11) заңда белгіленген құзырет шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді жүзеге асыру;

12) мемлекеттік өрт сөндіру мекемелерінің ведомстволық бағыныстылығына қарамастан елді мекендерде және объектілерде өртке қарсы күресуге дайындығын бақылау;

13) жер учаскелерін таңдау және ұйымдарды, ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысу;

14) халықтың өртке қарсы ерікті құралымдарының өрт қауіпсіздігі саласындағы жұмысына жәрдемдесу;

15) өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелерін бұзған кезде, сондай-ақ ұйымдарды, объектіні, құрылыстарды, ғимараттарды салу, қайта жаңарту, кеңейту немесе техникалық қайта жарактандыру кезінде жобаларда көзделген өрт қауіпсіздігі талаптары орындалмаған кезде ұйымдардың, жекелеген өндірістердің, өндірістік учаскелердің, агрегаттардың жұмысын ішінара немесе толық тоқтата тұруды, ғимараттарды, құрылыстарды, электр желілерін, жылыту приборларын пайдалануға және субъектілердің өрт шығу қаупі бар жұмыстарды жүргізуіне тыйым салуды сот жиырма төрт сағат ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның және облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) аумақтық өртке қарсы қызмет органдарының өтініші бойынша жүргізеді.

Субъектінің жұмысына ішінара немесе толық тыйым салу немесе тоқтата тұру туралы талап-арызды өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган және облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) аумақтық өртке қарсы қызмет органдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.

Айрықша жағдайларда, адамдардың өмірі мен денсаулығына айқын қатер төндіретін, өртке қарсы нормалар мен ережелер бұзылған кезде жиырма төрт сағат ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, субъектінің қызметіне үш күннен аспайтын мерзімге тыйым салуға немесе тоқтата тұруға көрсетілген мерзім ішінде міндетті түрде сотқа талап-арыз ұсыну арқылы жол беріледі. Бұл ретте өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның және облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) аумақтық өртке қарсы қызмет органдарының жұмысына тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы актісі сот шешімі шығарылғанға дейін қолданылады.

Хабарлама алғаннан кейін прокурор жасалған іс-әрекеттің заңдылығын тексереді және олар заңсыз жүргізілген жағдайда өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды немесе оларды алып тастайды.

9-3-бап. Облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) мемлекеттік өрт сөндіру мекемелері

Облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) мемлекеттік өрт сөндіру мекемелері:

1) меншік нысанына қарамастан елді мекендердің қоныстану аумақтарында және объектілерде өрт сөндіруді;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, мемлекеттік меншіктегі аса маңызды объектілерді өрттен қорғау жөніндегі қызметті;

3) өрт сөндіруге өртке қарсы қызметтердің күштері мен құралдарын, көлік және басқа да материалдық-техникалық құралдарды тартуды;

4) өртті сөндіру мен жою жұмыстарын жүргізу кезеңінде цехтар және объектілер жұмысын тоқтата тұруды жүзеге асырады, қажет болғанда адамдарды, материалдық құндылықтарды қауіпті аймақтан көшіруге өкімдер береді;

5) өрт кезінде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында олардың жекелеген учаскелерге, аумақтарға, ғимараттың үй-жайларына кіруін шектеуді немесе уақытша тыйым салуды;

6) өрт кезінде азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында азаматтарды құтқаруға, оттың өршуін болдырмауға және өртті жоюға бағытталған шараларды қолдану үшін азаматтардың ұйымдарға, тұрғын үйлерге және өзге де үй-жайларға, оларға тиесілі жер учаскелеріне, дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінен басқа аумақтар мен үй-жайларға бөгетсіз кіруді;

7) адамдарды құтқару және өртті сөндіру үшін қажет болған жағдайларда жабық есіктер мен терезелерді, сондай-ақ қоршау конструкцияларын ашуды;

8) адамдарды құтқару үшін және мәжбүрлік қажеттілік жағдайда өртті сөндіру мен жою кезінде ұйымдардың байланыс құралдарын, мүлкін және өзге де материалдық құралдарын, көлікті олардың меншік нысанына қарамастан, нұқсан келтірілген жағдайда иелеріне шығынды өтей отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен пайдалануды жүзеге асырады.

9-4-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы оқу орындары

Өрт қауіпсіздігі саласындағы оқу орындары өртке қарсы қызмет қызметкерлеріне білім беру және олардың біліктілігін арттыру саласындағы орталық атқарушы орган айқындайтын мамандықтар бойынша жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды даярлау мақсатында құрылады.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы оқу орындарының басты міндеттері:

1) өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің кәсіби өсуі мен жетілуіне жағдай жасау;

2) өртке қарсы қызмет органдары үшін мамандар даярлау;

3) мамандар даярлау бейініне сәйкес қызметті жетілдірудің өзекті проблемалары

бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, алынған зерттеу нәтижелерін оқу процесіне және практикаға енгізу болып табылады.";

10) 10-бап алып тасталсын;

1 1) 1 0 - 1 - б а п т а :

мәтіндегі "Мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Өртке қарсы қызмет органдарының арнаулы атақтар берілген қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарында ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген медициналық, санаторий-курорттық және зейнетақымен қамсыздандыру тәртібі қолданылады.";

үшінші бөліктегі "ішкі істер" деген сөздер "өртке қарсы қызмет" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 10-2 - 10-9-баптардағы "Мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

13) 10-10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-10-бап. Өртке қарсы қызмет органдарын қаржыландыру

Өртке қарсы қызмет органдарын қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады .

Мемлекеттік мекемелер болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік меншіктің аса маңызды объектілері тізбесіне кіретін ұйымдар мемлекеттік өрт сөндіру мекемелерінің өрттен қорғау және өрт сөндіру жөнінде көрсететін қызметтері үшін бюджетке ақы төлейді.

Мемлекеттік өрт сөндіру мекемелерінің мемлекеттік меншіктің аса маңызды объектілері тізбесіне кірмейтін және мемлекеттік мекемелер болып табылмайтын объектілерде өрт сөндіруі ақылы негізде жүзеге асырылады. Ақы бюджетке аударылады .

Өрттен қорғау және өрт сөндіру бойынша осы бапта көзделген қызмет көрсетулерге ақы төлеу есебінің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

14) 10-11-баптағы "Мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

15) 11-бап алып тасталсын;

16) 12-баптың бірінші бөлігінде "Мемлекеттік органдар, меншік" деген сөздер "Меншік" деген сөзбен ауыстырылсын;

17) 13-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "Қоғамдық өрттен қорғау бірлестігі", "Қоғамдық өрттен қорғау бірлестіктері" деген сөздер "Қоғамдық бірлестіктер (халықтың өртке қарсы ерікті құралымдары)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 8) 1 4 - б а п т а :

бірінші бөлік алып тасталсын;

екінші бөліктегі "уәкілетті мемлекеттік органдардың" деген сөздер "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 15-баптың бесінші бөлігіндегі ", жергілікті өзін-өзі басқару органдары" деген сөздер алып тасталсын;

2 0) 1 6 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы жетінші және сегізінші бөліктермен толықтырылсын:

"Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның басшысы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан аумақтық өртке қарсы қызмет органдарының, мемлекеттік өрт сөндіру мекемелерінің басшыларына қатысты аға жедел бастық болып т а б ы л а д ы .

Облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) аумақтық өртке қарсы қызмет органдарының басшылары меншік нысанына қарамастан, тиісті облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында орналасқан мемлекеттік өрт сөндіру мекемелерінің, салалық өртке қарсы қызметтің және өртке қарсы ерікті құралымдардың басшыларына қатысты аға жедел бастық болып табылады."

сегізінші бөліктегі "орталық атқарушы" деген сөздер "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

тоғызыншы бөліктегі "Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің" деген сөздер "өртке қарсы қызмет органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 18-баптың бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды орындайтын және қызмет көрсететін мемлекеттік емес ұйымдар құрылып, жұмыс істеуі мүмкін, оларға мыналар жатады:

мемлекеттік мекемелер болып табылмайтын ұйымдарды өрттен қорғау;"

22) 19-баптың бірінші бөлігіндегі "арнайы уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар" деген сөздер "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган және республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 20-баптың екінші бөлігінде "өзін-өзі" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 21-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік органдар, меншік нысанына қарамастан ұйымдар өртке қарсы қызмет органдарына өрттер және олардың салдарлары туралы есептер ұсынады.";

2 5) 2 2 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "мекемелері, сондай-ақ тиісті" деген сөздер "ұйымдары және" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "республикалық, жергілікті бюджеттердің қаражаты, ұйымдардың қаражаты есебінен, сондай-ақ заңдармен тыйым салынбаған басқа да қаржыландыру

көздері есебінен" деген сөздер "бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған басқа да қаржыландыру көздері есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

40. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат, N 17-18, 240-құжат, N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат):

- 1) 16-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын;
- 2) 102-бап алып тасталсын.

41. "Экологиялық сараптама туралы" 1997 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 67-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат):

1) мәтіндегі "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органдары", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының" деген сөздер тиісінше "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай мазмұндағы сегізінші және тоғызыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Стратегиялық объект - іске асырылуы табиғи ресурстарды барлау, өндіру, тасымалдау, өндеу, пайдалану, республикалық маңызы бар инфрақұрылым мен энергетика, аэроғарыштық және әскери кешендер, байланыс саласындағы қызметпен байланысты сараптама объектісі.

Трансшекаралық объект - іске асырылуы адамдар денсаулығына және екі және одан да көп облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және (немесе) шектес мемлекет аумағындағы қоршаған ортаға - кері әсер ететін немесе кері әсер етуі ықтимал сараптама объектісі.";

3) 7 - б а п т а :

1) тармақшада "кез келген" деген сөз "стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган мен оның жергілікті жерлердегі аумақтық органдары стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерде мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге тартатын орталық мемлекеттік органдар;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерді қоспағанда, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) субъектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу бөлігінде - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган мен оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары экологиялық сараптама жүргізуге тартқан, тиісті лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар (штаттан тыс сарапшылар).";

4) 1 0 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Үкіметі экологиялық сараптама саласында шет мемлекеттер аумағында орналасқан және Қазақстан Республикасының мүдделерін қозғайтын объектілер мен кешендерге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу қажет болған жағдайда сол мемлекеттермен өзара іс-қимыл жасасу мәселелерін шешеді .";

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:"

1) тармақшада "орындалуын қамтамасыз етеді және ұйымдастырады" деген сөздер "қамтамасыз етілуіне және орындалуына қатысады" деген сөздермен ауыстырылсын, " мемлекеттік" деген сөз "өзге де" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша алып тасталсын;

5) 1 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган мен оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы барлық экологиялық-сарапшылық қызметті үйлестіруді орындайды.";

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "мемлекеттік" деген сөздің алдынан "стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілердің" деген сөздермен толықтырылып, " сараптаманы" деген сөз "сараптамасын" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) тармақшада "шаруашылық және өзге де қызметті" деген сөздер "стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілердің қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) сарапшылық комиссиялардың құрамын белгілейді, экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарды жүзеге асыруға лицензиясы бар штаттан тыс сарапшылар (жеке және заңды тұлғалар) ретінде орталық және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының, қоғамдық бірлестіктер мен табиғат қорғау қозғалыстарының өкілдерін тартады;"

11) тармақша "заңды тұлғалардан" деген сөздерден кейін "стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерге" деген сөздермен толықтырылсын; "министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, өзге де" деген сөздер алып тасталсын;

12) тармақшада "министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің," деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13) - 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"13) жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдары бұзылған жағдайда мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын кері қайтарып алу мен күшін жою құқығымен мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асырады;

14) жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының экологиялық сараптама саласындағы қызметін бақылауды жүзеге асыру ережелерін бекітеді;

15) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы бланкісінің үлгісін бекітеді."

б) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының экологиялық сараптама саласындағы құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерді қоспағанда, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) субъектілерінің шаруашылық қызметіне мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастырады және жүргізеді;

2) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу кезінде қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырады;

3) экологиялық сараптама саласындағы құжаттарды әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді және мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның қарауына жібереді;

4) сарапшылық жұмыстарды жүргізу үшін экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарды жүзеге асыруға лицензиясы бар штаттан тыс сарапшыларды (жеке және заңды тұлғаларды) тартады.";

7) 13 - б а п т а :

1-тармақтағы "органы мен оның жергілікті жерлердегі бөлімшелерінің" деген сөздер "органының, оның жергілікті жерлердегі бөлімшелерінің және өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ "атқарушы органының" деген сөздерден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 14-баптың 9) тармақшасы "жатады." деген сөзбен толықтырылып, 10) тармақшасы алып тасталсын;

9) 15-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының тиісті сараптама бөлімшесі мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін қажетті қосымша материалдарды сұратуға құқылы.";

10) 16-баптың 2-тармағы "жүргізіледі" деген сөздің алдынан "не өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 17-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган сараптама бөлімшелерінің және оның жергілікті жерлердегі бөлімшелерінің басшылары Қазақстан Республикасының, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бас мемлекеттік экологиялық сарапшылары болып табылады.

Жергілікті атқарушы органның сараптама бөлімшелерінің басшылары облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бас мемлекеттік экологиялық сарапшысының орынбасарлары болып табылады.";

12) 20 - б а п т а :

1-тармақтағы "сарапшылық орган" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ "Экологиялық" деген сөз "Штаттан тыс сарапшылардың сараптама жұмыстарын жүргізуі мен оларға ақы төлеуге байланысты қатынастарды қоспағанда, экологиялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 22 - б а п т а :

1-тармақтағы "бөлімшелері" деген сөзден кейін "мен облыстардың (республикалық

маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Орталық және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының сарапшылық кеңестері туралы ережелерді, олардың құрамдарын тиісінше Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі әзірлеп, бекітеді.";

1 4) 2 5 - б а п т а :

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның сарапшылық қызметінің штаттағы қызметкерлері, оның жергілікті жерлердегі аумақтық бөлімшелері және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары ;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган мен оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары штаттан тыс сарапшыларды тарта отырып құратын сарапшылық комиссиялары;"

1 5) 2 7 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының тұжырымдары мен ұсыныстары қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган, оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары оны қабылдағаннан кейін барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысына сарапшылық бөлімшелердің басшылары белгіленген үлгідегі бланкіде қол қояды.";

1 6) 3 3 - б а п т а :

1-тармақтағы "республикалық және жергілікті бюджеттердің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарды жүзеге асыруға лицензиясы бар штаттан тыс экологиялық сарапшылар (жеке және заңды тұлғалар) жүргізетін сарапшылық жұмыстарға шаруашылық қызметтің бастамашысы (тапсырысшы) ақы төлейді";

17) 37-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган немесе облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы

органдары мен тапсырысшылар арасында туындаған, хаттамамен ресімделген келіспеушіліктерді қорытынды берген органның, сондай-ақ тапсырысшының қатысуымен қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган қарайды."

42. "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" 1997 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 69-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 8, 187-құжат; 2004 ж., N 11-12, 67-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - V" деген цифрлар тиісінше "1 - 5" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 1-баптың екінші абзацындағы "авариялық-құтқару құрамалары" деген сөздерден кейін ", оның ішінде аэроұтқыр отрядтар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нақты авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларына жүктелетін міндеттердің толық тізбесін оларды құрған орган белгілейді және авариялық-құтқару қызметтері мен құрамалары туралы ережелерде немесе аталған қызметтер мен құрамалардың жарғыларында баянды етіледі.";

4) 5-баптың үшінші абзацындағы ", жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздер алып тасталып, "даярлау мен жарақтандыруға" деген сөздер "даярлауға" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 6-баптағы "газдан құтқару," деген сөздерден кейін "суда құтқару," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 7 - баптың 2 - тармағында :
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша - республикалық (оның ішінде республикалық мемлекеттік кәсіпорындар) және аумақтық;"

үшінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кәсіби суда құтқару қызметтерін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары құрады.";

7) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының құрамы

Авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының құрамы мен құрылымын - Қазақстан Республикасының Үкіметі, суда құтқару қызметтерінің құрамы мен құрылымын - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары белгілейді.";

8) 10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларын белгіленген тәртіппен тіркеуді

(есепке алуды) - төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы орган, суда құтқару қызметтерін - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.";

9) 11-баптың 3-тармағындағы ", мемлекеттік қадағалау органдары мен жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер алып тасталсын;

1 0) 1 3 - б а п т а :

1-тармақтағы "Орталық атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылған" деген сөздер алып тасталып, "авариялық құтқару" деген сөз бас әріппен жазылсын;

3-тармақтағы "барлық" деген сөз алып тасталсын;

1 1) 1 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Міндетті түрде құрылуы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының орындарын ауыстыру, оларды қайта бейімдеу немесе тарату туралы шешімдерді:

1) республикалық және аумақтық кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларына қатысты - төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) кәсіби суда құтқару қызметтеріне қатысты - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары;

3) объектілік кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларына қатысты - төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның келісімі бойынша ұйымдардың басшылығы қабылдайды.";

3-тармақтағы "осы Заңның 13-бабына сәйкес аталған құрамалардың жұмысын үйлестіру қызметі жүктелген органдарға" деген сөздер "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2) 1 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

бесінші абзацтағы "орталық және жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Суда құтқару қызметтерін төтенше жағдайларды жоюға тартуды облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы аталған төтенше жағдайларды жою өкілеттігіне жатқызылған орталық немесе жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың сұрау салуы негізінде, төтенше жағдайларды жою жөніндегі органдар басшыларының сұрау салуы негізінде жүзеге асырылады.";

13) 29-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

43. "Атом энергиясын пайдалану туралы" 1997 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж ., N 7, 83-құжат):

1) мәтіндегі "өкілетті мемлекеттік органдардың", "өкілетті мемлекеттік органдармен", "өкілетті мемлекеттік органды", "өкілетті мемлекеттік органдар", "өкілетті мемлекеттік орган", "атом энергиясын пайдалану жөніндегі мемлекеттік өкілетті органдар" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органның", "уәкілетті органмен", "уәкілетті органды", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:
"атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - атом энергиясы саласындағы мемлекеттік саясатты, ядролық қаруды таратпау мен Қазақстан Республикасында атом энергиясын қауіпсіз пайдалануды реттеуді іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.";

3) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атом энергиясын пайдалану саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) атом энергиясын қауіпсіз пайдалануды мемлекеттік реттеу, атом энергиясын пайдаланатын, қызметкерлер мен халыққа радиациялық әсері бар қызмет түрлерін қадағалауды, бақылауды және лицензиялауды;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық сараптаманы;

3) атом энергетикасы мен өнеркәсібін басқаруды және дамытуды айқындайды.";

4) 8 - б а п т а :

тақырыбы мен бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:";

5) 9-баптың бірінші бөлігіндегі "(басшылары, басшыларының орынбасарлары)" деген сөздер алып тасталсын;

6) 18-баптың 3-тармағының алтыншы абзацындағы "сақтандыруды" деген сөзден кейін "қамтамасыз етеді." деген сөзбен толықтырылып, жетінші абзац алып тасталсын.

44. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж ., N 8, 84-құжат; 1999 ж., N 13, 431-құжат, N 23, 921-құжат; 2001 ж., N 15-16, 228-құжат ; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат; N 17, 101-құжат):

1) мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - VI" деген цифрлар тиісінше "1 - 6" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 4-баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде "арнаулы уәкілетті орган немесе адам" деген сөздер "сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 44-баптың 3-тармағындағы "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 71-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "жергілікті атқарушы органда" деген сөздер "ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 74-баптың 2-тармағындағы "Жергілікті атқарушы органдар", "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер тиісінше "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары", "ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 9 7 - б а п т а :

1-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "жергілікті бюджеттер" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын; "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 1 0 9 - б а п т а :

2-тармақтағы "тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді" деген сөздер "тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

45. "Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 86-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - VI" деген цифрлар тиісінше "1 - 6" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-баптармен толықтырылсын:

"3-1-бап. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган:

1) халыққа психиатриялық жәрдем көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуді және психиатриялық жәрдем көрсету кезінде азаматтардың құқықтарына

кепілдіктерді қамтамасыз етеді;

2) халыққа психиатриялық жәрдем көрсету және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты және салааралық өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

3) халыққа психиатриялық жәрдем көрсету және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының аумағында психиатр-дәрігерлердің, психиатриялық және психоневрологиялық ұйымдардың кәсіби қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады.

3-2-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе халыққа психиатриялық жәрдем көрсету және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) психиатриялық жәрдем көрсетуді ұйымдастырудағы қатынастарды реттейтін, оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктерді айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе психиатриялық жәрдем көрсететін мемлекеттік медициналық ұйымдарды жарақтандыруды қамтамасыз етеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе психиатр-дәрігерлердің, психиатриялық және психоневрологиялық ұйымдардың кәсіби қызметіне бақылау жасауды үйлестіреді және қамтамасыз етеді;

5) халыққа психиатриялық жәрдем көрсету және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер саласындағы өңіраралық өзара іс-қимылды жүзеге асырады.";

3) 16 - бапта :

2 - тармақта :

2) тармақшадағы ", сондай-ақ ересектер үшін кәсіптік қайта оқытуды" деген сөздер алып тасталсын;

4) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

4-тармақ алып тасталсын;

4) 18-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

5) 43 - баптың 1 - тармағында :

4) тармақшадағы "психиатриялық және өзге де медициналық сараптама" деген сөздер "психиатр-дәрігерлер" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "мерзімді" деген сөзден кейінгі "және өзге де" деген сөздер алып тасталсын;

б) 44-баптың 2-тармағында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органдары," деген сөздер "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті шегінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

46. "Мемлекеттік статистика туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 91-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; 2002 ж., N 1, 3-құжат; N 17, 155-құжат):

1) 9-1-баптың екінші бөлігіндегі "Тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі" деген сөздер "Ауылдың (селоның), кенттің, ауылдық (селолық) округтің әкімі" деген сөздермен ауыстырылсын; "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бөлінетін қаражат есебінен" деген сөздер алып тасталсын;

2) 10-баптың жетінші абзацындағы "жүзеге асыруға" деген сөздерден кейін " құқылы." деген сөзбен толықтырылып, сегізінші және тоғызыншы абзацтары алып тасталсын;

3) 14-бап алып тасталсын.

47. "Азаматтық қорғаныс туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 93-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат):

1) 5 - б а п т а :
е к і н ш і б ө л і к т е :

"орталық және" деген сөздер алып тасталсын;

бесінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы халықты, аумақтар мен шаруашылық жүргізуші объектілерді табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау мақсатында төтенше жағдайлардың алдын алу мен зардаптарын жою жөніндегі күш-құралдарды құруды, дайындауды және олардың қолдануға ұдайы дайын болуын қамтамасыз етеді, зардап шеккендерге көмек көрсетеді.";

2) 6-баптың 3-тармағының бірінші абзацы "басшылары" деген сөзден кейін "өз құзыреті шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 12-баптың бірінші бөлігіндегі "республикалық, облыстық, қалалық және аудандық жедел-құтқару отрядтарынан, өртке қарсы мемлекеттік қызмет бөлімшелерінен" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жедел-құтқару отрядтарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1 4 - б а п т а :
3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "Республикалық жедел-құтқару" деген сөздер "Жедел-құтқару" деген сөздермен ауыстырылсын; "қатынас қиын аудандарда, аса күрделі объектілерде" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктегі "Республикалық жедел-құтқару" деген сөздер "Жедел-құтқару" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ алып тасталсын;

5) 16-баптың 1-тармағының үшінші абзацындағы "орталық және жергілікті атқарушы органдарда" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) орталық және жергілікті атқарушы органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 17-баптың 2-тармағындағы ", қалалар, аудандар" деген сөздер "(республикалық маңызы бар қала, астана)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 2 2 - б а п т а :

тақырыбындағы "Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі "Жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацындағы "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы "авариялық-құтқару" деген сөздер "суда құтқару" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзац алып тасталсын;

8) 2 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қорғаныс шараларын қаржыландыру бюджет қаражаты және ұйымдардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.";

3-тармақ алып тасталсын;

9) 29-бап алып тасталсын.

48. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат; 1999 ж., N 8, 239-құжат; N 23, 925-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 1-2, 13-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - V" деген цифрлар тиісінше "1 - 5" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы органдар

1. Уәкілетті мемлекеттік орган - халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі орталық атқарушы орган.

2. Уәкілетті ұйым (бұдан әрі - Орталық) - осы Заңның шарттары бойынша функцияларды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлға.

3. Жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган - Орталықтың аумақтық бөлімшелері.

4. Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері.";

3) 2-баптағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

4) 3-баптың 2 - 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жәрдемақы тағайындау туралы өтініш жәрдемақыға құқығы бар адамның тұрғылықты жері бойынша жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті органға беріледі, оған тізбесін уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін құжаттар қоса тіркеледі.

3. Азаматтарға жәрдемақы тағайындауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

4. Жәрдемақы тағайындау үшін құжаттарды қарау өтініш берілген күннен бастап он күн мерзімнен аспауға тиіс.

Жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган тиісті шешім шығарылғаннан кейін бес күннен кешіктірмей ол туралы өтініш берушіге хабарлайды.

Жәрдемақы тағайындаудан бас тартылған жағдайда жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бас тарту себебін жазбаша дәлелдеп, өтініш берушіге құжаттарын қайтаруға міндетті.

5. Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.";

5) 4 - б а п т а :

мәтіндегі "халықты әлеуметтік қорғау органына" деген сөздер "жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жәрдемақының бір түрінен екіншісіне ауыстыру туралы өтініш беру, құжаттарды қарау, шешім қабылдау тәртібі, сондай-ақ осындай жәрдемақыны төлеу осы Заңның 3-бабының 2 - 5-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.";

6) 5-баптың 4-тармағындағы "Халықты әлеуметтік қорғау органының" деген сөздер "Жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 6-баптың 3-тармағындағы "тағайындайтын және төлейтін органның" деген сөздер "тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 8-баптың 3-тармағындағы "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" деген сөздер "Орталық" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 9-баптың екінші бөлігіндегі "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер "жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0) 1 0 - б а п т а :

1-тармақтағы "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші және екінші бөліктеріндегі "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесіне", "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер тиісінше "жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға" және "жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 12-баптың 5-тармағындағы, 16-баптың 5-тармағындағы және 17-баптағы "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан", "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық", "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан" деген сөздер тиісінше "Орталықтан" және "Орталық" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 20-баптың 1-тармағындағы "тиісті бюджеттердің" деген сөздер "бюджет" деген сөздермен ауыстырылсын.

49. "Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 155-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - VI" деген цифрлар тиісінше "1 - 6" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 7 - б а п т а :

2) тармақшадағы "орталық және жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) орталық және жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

14) тармақшадағы "жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 8 - б а п т а :

тақырыбы мен бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары бірінші басшыларының атынан Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген құзыреті шегінде:";

4) 9 - б а п т а :

тақырыбындағы және 1-тармақтың бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасы", "Қазақстан Республикасының" деген сөздер тиісінше "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)", "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың , астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы және 3-тармақтың бірінші абзацындағы "Жергілікті өкілді органдар", "Жергілікті атқарушы органдар бірінші басшылар атынан" деген сөздер тиісінше "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары", "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бірінші басшыларының атынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың б) тармақшасындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 13-баптың мәтініндегі "жергілікті атқарушы органдар", "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер тиісінше "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары", "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 1 5 - б а п т а :

1-тармақтағы "республикалық бюджеттен, жергілікті бюджеттерден бөлінген қаржылар" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 және 3-тармақтар алып тасталсын;

7) 1 7 - б а п т а :

1-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 18-баптың 4-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

50. "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 182-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 21, 778-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 150-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 19-20, 147-құжат):

1) 5-баптың екінші және үшінші абзацтары алып тасталсын;

2) 6 - б а п т а :

1-1 және 1-2-тармақтар алып тасталсын;

2-тармақтағы "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бесінші және алтыншы абзацтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын;

"шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік, салалық бағдарламалар аясында осы қызметті қаржыландыру арқылы шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын қолдау мен дамытуды қамтамасыз етеді.";

2 - т а р м а қ т а :

1) т а р м а қ ш а д а :

бірінші абзацтағы "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші және бесінші абзацтар алып тасталсын;

2) т а р м а қ ш а д а :

бірінші абзацтағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "оларды қаржымен қамтамасыз етуді" деген сөздер алып тасталсын;

төртінші және бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"технопарктер желісін, лизингтік орталықтарды, шағын инновациялық қызмет орталықтарын, венчурлік фирмаларды және шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсатында құрылатын басқа да инфрақұрылым объектілерін құру жөніндегі і с - ш а р а л а р д ы ә з і р л е й д і ;

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ғимараттарды, құрылыстарды, өндірістік үй-жайларды және коммуналдық меншіктегі өзге де мүлікті жеңілдікпен беру арқылы шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын қолдау мен дамытуды қамтамасыз етеді;"

3-тармақтағы "салалық" деген сөз алып тасталсын;

4) 9 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар алып тасталсын;

4 және 8-тармақтардағы "жергілікті атқарушы органдарға", "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер тиісінше "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына", "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 12 - 14-баптар алып тасталсын;

6) 15-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары шағын кәсіпкерлікті дамыту, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін ұжымдасып қорғау мақсатында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады."

51. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат):

1) 1-баптың 20-тармақшасы алып тасталсын;

2) 6-баптың 1-тармақшасындағы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен," деген сөздер алып тасталсын;

3) 18-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

4) 64-баптың 1-тармағындағы "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

5) 6 5 - б а п т а :

1 және 2-тармақтардағы "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақтағы "Республикалық және жергілікті бюджеттер" және "тиісті бюджеттің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын; "республикалық бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 67-баптың 1-тармағындағы "мемлекеттік бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

52. "Сот приставтары туралы" 1997 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 201-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат):

11-баптағы "республикалық бюджет қаражатының" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын.

53. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 202-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - VI" деген цифрлар тиісінше "1 - 6" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай мазмұндағы жетінші - тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:
"терминологиялық комиссия - экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы саласындағы ұсыныстарды әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган;

ономастикалық комиссия - географиялық объектілердің атауына және олардың атауларын өзгертуге бірыңғай көзқарас қалыптастыру, топонимикалық атауларды қолдану мен есепке алуды ретке келтіру, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру, сақтау жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган;

уәкілетті орган - тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға жауапты орталық атқарушы орган.";

3) 23-баптың төртінші бөлігіндегі "терминология, ономастика жөніндегі тиісті мемлекеттік" деген сөздер "терминологиялық және ономастикалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

3) орталық және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар жасайды, тиісті органдарға Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарға тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

5) тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтің ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

6) терминологиялық және ономастикалық комиссиялардың қызметін үйлестіреді.";

5) мынадай мазмұндағы 25-1, 25-2 және 25-3-баптармен толықтырылсын:

"25-1-бап. Ономастикалық комиссияның құзыреті

1. Республикалық ономастикалық комиссияны Қазақстан Республикасының Үкіметі

:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне облыстардың, аудандар мен қалалардың атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы қорытындылар енгізу;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне өз құзыреті шеңберіндегі табиғи-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілердің атауы және олардың атауларын өзгерту туралы қорытындылар енгізу мақсатында құрады.

2. Облыстық ономастикалық комиссияларды облыстардың жергілікті атқарушы органдары :

1) ауылдардың (селолардың), кенттердің, ауылдық (селолық) округтердің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту ;

2) облыстың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті шеңберіндегі табиғи-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілердің атауы және олардың атауларын өзгерту туралы қорытындылар дайындау мен енгізу мақсатында құрады .

3. Қалалық ономастикалық комиссияларды:

1) республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, түйық көшелердің, парктердің, саябақтардың, көпірлердің және қаланың басқа да құрамдас бөліктерінің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті шеңберіндегі табиғи-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілердің атауы және олардың атауларын өзгерту туралы қорытындылар дайындау және енгізу мақсатында құрады;

2) облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, түйық көшелердің, парктердің, саябақтардың, көпірлердің және қаланың басқа да құрамдас бөліктерінің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы қорытындылар дайындау және енгізу мақсатында құрады.

25-2-бап. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының құзыреті

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы :

1) тілдерді қолдану мен дамытудың өңірлік бағдарламасын әзірлеп, бекітеді және оның орындалуын қамтамасыз етеді;

2) орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және аудандық атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар жасайды, тиісті органдарға Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарға тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

4) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған облыстық маңызы бар шаралар кешенін жүзеге асырады;

5) облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) ономастикалық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді.

25-3-бап. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының құзыреті

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында тілдерді қолдану және дамытудың өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейдегі іс-шараларды жүргізеді;

3) облыстардың атқарушы органдарына ауылдардың (селолардың), кенттердің, ауылдық (селолық) округтердің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді.";

б) 26-бап алып тасталсын.

54. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 206-құжат; 1998 ж., N 22, 307-бап; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 15-16, 236-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 48-құжат; N 12, 86-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - II" деген цифрлар тиісінше "1 - 2" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 1-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 8 - б а п т а :

тақырыбындағы "Нотариус лицензиясы" деген сөздер "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "жекеше нотариустар лицензияларының" деген сөздер "нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 13-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

5) 23-баптың тақырыбындағы "Жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 30-баптың 1-тармағындағы "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 3 1 - б а п т а :

1-тармақтағы "мемлекеттік нотариустың" деген сөздерден кейін "және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "Нотариустың салық туралы заңдарды" деген сөздер "Нотариустың және аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының салық заңдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 3 2 - б а п т а :

4) тармақшадағы "Жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімі туралы ережені әзірлеп, бекітеді;"

"9) нотариустардың қызметін лицензиялайды;"

мынадай мазмұндағы 10) - 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді және лицензия берілген адамдар туралы мәліметтерді ведомстволық б а с п а б а с ы л ы м ы н д а ж а р и я л а й д ы ;

11) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияны тоқтата тұру және оның күшін тоқтату туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ нотариустардың лицензияларын кері қайтарып алу туралы талаптарға бастамашылық етеді;

12) нотариаттық іс-әрекеттерді, нотариаттық куәліктер мен қаулыларды, мәмілелердегі және нотариустар куәландыратын құжаттардағы куәландыру жазбаларын тіркеу тізілімдерінің нысанын белгілейді;

13) жеке практикамен айналысатын нотариустардың аттестациядан өту тәртібін б е к і т е д і ;

14) Республикалық нотариаттық палатаның келісімі бойынша нотариустардың қызметін бақылау тәртібін бекітеді;

15) кадрлық резерв және нотариустың бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы ережені бекітеді;

16) осы Заңға сәйкес өз құзыреті шегінде нотариаттық қызметті реттеуді жүзеге асырады.";

9) 3 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

3) тармақшадағы "жергілікті атқару органдарының" деген сөздер "аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының" деген сөздермен ауыстырылсын";

4) тармақшадағы "мемлекеттік нотариустар" деген сөздерден кейін "және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының лауазымды адамдары" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) халыққа мемлекеттік және жекеше нотариустардың қызмет ету аумағы туралы ұдайы хабарлап отырады;"

мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

10) нотариаттық іс-әрекет жасауға уәкілетті аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарын аттестациялауды жүргізеді;

11) осы Заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік нотариатты оңтайландыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) тиісті нотариаттық округте қызметі тоқтатылған нотариустың жеке мөрін жою және құжаттарын басқа нотариусқа немесе жеке нотариаттық мұрағатқа беру жөніндегі , сондай-ақ егер нотариус лицензиясының күші тоқтатылған жағдайда лицензияға беру үшін лицензияны алып қою жөнінде шаралар қабылдайды.";

10) 35-баптың тақырыбындағы және 1-тармағындағы "Жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 46-баптың 1-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер " аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының" деген сөздермен ауыстырылсын.

55. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж ., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 10, 57-құжат):

1) мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - XIX" деген цифрлар тиісінше "1 - 19" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай мазмұндағы отыз жетінші - қыркыншы абзацтармен толықтырылсын:

"стратегиялық объект - іске асырылуы табиғи ресурстарды барлау, өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу, пайдалану, республикалық маңызы бар инфрақұрылым, республикалық маңызы бар аэроғарыштық және әскери кешендер, байланыс, энергетика саласындағы қызметпен тікелей байланысты сараптама объектісі;

трансшекаралық объект - іске асырылуы екі немесе одан да көп облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және (немесе) шектес мемлекет аумағының қоршаған ортасына және адамдар денсаулығына зиянды әсер ететін немесе зиянды әсер етуі ықтимал сараптама объектісі;

экологиялық қауіпті объект - іске асырылуы ауқымы әрі ұзақтығы бойынша қоршаған ортаға зиянды әсер ететін немесе әсер етуі ықтимал және халықтың өмірі мен денсаулығына ерекше қауіп төндіретін сараптама объектісі;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар - қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық, техникалық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені.";

3) 7 - б а п т а :

екінші абзацтағы "және тактикалық" деген сөздер алып тасталсын;

сегізінші және тоғызыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда табиғи ресурстарды облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін табиғат пайдалануға беру туралы шешімдер қабылдайды, табиғат пайдалану шарттарын (к е л і с і м - ш а р т т а р ы н) ж а с а с а д ы ;

табиғат пайдалануға рұқсат беру, рұқсат беруден бас тарту, оны қолдануды тоқтата тұру және күшін жою тәртібін бекітеді;"

оныншы абзац "жүргізу тәртібін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ қоршаған ортаның ластанған учаскелерін және оларды ластау көздерін" деген сөздермен толықтырылсын;

он бесінші абзацтағы "арнаулы уәкілетті органдардың тізбесін" деген сөздер " арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдар туралы ережені" деген сөздермен; "бұл салада" деген сөздер "бұл салалардағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

он сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастырудың және жүзеге асырудың тәртібін белгілейді;"

мынадай мазмұндағы он тоғызыншы - жиырма бірінші абзацтармен толықтырылсын:

"табиғат қорғау іс-шараларына жатқызудың тәртібін белгілейді; облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін қоршаған ортаны ластауға лимиттер мен квоталар белгілейді;

іс-шараларды қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға жатқызу ережесін бекітеді.";

4) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды басқару функцияларын жүзеге асыратын өзге де орталық атқарушы органдар мен облыстардың (республикалық маңызы бар қала, астана) жергілікті атқарушы органдарының қызметін ү й л е с т і р е д і ;

2) қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізеді және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық міндеттерді шешу үшін мемлекеттік экологиялық бағдарламалардың орындалуын ұйымдастырады;

3) өз құзыреті шегінде шаруашылық және өзге де қызмет бойынша экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптарды бекітеді немесе келіседі;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне, экологиялық аудиторлық қызметке, табиғат қорғауды жобалауға, нормалауға және экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарға лицензиялар береді, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемнің есептік с т а в к а л а р ы н а й қ ы н д а й д ы ;

5) облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін қоршаған ортаны ластауға лимиттер мен квоталар әзірлейді;

6) қоршаған ортаның мемлекеттік мониторингі бойынша жұмыс жүргізеді, сондай-ақ қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай жүйесіне басшылық жасайды, өндірістік мониторинг жүргізудің үлгі тәртібін бекітеді;

7) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілердің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді;

8) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

9) өзінің аумақтық органдары арқылы су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау жоспарларын келісуге, су объектілері мониторингін жүргізуге, өз құзыреті шегінде су қорын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, бассейндік келісімдерді әзірлеуге және олардың жүзеге асырылуын бақылауға, су объектілерін пайдалану, молықтыру және қорғау жөніндегі мемлекеттік (аймақтық және бассейндік) бағдарламалар үшін ережелер әзірлеуге, сондай-ақ су ресурстарын басқарудың бассейндік принципін іске асыруға қатысады;

10) өз құзыреті шегінде жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жү з е г е а с ы р а д ы ;

11) жергілікті маңызы бар қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламалар мен

іс-шаралар жоспарларын келіседі;

12) мемлекеттік табиғи қорық қорының табиғи ресурстары мен объектілерін қорғау, молықтыру әрі пайдалану саласындағы экологиялық талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

13) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар тізбесін әзірлейді және бекітеді;

14) мемлекеттік табиғи қорық қорының объектілеріне жалпы басшылық жасауды үйлестіреді және жүзеге асырады;

15) табиғи ресурстарды мемлекеттік есепке алуды және олардың мемлекеттік кадастрларын жүргізеді;

16) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар тізбесін әзірлейді және бекітеді.";

5) 9-баптағы "өзге де орталық атқарушы органдарының" деген сөздер "арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 1 0 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының құзыреті";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары:";

екінші абзацтағы "бағдарламаларды" деген сөзден кейін "және іс-шаралар тізбесін" деген сөздермен толықтырылсын; "тиісті" деген сөздің алдынан "экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тактикалық міндеттерін шешу үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші және алтыншы абзацтар алып тасталсын;

төртінші абзацтағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзацтағы "белгілейді" деген сөз "бекітеді" деген сөзбен ауыстырылсын; "есептеулер негізінде" деген сөздер "есептеулерден кем болмайтындай етіп" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"қоршаған ортаны ластауға лимиттер (аудандар мен қалалар бөлінісінде) белгілейді.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары :

1) т а б и ғ а т п а й д а л а н у д ы :

табиғат қорғау объектілерін салу мен қайта құруды қамтамасыз ету; шағын өзендер мен су қоймаларын қорғау, олардың ластануын, су тасқынын, су басып кетуді, жағалаулардың бұзылуын және судың басқа да әсерін болғызбау әрі жою;

атмосфералық ауаның ластануын азайту мақсатында көлік тасқынын реттеу; қалалар мен кенттер аумақтарының ластануы; жерді құнарсызданудан, шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан, селден, батпақтанудан, қайталама орнығудан, құрғаудан, тығызданудан, өндіріс пен тұтынудың тұрмыстық және қауіпті қалдықтарымен ластанудан қорғау; жерді өз бетімен басып алу, ағаштарды заңсыз кесу жағдайларын анықтау; ормандағы және даладағы өрттерден қорғау, орман ортасын құрайтын және орман ортасын қорғайтын функцияларын сақтауды, сондай-ақ көшеттерді, дәрілік, тағамдық және техникалық өсімдік шикізатын уақтылы қалпына келтіру жағдайларын қамтамасыз ететін тәсілдермен және әдістермен жұмыс жүргізу; шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде биологиялық алуан түрлілікке қатер төнуін болдырмау және оның теріс әсерін жою үшін шаралар қабылдау; атмосфералық ауаны қорғау мен сауықтыру; жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға резервке алу мәселелері бойынша р е т т е й д і ;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен келісілген қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану жөніндегі іс-шаралар көзделетін бағдарламалар мен өзге де құжаттар әзірлеуді және оларды облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының бекітуіне енгізуді ұйымдастырады;

3) экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы бар кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді салуға әрі қайта құруға тыйым салу туралы қорытындылар әзірлейді, экологиялық талаптар бұзылған жағдайда шаруашылық және өзге де қызмет жүргізуді тоқтата тұрады және тиісті шаралар қабылдайды;

4) ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени құндылығы бар қоршаған орта объектілерін қорғау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдайды немесе жоғары тұрған органдарға ұсыныстар енгізеді;

5) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерді қоспағанда, шаруашылық қызмет объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама ұйымдастырады және жүргізеді;

6) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырады ;

7) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кәсіпорындардың табиғат пайдалануын басқаруды жүзеге асырады;

9) қоршаған ортаны ластауға белгіленген лимиттер шегінде квоталар (аудандар мен қалалар бөлінісінде) белгілейді.";

7) 1 4 - б а п т а :

үшінші абзацтағы "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын; "немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары" деген сөздер алып тасталсын;

8) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Қоршаған ортаны ластауға және табиғи ресурстарды алуға лимиттер мен квоталар

Қоршаған ортаны ластауға лимиттер мен квоталарды Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін белгілеген лимиттер мен квоталар шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары, ал табиғи ресурстарды алуға - қолданылып жүрген нормативтерге, шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын талаптарға сәйкес осы ресурстарды пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органдар белгілейді."

9) 16-баптағы "жыл сайын" деген сөздер алып тасталсын;

10) 17-баптағы "ұлттық (мемлекеттік) бағдарламаларға сәйкес бюджет қаражаты есебінен" деген сөздер алып тасталсын;

11) 20-баптың 1-тармағында: бесінші және сегізінші абзацтар мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, молықтыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;"

"шаруашылық қызметінің экологиялық қауіпті түрлері жүзеге асырылған кезде қоршаған ортаға өндірістік мониторинг пен бақылау жүргізуге;"

12) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында лицензиялануға тиісті қызмет түрлері

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында:

1) шаруашылық қызметінің экологиялық қауіпті түрлері;

2) экологиялық аудиторлық қызмет;

3) экологиялық сараптама саласындағы табиғат қорғауды жобалау, нормалау және жұмыстар міндетті түрде лицензиялануға тиіс.";

13) 22-баптың бірінші бөлігіндегі ", олардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді" деген сөздер алып тасталсын;

14) 24-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады және онда:";

15) 25-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өндірістік мониторинг деректері мен стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілердің қоршаған ортаға әсері туралы есептілік - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға, шаруашылық қызмет субъектілерінің - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімдерде беріледі.";

4-тармақ "орталық атқарушы органға" деген сөздерден кейін "және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 26-баптың сегізінші абзацындағы "құру болып табылады" деген сөздер "құру;" деген сөздермен ауыстырылып, бап мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"қоршаған ортаны ластаудан келтірілген зиянды экономикалық бағалау және өтеу болып табылады.";

17) 27-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық бағдарламалар мен шараларды қаржыландыру:

1) бюджет қаражаты;

2) экологиялық сақтандыру қаражаты;

3) табиғат пайдаланушылардың өз қаражаты;

4) жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырымалдықтары есебінен жүргізіледі.";

18) 29-баптың үшінші бөлігіндегі бірінші сөйлем алып тасталсын;

19) 31-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру қоршаған ортаны қорғауды тиімді жүзеге асыратын заңды тұлғаларға - табиғат пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жеңілдіктер мен преференциялар беру және ынталандыратын сипаттағы өзге де шаралар арқылы жүзеге асырылады.";

20) 51-баптың 3-тармағының 4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

21) 54-баптың бірінші бөлігіндегі "қоршаған ортаны қорғау саласында арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдардың" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның, оның жергілікті жерлердегі аумақтық бөлімшелерінің және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік бақылау бөлімшесінің басшысы болып табылатын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы;

2) лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік бақылау бөлімшесі басшысының орынбасары болып табылатын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары ;

3) лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік бақылау бөлімшесі басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары және бастықтардың орынбасарлары болып табылатын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары;

4) лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік бақылау бөлімшесінің бас және жетекші мамандары болып табылатын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары ;

5) лауазымы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдары бастықтарының орынбасарлары болып табылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары;

6) лауазымы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау аумақтық органдарының мемлекеттік бақылау бөлімдерінің бастықтары және бастықтарының орынбасарлары болып табылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары;

7) лауазымы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдарының мемлекеттік бақылау бөлімдерінің бас және жетекші мамандары болып табылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жатады.

2. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органының бас мемлекеттік инспекторларында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген бланктер болады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторға, бас мемлекеттік инспектордың орынбасарына және аға мемлекеттік инспекторлар мен мемлекеттік инспекторларға белгіленген тәртіппен бірыңғай үлгідегі мөр, куәліктер мен нысанды киім беріледі.

77-2-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласында бақылауды жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) лауазымды адамдары

Қоршаған ортаны қорғау саласында қызметін жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының лауазымды адамдарына облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдіктерінің тиісті бөлімшелерінің қызметшілері жатады.";

28) 79-баптың бірінші бөлігіндегі "орталық атқарушы органның" деген сөздер " орталық атқарушы органмен немесе облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен жасалған" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 80-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қоршаған ортаны қорғау саласында бақылауды жүзеге асыратын адамдардың арнайы құралдарды, атыс қаруы мен нысанды киімді сақтауға, алып жүруге және қолдануға құқығы бар.";

30) 86-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "белгіленген тәртіппен нұқсанды есептеудің бекітілген кесімді бағасы мен әдістемесіне сәйкес, ал олар болмаған жағдайда келтірілген залалдарды ескере отырып, қоршаған ортаның бұзылған жай-күйін қалпына келтіруге жұмсалған нақты шығындар бойынша" деген сөздер " қоршаған ортаны ластадан келтірілген нұқсанның белгіленген экономикалық бағасына сәйкес соттың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын.

56. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 215-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат; N 24, 338-құжат; 2004 ж., N 10, 57-құжат):

1) 8 - б а п т а :

үшінші абзац алып тасталсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды, олардың Қазақстан Республикасының заңдарын, Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауын қамтамасыз етеді";

он үшінші абзац алып тасталсын;

2) 1 1 - б а п т а :

тақырыбындағы "Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың" деген сөздер " Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "ерекше" деген сөздің алдынан "жергілікті маңызы бар" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац алып тасталсын;

алтыншы абзацта "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс шегінде орналасқан" деген сөздер "жергілікті маңызы бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы абзацтағы "жергілікті өкілді органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы шешімдер қабылдау

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы шешімдерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы шешімдерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы шешім қабылдау үшін табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерге мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындылары болуы қажет.";

4) 35-баптың 2-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 37-баптың бірінші абзацындағы "уәкілетті" деген сөздің алдынан "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 46-1-баптағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 7 3 - б а п т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджет қаражатының";

үшінші және төртінші абзацтар алып тасталсын;

8) 74 және 75-баптар алып тасталсын;

9) 81 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші және екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды өз құзыреті шегінде мыналар жүзеге асырады:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган;"

үшінші абзац "жергілікті" деген сөздің алдынан "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдар" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "қоршаған ортаны қорғау туралы" деген сөздер "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

57. "Сот сараптамасы туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 276-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 21-22, 281-құжат):

1) 20-бап алып тасталсын;

2) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Сот сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру

Сот сараптамасы органдарында сот сараптамасын жүргізуді қаржыландыру, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Сот сараптамасы органдарында сот сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген, соттың дәлелденген анықтамасымен расталған негіздер болған жағдайларды қоспағанда, азаматтық істер бойынша - тараптар есебінен жүзеге асырылады.

Азаматтық істер бойынша сараптамаларды және мамандандырылған зерттеулерді жүргізу кезінде, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін бағдарламаларға енбейтін ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізу кезінде сот сараптамасы органы шеккен шығыстарды өтеу бөлігінде сот сараптамасы органы алған сомалар сот сараптамасы органдарының шоттарына сот сарапшыларын кәсіптік даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға, сондай-ақ сот-сараптама қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіруге аударылады.";

3) 23-бап алып тасталсын;

4) 24-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

58. "Адвокаттық қызмет туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 22, 328-құжат; 2001 ж., N 15-16, 236-құжат; 2003 ж., N 11, 65-құжат):

1) 5-баптың 2-тармағындағы "республикалық бюджет қаражатынан" деген сөздер "бюджет қаражатынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "Адвокаттар лицензияларының мемлекеттік тізілімі" деген сөздер "Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімі" деген сөздермен ауыстырылсын.

59. "Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 341-құжат; 2001 ж., N 8, 50-құжат; N 21-22, 285-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 6, 76-құжат):

1) 29-бап алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 4-1-тараумен толықтырылсын:

"4-1-тарау. Оралмандарға берілетін жеңілдіктер, өтемақылар және атаулы көмектің басқа да түрлері

29-2-бап. Орталық мемлекеттік басқару органдары

Халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін орталық мемлекеттік органдар оралмандарға:

1) халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган:

Қазақстан Республикасының заңдарына немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес зейнетақы төлеуді;

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты жәрдемақылар төлеуді;

"Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеуді;

азаматтығы қалпына келтірілгендердің "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өтемақыға құқықтарын іске асыруды;

2) білім беру саласындағы уәкілетті орган:

орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға түсу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде квота бөлуді;

3) Сыртқы істер министрлігі:

Қазақстан Республикасына келуге виза беру үшін консулдық алымдардан босатуды;

4) Қорғаныс министрлігі:

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қарулы Күштер қатарында қызмет атқаруға шақыруды кейінге қалдыруды қамтамасыз етеді.

29-3-бап. Жергілікті атқарушы органдар

1. Халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін жергілікті атқарушы органдар :

1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары :

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуды;

2) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы: "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді; жұмысқа орналасуда, біліктілігін арттыруда және жаңа мамандықты игеруде көмек көрсетуді;

мұқтаж болғандарға мектептерден, мектепке дейінгі ұйымдардан, сондай-ақ әлеуметтік қорғау мекемелерінен орын беруді; мемлекеттік тілді және орыс тілін оқып-үйренуге жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасына оралмандардың көшіп келу квотасынан тыс көшіп келген оралмандарға жеңілдіктер мен өтемақылар белгілеуге құқылы.

3. Оралмандарға жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бау-бақша өсіру және саяжай салу үшін жер учаскелерін беру Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес ауылдық елді мекендердің ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерінен, көшіп келушілер жер қорынан, арнаулы жер қорынан және жер запасынан уақытша қайтарымсыз жер пайдалану құқығымен жүзеге асырылады.

29-4-бап. Көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға қосымша жеңілдіктер

Көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға жоғарыда аталған жеңілдіктер мен өтемақылардан басқа мемлекет атынан:

1) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган: шекарадан кеден төлемдерін және салықтар алмай өткізуді;

2) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган: тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарды өтеуді;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлуді және біржолғы жәрдемақылар төлеуді қамтамасыз етеді."

60. "Энергия үнемдеу туралы" 1997 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 343-құжат):

1) 6-баптың үшінші, төртінші, жетінші және тоғызыншы абзацтары алып тасталсын;

2) 7 - б а п т а :

үшінші абзацтағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"энергия үнемдеу бағдарламаларын әзірлейді;"

мынадай мазмұндағы сегізінші және тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

"энергия үнемдеудің және жаңғыртылатын энергетикалық ресурстарды пайдалануды ынталандырудың нормативтік-әдістемелік, құқықтық және экономикалық т е т і к т е р і н ә з і р л е й д і ;

энергия үнемдеу саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастырады.";

3) 8 - б а п т а :

тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының энергия үнемдеу саласындағы құзыреті

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді о р г а н д а р ы :

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде энергия үнемдеу бағдарламаларын б е к і т е д і ;

облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары басшыларының энергия үнемдеу бағдарламаларының орындалуы туралы есептерін қарайды.";

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:";

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"энергия үнемдеу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етеді;"

үшінші абзац алып тасталсын;

4) 9-баптағы "мемлекеттік" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 13-баптағы "мемлекеттік бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 18-бап алып тасталсын.

61. "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 5-6, 48-кұжат):

1) 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі иондаушы сәулелендіру әсеріне

байланысты аурулардың тізбесін және себептік байланысын анықтау тәртібін белгілейді.";

2-тармақтың бірінші абзацындағы "Атом энергиясы жөніндегі өкілетті орган" деген сөздер "Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Мемлекеттік органдардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі

Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның өкілеттігіне мыналар жатады:

1) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормалар мен ережелерді әзірлеу және бекіту, олардың сақталуын бақылау;

3) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

4) иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу саласындағы лицензиялануға жататын қызмет түрлерін белгілеу;

5) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде халықтың сәуле алу дозаларын бақылау мен есепке алу саласындағы мемлекеттік басқарудың бірыңғай жүйесін құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

6) ядролық материалдардың және басқа да иондаушы сәулелендіру көздерінің экспортын, импортын, орын ауыстыруын, транзитін және орналастырылуын жүзеге асыруды бақылау;

7) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты және халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерді орындауды жүзеге асыру.

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның өкілеттігіне мыналар жатады:

1) иондаушы сәулелендіру көздерінен зардап шеккен халықты медициналық сауықтыру саласындағы бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

2) радиациялық авариялар салдарынан радиоактивті ластануға ұшыраған аумақтарда тіршілік ету жағдайлары мен оларда тұрудың ерекше режимдерін регламенттеу;

3) сәулеленуге ұшыраған халыққа көмек көрсетілуін бақылау.";

3) 8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өндірістік бақылауды орындау тәртібі әрбір ұйым үшін ол орындайтын жұмыстардың ерекшеліктері мен жағдайлары ескеріле отырып белгіленеді, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық

салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісіледі және оны атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.";

4) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Радиациялық қауіпсіздіктің жай-күйін бағалауға қойылатын талаптар

1. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында жоспарлау және шешімдер қабылдау, мемлекеттік органдардың, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ қызметін иондаушы сәулелендіру көздерін пайдалана отырып жүзеге асыратын ұйымдардың аталған шешімдердің тиімділігіне талдау жасауы кезінде радиациялық қауіпсіздік саласында белгіленген ережелер мен гигиеналық нормативтерді сақтау мақсатында радиациялық қауіпсіздікті бағалау жүргізіледі.

2. Радиациялық қауіпсіздікті бағалауды халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган мыналардың негізінде:

1) қоршаған ортаның радиоактивті ластану сипаттамасы;

2) радиациялық қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралардың қамтамасыз етілуіне және радиациялық қауіпсіздік саласындағы нормалардың, ережелер мен гигиеналық нормативтердің орындалуына талдау жасау;

3) радиациялық авариялардың ықтималдылығы мен олардың ауқымы;

4) радиациялық авариялар мен олардың салдарларын "тиімді түрде жоюға әзірлік дәрежесі";

5) халықтың жекелеген топтарының барлық иондаушы сәулелендіру көздерінен алатын сәулелену дозаларына талдау жасау;

6) сәулелену мөлшерінің белгіленген шегінен асып түсетін мөлшерде сәуле алған адамдарды саны негізінде жүзеге асырады.

3. Радиациялық қауіпсіздікті бағалау нәтижелерін атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган талдайды және бекітеді.";

5) 16-баптың төртінші абзацындағы "жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 17-баптың екінші абзацындағы "жергілікті мемлекеттік басқару" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын.

62. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 1998 жылғы 20 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 7-8, 79-құжат; 2001 ж., N 15-16, 228, 229-құжаттар; 2002 ж., N 6, 75-құжат; 2003 ж., N 24, 178-құжат):

1) 3 - б а п т а :

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының астанасын басқару схемасын жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгі құрылымына сәйкес бекітеді.";

2) 4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "атқарушы органдары" деген сөздер "атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбеге" деген сөздер "жер туралы заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "Үкіметі бекіткен тәртіпке" деген сөздер "жер туралы заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша алып тасталсын.

63. "Жосықсыз бәсеке туралы" 1998 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 9-10, 84-құжат; 2000 ж., N 21, 397-құжат):

1) 1-баптың сегізінші абзацындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы органның құзыреті";

1-тармақ алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган:

1) шекарасы бір облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) шегінен шығатын белгілі бір тауар рыноктарындағы жосықсыз бәсеке туралы істерді Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қарауға және әкімшілік жазалар қолдану туралы шешімдер қабылдауға, кінәлі тұлғаларға бәсекені шектейтін немесе жоятын іс әрекеттерді тоқтату туралы орындалуы міндетті нұсқамалар жіберуге ;

2) жосықсыз бәсекені тоқтату және оның салдарларын жою туралы, сондай-ақ жосықсыз бәсеке нәтижесінде алынған кірісті бюджетке аудару туралы рынок субъектілерінің орындауы міндетті шешімдер қабылдауға;

3) заңды және жеке тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, олардың лауазымды адамдарынан жосықсыз бәсеке фактілерін қарау үшін қажетті ақпарат, оның ішінде жазбаша және ауызша түсініктемелер сұратуға және алуға;

4) мемлекеттік органдарға бәсекені шектейтін немесе жоятын заңсыз актілердің

күшін жою немесе оларды өзгерту туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізуге;

5) жосықсыз бәсекенің жолын кесу және оның салдарларын жою туралы, жосықсыз бәсекені жүзеге асыру кезеңінде алынған кірісті республикалық бюджетке алып қою туралы, жосықсыз бәсекені жүзеге асыру кезеңінде жеке кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға, сондай-ақ тұтынушыларға келтірілген залалды өндіріп алу туралы, өнімді контрафактілік деп тану туралы талап қойып, сотқа жүгінуге;

6) жосықсыз бәсеке фактілері жөніндегі қылмыстардың белгілері бойынша қылмыстық іс қозғау туралы материалдарды құқық қорғау органдарына жіберуге;

7) облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органынан қажетті ақпаратты сұратуға және оның ұсынылатын мерзімін белгілеуге құқылы.";

3) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Монополияға қарсы саясат саласындағы облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) атқарушы органның құзыреті

Монополияға қарсы саясат саласындағы облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) атқарушы орган:

1) осы бапта аталғандарды қоспағанда, шекарасы бір облыстан (республикалық маңызы бар қаладан, астанадан) аспайтын белгілі бір тауар рыноктарындағы жосықсыз бәсеке туралы істерді Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қарауға және өз құзыреті шегінде әкімшілік жазалар қолдану туралы шешімдер қабылдауға, кінәлі тұлғаларға бәсекені шектейтін немесе жоятын іс-әрекеттерді тоқтату туралы орындалуы міндетті нұсқамалар жіберуге;

2) жосықсыз бәсекені тоқтату және оның салдарларын жою туралы, сондай-ақ жосықсыз бәсеке нәтижесінде алынған кірісті жергілікті бюджетке аудару туралы рынок субъектілерінің орындауы міндетті шешімдер қабылдауға;

3) заңды және жеке тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, олардың лауазымды адамдарынан жосықсыз бәсеке фактілерін қарауға қажетті ақпарат, оның ішінде жазбаша және ауызша түсініктемелер сұратуға және алуға;

4) мемлекеттік органдарға бәсекені шектейтін немесе жоятын заңсыз актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізуге;

5) жосықсыз бәсекенің жолын кесу және оның салдарларын жою туралы, жосықсыз бәсекені жүзеге асыру кезеңінде алынған кірісті жергілікті бюджетке алып қою туралы, жосықсыз бәсекені жүзеге асыру кезеңінде жеке кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға, сондай-ақ тұтынушыларға келтірілген залалды өндіріп алу туралы, өнімді контрафактілік деп тану туралы талап қойып, сотқа жүгінуге;

б) жосықсыз бәсеке фактілері жөніндегі қылмыстардың белгілері бойынша қылмыстық іс қозғау туралы материалдарды құқық қорғау органдарына жіберуге құқылы."

64. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 11-12, 173-құжат; 2000 ж., N 5, 115-құжат; 2004 ж., N 14, 84-құжат):

1) 8-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "салық" деген сөз "қаржы" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 14-баптың бірінші абзацындағы "Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың", "Жергілікті өкілді және атқарушы органдар" деген сөздер тиісінше "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының", "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 25-баптағы "республикалық бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын.

65. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1998 ж., N 14, 200-құжат; N 22, 308-құжат; N 24, 443-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173, 176-құжаттар, N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 14, 84-құжат):

1) 3-баптың 9) тармақшасы алып тасталсын;

2) 4 - б а п т а :

1) тармақша алып тасталсын;

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбеге сәйкес қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

6) Алматы қаласын дамытудың бас жоспарын іске асыруды және оның мониторингін қамтамасыз етеді;"

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) жергілікті өкілді органға жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгі құрылымына сәйкес Алматы қаласын басқару схемасын бекітуге ұсынады.";

3) 5 және 6-баптар алып тасталсын.

66. "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат):

1) кіріспе мен 1-бапта орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

2) 3 - б а п т а :

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) уәкілетті орган - белгіленген құзыреті шегінде табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган немесе облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) атқарушы орган;"

3) 4 - б а п т а :

3-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-бапта 16) тармақшадағы "міндетті" деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

"17) табиғи монополиялар аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызмет түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алу әдістемесін әзірлеуге әрі келісуге міндетті.";

5) 12 - 14 және 14-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Уәкілетті орган

Табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органның ережесін, құрылымы мен жалпы штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

"13-бап. Уәкілетті органның функциялары

1. Табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган:

1) екі немесе одан да көп облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағында қызметін жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерін, сондай-ақ кірісі жылына үш жүз елу мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табиғи монополиялар субъектілерін не табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) соңғы тұтынушылардың кем дегенде жиырма бес проценті облыстан (республикалық маңызы бар қаладан, астанадан) тыс жерде орналасса, табиғи монополиялар субъектілерін бақылауды және реттеуді жүзеге асырады;

2) табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөлімін қалыптастырады және жүргізеді;

3) мемлекеттік органдар және табиғи монополиялар субъектілерінің орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

4) табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) есептеудің кемсітпейтін әдістемелерін немесе олардың шекті деңгейлерін әзірлейді, бекітеді және қолданады;

5) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарды қолдану практикасын қорытады, осы негізде әдістемелік ұсынымдар әзірлейді.

2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы:

1) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында аталғандарды қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін реттеу мен бақылауды жүзеге асырады;

2) табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімін қалыптастырады және жүргізеді;

3) табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органға тоқсан сайын табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша табиғи монополия субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектілерінің қызметі туралы есепті жібереді.

14-бап. Уәкілетті органның құқықтары

1. Табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган өз құзыреті шегінде:

1) табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушылармен жасасатын үлгі шарттарды әзірлеуге және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынуға;

2) табиғи монополия аясындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілерді табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізу туралы не одан шығару туралы шешімдер қабылдауға;

3) мемлекеттік реттеу мен бақылауды енгізу, өзгерту немесе тоқтату туралы табиғи монополиялар субъектілері үшін міндетті шешімдер қабылдауға;

4) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес табиғи монополиялар қызметін реттейтін және бақылайтын шешімдер қабылдауға;

5) өз құзыреті шегінде табиғи монополиялар аясында осы Заңды бұзу фактілері бойынша бұзушылықтардың жолын кесу және олардың салдарларын жою туралы шешімдер қабылдауға;

6) табиғи монополия субъектілеріне Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда, табиғи монополия субъектілерінің көрсететін қызметтеріне тұтынушылармен шарттар жасасу туралы, жасалған шарттарға өзгерістер енгізу туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізуге;

7) табиғи монополиялар субъектілеріне, мемлекеттік органдарға табиғи монополиялар туралы Қазақстан Республикасының заңдарын олар бұзған жағдайда орындалуы міндетті нұсқамалар, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыру және (немесе) мүлкін иеліктен айыру туралы нұсқамалар енгізуге;

8) осы Заң бұзылған жағдайларда сотқа жүгінуге;

9) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік

органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарынан өз өкілеттігін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

10) өз бастамасымен бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлары мен өздерінің қолында бар өзге де материалдардың негізінде, мемлекеттік органдардың, азаматтардың, заңды тұлғалардың, мүдделі тұлғалардың жазбаша арыздары мен хабарларының және табиғи монополия субъектілері өтініштерінің негізінде Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдары тұрғысынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға;

11) табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік сметаларын ол белгілеген тәртіппен өзгертуге бастамашылық жасауға;

12) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін сатып алуды бақылауды жүзеге асыруға;

13) табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауын бақылауды жүзеге асыруға;

14) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) қолданылу мерзімдерін кемінде алты айға белгілеуге;

15) реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және өзге де қызмет бойынша тұтас алғанда кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу тәртібін бекітуге;

16) тағайындалатын оңалтушы басқарушының кандидатурасын және табиғи монополия субъектісін оңалту жоспарын келісуге;

17) мемлекеттік органдар олардың құзыреті шегінде белгілеген сапаға қойылатын талаптарды ескере отырып, табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге;

18) ол белгілеген тәртіппен табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерінің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу әдістемесін келісуге;

19) бағалау қызметі саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарын қайта бағалауды жүргізу тәртібі мен шарттарын бекітуге;

20) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін, тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаларды келісуге, сондай-ақ табиғи

монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын және инвестициялық жобаларын іске асыру тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру тәртібін бекітуге;

21) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдары мәселелері бойынша түсініктемелер беруге құқылы.

2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы өз құзыреті шегінде:

1) табиғи монополия аясындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілерді табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізу туралы не одан шығару туралы шешімдер қабылдауға;

2) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттейтін шешімдер қабылдауға;

3) өз құзыреті шегінде табиғи монополиялар аясында осы Заңды бұзу фактілері бойынша бұзушылықтардың жолын кесу және олардың салдарларын жою туралы шешімдер қабылдауға;

4) табиғи монополия субъектілеріне Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда, табиғи монополия субъектілерінің көрсететін қызметтеріне тұтынушылармен шарттар жасасу туралы, жасалған шарттарға өзгерістер енгізу туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізуге;

5) табиғи монополиялар субъектілеріне, мемлекеттік органдарға олар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарын бұзған жағдайда орындалуы міндетті нұсқамалар, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыру және (немесе) мүлкін иеліктен айыру туралы нұсқамалар енгізуге;

6) осы Заң бұзылған жағдайларда сотқа жүгінуге;

7) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарынан өз өкілеттігін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

8) өз бастамасымен бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлары мен өздерінің қолында бар өзге де материалдардың негізінде, мемлекеттік органдардың, азаматтардың, заңды тұлғалардың, мүдделі тұлғалардың жазбаша арызы мен хабарларының және табиғи монополия субъектілері өтініштерінің негізінде Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдары тұрғысынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға;

9) табиғи монополиялар аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін, тарифтік сметаларын өзгертуге бастамашылық жасауға;

10) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына,

жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін сатып алуды бақылауды жүзеге асыруға;

11) табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауын бақылауды жүзеге асыруға;

12) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің қолданылу мерзімдерін кемінде алты айға белгілеуге;

13) тағайындалатын оңалтушы басқарушының кандидатурасын және табиғи монополия субъектісін оңалту жоспарын келісуге;

14) мемлекеттік органдар олардың құзыреті шегінде белгілеген сапаға қойылатын талаптарды ескере отырып, табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге;

15) табиғи монополиялар аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерінің түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу әдістемесін келісуге;

16) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілетін инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаларды келісуге құқылы.

3. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтердің жария етілгені үшін белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

14-1-бап. Уәкілетті органның міндеттері

1. Табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган:

1) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін заңсыз көтеру және (немесе) іс жүзінде орындалмаған жұмыстардың құнын тарифке (бағаға, алым ставкасына) немесе олардың шекті деңгейлеріне енгізу, тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдар қаражатын мақсаттан тыс пайдалану, тарифтік сметаның шығындарының баптарын орындауда бекітілген мөлшерінен бес проценттен артық ауытқуы арқылы келтірген залалды тұтынушыларға өтеу үшін уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдауға;

2) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге немесе өзгертуге өтінімін қарауға қабылдаудан бас тартуын жазбаша негіздеуге;

3) тұтынушыларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтері барынан басқа, табиғи монополия субъектілерінің қызметін

реттеу мәселелері бойынша қабылданған шешімдермен таныстыруға;

4) табиғи монополия субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін өзгертуге өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдауды өткізуге;

5) мыналардың:

тарифтік сметаларды, тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітудің;

тарифтік сметалардың, тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің жобаларын ұсынудың;

уақытша төмендету коэффициентін бекітудің тәртібін айқындауға міндетті.

2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы:

1) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін заңсыз көтеру және (немесе) іс жүзінде орындалмаған жұмыстардың құнын тарифке (бағаға, алым ставкасына) немесе олардың шекті деңгейлеріне енгізу, тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдар қаражатын мақсаттан тыс пайдалану, тарифтік сметаның шығындарының баптарын орындауда бекітілген мөлшерінен бес проценттен артық ауытқуы арқылы келтірген залалды тұтынушыларға өтеу үшін уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдауға;

2) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге немесе өзгертуге өтінімін қарауға қабылдаудан бас тартуын жазбаша негіздеуге;

3) тұтынушыларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтері барынан басқа, табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері бойынша қабылданған шешімдермен таныстыруға;

4) табиғи монополия субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін өзгертуге өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдауды өткізуге;

5) табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органның талап етуі бойынша ол белгілеген мерзімде қажетті ақпаратты ұсынуға;

6) табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган бекіткен табиғи монополия аясында тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін белгілеудің кемсітпейтін әдістемелерін қолдануға міндетті.";

6) 15-1-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "Уәкілетті орган" деген сөздер "Табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "уәкілетті орган" деген сөздер "табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "уәкілетті орган" деген сөздер "табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 18-4-баптың 5-тармағындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

67. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 220-құжат; 2001 ж., N 23, 318-құжат):

1) 10-баптың 8) және 13) тармақшалары алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары :

1) асыл тұқымды мал шаруашылығын сақтау және дамыту жөніндегі облыстық (аймақтық) бағдарламаларды әзірлейді;

2) асыл тұқымды мал шаруашылығын: асыл тұқымды малды сатып алуға алынған кредиттердің сыйақы ставкаларын; құрылатын асыл тұқымды мал орталықтарында тұқымдық малды сатып алу мен ұстауға және асыл тұқымды өнімдерін (материалды) сақтауға арналған шығындарды; дистрибьютерлік орталықтар мен малды жасанды түрде ұрықтандыру пункттері үшін криогенді жабдық сатып алуды субсидиялау арқылы дамытуға жәрдемдеседі.;"

3) 11-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы алып тасталсын;

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтағы "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 22-баптың үшінші бөлігіндегі "субъектілер" деген сөзден кейін "асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын.

68. "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 221-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2002 ж., N 10, 106-құжат):

1) 5 - баптың 3 - тармағында :

2) тармақша "әзірлейді" деген сөзден кейін "және аталған саладағы нормативтік құқықтық актілерді бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақшадағы "уәкілетті және өзге де органдармен бірлесе отырып," деген сөздер алып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымымен байланысты қызметтер түрлерінен басқа, есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы саласындағы қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 15) - 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"15) өз құзыреті шегінде есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлардың айналымы саласына келіп түскен техникалық көмек пен инвестициялардың нысаналы пайдаланылуын және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимылды бақылауды жүзеге асырады;

16) Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын реттейтін заң актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзғаны үшін заңды және жеке тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде тиісті органдарға ұсыныстар енгізеді;

17) Қазақстан Республикасындағы нашақорлық ахуалдың даму жай-күйі мен үрдістерін талдауды, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыру барысы туралы ақпараттық-талдау материалдарын әзірлеуді жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында анықталған кемшіліктерді жою туралы нұсқамалар береді.";

2) 6-баптың 8) тармақшасындағы "енгізуге" деген сөз "енгізуге құқығы бар." деген сөздермен ауыстырылып, 9) тармақшасы алып тасталсын;

3) 10-баптың 1-тармағындағы "азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы" деген сөздер "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 15 - бапта :

2-тармақтағы "азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге

асыратын Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті орталық атқарушы органы" деген сөздер "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті орталық атқарушы органдары" деген сөздер "есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және ветеринария саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "Азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы" деген сөздер "Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 16 - б а п т а :

1-тармақтағы "азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы" деген сөздер "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "жасау Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті орталық атқарушы органдары белгілеген тәртіпке сәйкес олардың арасындағы келісу бойынша жүзеге асырылады" деген сөздер "жасауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 17-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары" деген сөздер "ветеринария саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлардың айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 37-бап бойынша орыс тіліне түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді.

69. "Неке және отбасы туралы" 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 23, 430-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат):

1) Заңның мәтініндегі "Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктері немесе консулдық мекемелері", "Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктері немесе консулдық мекемелерінде", "Қазақстан Республикасының елшіліктері немесе консулдық мекемелері", "Қазақстан Республикасының елшіліктері немесе консулдық мекемелерінде" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері", "Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде", "Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері", "Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7 4 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігіндегі "жергілікті" деген сөз "аудандық (қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "жергілікті" деген сөз "аудандық (қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 78-баптың 2-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 106-баптың 1-тармағында "Жергілікті" деген сөз "Аудандық (қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 163-бап "органдарда" деген сөзден кейін ", ал мұндай органдар жоқ жерлерде - аудандық маңызы бар қалада, кентте, ауылда (селода), ауылдық (селолық) округте - тиісті әкім аппаратында" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 175-баптың екінші сөйлемінде "жергілікті" деген сөз "аудандық (қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 182-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде "жергілікті атқарушы органдарда" деген сөздер "аудандық маңызы бар қалада, кентте, ауылда (селода), ауылдық (селолық) округте - әкім аппаратында" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 209-баптың 3-тармағындағы "жеріндегі" деген сөз "аудандық (қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын.

70. "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 435-құжат; 2001 ж., N 21-22, 286-құжат; 2003 ж., N 10, 53-құжат):

1) тақырыбында орыс тілінде түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді ;

2) 1 - б а п т а :

10) тармақша алып тасталсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) уәкілетті орган - мұрағаттар мен құжаттаманы басқарудың орталық мемлекеттік органы;"

3) 5-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "арнайы экономикалық аймақ әкімшілік кеңестерінің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының" деген сөздер алып тасталсын;

4) 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік сараптау-тексеру комиссияларын құрады және олар туралы ережелерді бекітеді.";

3-тармақтың бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының уәкілетті органы" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұлттық мұрағат қорын қалыптастыру және толықтыру көздері болып табылатын :

1) республикалық меншіктегі ұйымдардың құжаттарын уәкілетті органның келісімінсіз ;

2) коммуналдық меншіктегі ұйымдардың құжаттарын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының келісімінсіз жоюға рұқсат етілмейді.";

5) 7 - б а п т а :

2-тармақтың 2) тармақшасында "облыстық" деген сөзден кейін "(республикалық маңызы бар қалалық, астаналық)" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы "Уәкілетті органдарға" деген сөздер "Уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын сақтауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар құжаттардың құрамы туралы деректер есебін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізеді және осы деректерді облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына ұсынады.";

7) 11-баптың 2-тармағындағы "жергілікті" деген сөз "облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 1 3 - б а п т а :

1-1-тармақта "Қазақстан Республикасының уәкілетті органы" деген сөздер " уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "уәкілетті мемлекеттік" деген сөздер "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 17-баптың 1-тармағындағы "Мемлекеттік" деген сөз алып тасталып, "бюджет" деген сөз бас әріппен жазылсын;

1 0) 1 8 - б а п т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган жүзеге асыратын мұрағат ісін мемлекеттік реттеу мәселелеріне мыналар жатады:";

3) тармақшадағы "тарихи" деген сөздің алдынан "республикалық меншіктегі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 12) - 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын, оның ішінде электронды құжаттарды да толықтырудың, сақтаудың, есепке алудың, пайдаланудың бірыңғай ережелері мен нормаларын белгілеу;

13) мұрағат ісін басқару және жүргізу органдарының қызметіне әдістемелік басшылық жасау және үйлестіру;

14) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда іс жүргізу және құжаттарды ведомстволық сақтауды ұйымдастыру мәселелеріне салааралық ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық жасау;

15) басқа мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың және басқа мемлекеттердің жеке және заңды тұлғаларының сұратуы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарынан шығатын мұрағаттық анықтамалар мен мұрағат құжаттарының көшірмелерін апостильдеу;

16) автоматтандырылған мұрағаттық технологиялар әзірлеу және оларды енгізуді ұйымдастыру.";

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы жүзеге асыратын мұрағат ісіндегі қатынастар мен оны басқаруды мемлекеттік реттеу мәселелеріне:

1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында мұрағат ісінде және құжат құрауда бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) коммуналдық меншіктегі Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын сақтауды, толықтыруды және пайдалануды ұйымдастыру;

3) коммуналдық меншіктегі Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын мемлекеттік есепке алуды жүргізу, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;

4) коммуналдық меншіктегі тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштерді қорғау, оларды сақтау және пайдалану;

5) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында мұрағат ісін дамыту және құжаттама жүргізудің аймақтық мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру ;

6) құжаттардың ғылыми және практикалық құндылығына сараптама жүргізуді ұйымдастыру ;

7) коммуналдық меншіктегі Ұлттық мұрағат қорының құжаттары бойынша дерекқор қалыптастыру ;

8) құжат құрау мәселелері бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық жасау және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) мемлекеттік ұйымдарында құжаттарды ведомстволық сақтаудың жай-күйін бақылау;

9) жеке және заңды тұлғалардың сұраныстарын орындауды ұйымдастыру жатады.";

11) 19 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мұрағат ісін мемлекеттік басқаруды уәкілетті орган мен облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.";

2-тармақтағы "мұрағат ісі мен құжаттама жүргізу мәселелері жөніндегі" деген сөздер алып тасталып, "уәкілетті" деген сөз бас әріппен жазылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

12) 20-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) уәкілетті орган, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары);";

13) 21-баптағы "жергілікті уәкілетті органдарды" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын; "республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 22-баптың 1-тармағындағы "Қаржы полициясы агенттігіне" деген сөздер " Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігіне (қаржы полициясы)" деген сөздермен ауыстырылсын.

71. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 448-құжат; 2002 ж., N 4, 34-құжат):

1) 28-баптың 8) тармақшасы алып тасталсын;

2) 29-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын.

72. "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 2-3, 34-құжат; N 23, 931-құжат; 2002 ж., N 4, 30-құжат; 2003 ж., N 15, 121-құжат):

1) мәтінде "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақшадағы "сондай-ақ баратын пунктін" деген сөздер "баратын пунктін, сондай-ақ карантиндік объектілерден бос немесе олар аз таралған аймақтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақша алып тасталсын;

3) 8-баптың 1-1) тармақшасы "карантинге жатқызылған" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ, тиісті халықаралық ұйымдардан алынған ақпаратты және басқа елдер қабылдап жатқан фитосанитарлық шаралар туралы ақпаратты қоса алғанда, қолда бар ақпарат негізінде ғылыми негіздеме жеткіліксіз болған жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 8 - 1 - б а п т а :

2-тармақ "арналады" деген сөзден кейін "және бюджет қаражаты есебінен сатып

алынатын пестицидтер (улы химикаттар) көлемінен қалыптастырылады" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

5) 9 - 1 - б а п т а :

1-тармақ алып тасталсын;

2-тармақтың 2) тармақшасындағы "және қамтамасыз етеді" деген сөздер алып тасталсын;

б) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Өсімдіктер карантині саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды қорғау шаралары

Өсімдіктер карантині саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың олар қаза тапқан немесе мертіккен жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен зиянды өтетуге құқығы бар.";

7) 14-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) облыс, қала, аудан аумағында - облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы орган қабылдайды.";

8) 5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру";

9) 17-бап алып тасталсын;

10) 18-баптың тақырыбындағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын, "карантині" деген сөз "карантинін" деп жазылып, одан кейін "анықтау" деген сөзбен толықтырылсын.

73. "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 6, 190-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат):

1) 8-баптың 3-тармағындағы "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

2) 9 - б а п т а :

1-тармақтағы "жергілікті бюджеттер қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

3) 11-баптың 2-тармағы "капитандары," деген сөзден кейін "түзеу мекемелерінің," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 12-баптың 2-тармағы "прокурордың" деген сөзден кейін ", судьяның" деген сөзбен толықтырылсын;

5) 15-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде 18) тармақшадағы "беру" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "тәртібі белгіленеді" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 19) және 20) тармақшалармен толықтырылсын:

"19) сезіктілер мен айыпталушыларға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану

;

20) сезіктілер мен айыпталушыларды күзеттен босату тәртібі белгіленеді."

74. "Білім туралы" 1999 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173-құжат; N 24, 338-құжат; 2004 ж., N 18, 111-құжат):

1) 4-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

2) 6-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

3) 9-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

4) 12-баптың 3 және 9-тармақтары алып тасталсын;

5) 27-баптың 4-тармағындағы "республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 28-бап алып тасталсын;

7) 2 9 - б а п т а :

3) тармақшадағы "республикалық бюджеттен қаражат алатын" деген сөздер " бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) - 4-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) мемлекеттік білім беру гранты, мемлекеттік білім беру және мемлекеттік студенттік кредиттер туралы ережелерді бекітеді;

4-2) білім берудің жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандарттарын әзірлеу, бекіту тәртібін және оның қолданылу мерзімдерін айқындайды;

4-3) Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредиттеу және білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережелерін бекітеді;

4-4) біліктілік талаптарын және білім беру қызметін лицензиялау тәртібін бекітеді;

4-5) мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды берудің тәртібін айқындайды;

4-6) халықтың тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекітеді;

4-7) мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын, сондай-ақ Педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының тізбесін айқындайды;

4-8) жеке адамның тәрбиесіне, білім алуына және кәсіби қалыптасуына зор үлес қосқан мемлекеттік білім беру ұйымдарына ерекше мәртебе беру туралы шешім қабылдайды және Қазақстан Республикасының Президентіне жекелеген мемлекеттік білім беру ұйымдарына ерекше мәртебе беру туралы ұсыныс енгізеді;"

5) тармақшадағы "республикалық бюджеттен қаражат алатын" деген сөздер " бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 3 0 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) білім беру саласындағы азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын, олардың білім беру саласындағы мемлекет кепілдік берген әлеуметтік игіліктердің минимумын алуын қамтамасыз етеді;"

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асырады, білім беру саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

1-2) ұсынылатын білім беру қызметін көрсетудің сапасына талдау жасайды және әдістемелік әрі әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жалпыға бірдей міндетті білім берудің мемлекеттік стандарттарын бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) аралық мемлекеттік бақылау өткізудің ережесін бекітеді;"

5) тармақшадағы "мүдделі министрліктермен, өзге де орталық атқарушы органдармен бірлесіп" деген сөздер алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына:

жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға;

республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, мамандандырылған білім беру бағдарламаларын және кәсіптік орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға;

діни білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға (діни оқу о р ы н д а р ы) ;

халықаралық және шетелдік заңды тұлғаларға лицензия береді;"

мынадай мазмұндағы 9-3) тармақшамен толықтырылсын:

"9-3) меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан (медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарын қоспағанда), кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарына, сондай-ақ кәсіптік орта білім беру және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастырады және жүргізеді;"

10) тармақшадағы "оқу-ғылыми жабдықтарды әзірлеу мен ендіруді" деген сөздер " жалпы орта білім беретін республикалық білім беру ұйымдарын, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес шетелдік мектептерде оқитын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) және 11-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) жалпы орта білім беретін республикалық білім беру ұйымдарын, сондай-ақ

халықаралық келісімдерге сәйкес шетел мектептерінде оқитын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді;"

"11-1) мектептен тыс республикалық маңызы бар іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;"

12) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 14-3) тармақшамен толықтырылсын:

"14-3) осы Заңның 14-бабында көзделген нысандар бойынша оқыту ережелерін бекітеді;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары мен кәсіпорындарының құрылтай құжаттарын бекітеді;"

18) тармақшадағы "республикалық бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

20), 24) және 25) тармақшалар алып тасталсын;

9) 3 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "білім беру ұйымдарын" деген сөздер "білім беруді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "жергілікті бюджеттер" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстың жергілікті атқарушы органы:

1) білім беруді дамыту бағдарламаларын әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне е н г і з е д і ;

2) азаматтарға кәсіптік бастауыш білім беруді қамтамасыз етеді;

3) кәсіптік орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз е т е д і ;

4) арнайы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беруді - қамтамасыз е т е д і ;

5) дарынды балаларға мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім б е р у д і қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

6) кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта білім беретін, арнайы және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын, сондай-ақ балалар-жас өспірімдер мектептерін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құрады, қайта құрады және таратады;

7) бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

8) кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беретін мемлекеттік білім беру ұйымдарына (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін

және кәсіптік мектептерді қоспағанда), сондай-ақ арнайы және мамандандырылған білім беретін білім беру ұйымдарына қолдау көрсетеді және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

9) міндетті жалпы орта білім беретін ұйымдар үшін, сондай-ақ арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

10) облыс ауқымындағы мектеп олимпиадаларын өткізуді қамтамасыз етеді;

11) балаларға спорт бойынша қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

12) кадрларды қайта даярлауды және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

13) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

14) дамуында проблема бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

15) белгіленген тәртіппен жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

16) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

17) кәсіптік орта білім беретін ұйымдардың бітірушілерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

18) мәслихатқа білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі туралы ұсыныстар енгізеді.";

мынадай мазмұндағы 3-5-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) білім беруді дамыту бағдарламаларын әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне енгізеді;

2) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды міндетті орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

3) кешкі (ауысымды) оқу нысанын және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қоса алғанда, азаматтарға міндетті орта білім беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

4) азаматтардың кәсіптік бастауыш білім алуын қамтамасыз етеді;

5) азаматтардың кәсіптік орта білім алуын қамтамасыз етеді;

6) мектеп жасына дейінгі білім алу мен тәрбие беруді қамтамасыз етеді;

7) жалпы бастауыш, жалпы негізгі және жалпы орта, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беретін білім беру ұйымдарын, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс ұйымдарды, сондай-ақ арнайы және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құрады, қайта құрады және таратады;

8) жалпы бастауыш, жалпы негізгі және жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта білім берудің негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын, арнайы және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың білім беру қызметін лицензиялады, сондай-ақ оларды мемлекеттік аттестаттауды жүргізуді ұйымдастырады;

9) кәсіптік орта білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

10) білім алушылардың бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

11) міндетті жалпы орта білім беретін мекемелер үшін, сондай-ақ арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

12) балалар мен жасөспірімдер үшін қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

13) мемлекеттік білім беру ұйымдарына (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерді қоспағанда) қолдау көрсетеді және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

14) арнайы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беруді қамтамасыз етеді;

15) дарынды балаларға мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім беруді қамтамасыз етеді;

16) республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын өткізуді қамтамасыз етеді;

17) балалар мен жасөспірімдердің психикалық саулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультативтік көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

18) дамуында проблема бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

19) кадрларды қайта даярлауды және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

20) белгіленген тәртіппен жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

21) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім беру

ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

22) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

23) білім беру ұйымдарының бітірушілерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

24) мәслихатқа білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі туралы ұсыныстар енгізеді.

4. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) білім беруді дамыту бағдарламаларын іске асырады;

2) кешкі (ауысымды) оқу нысанын және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қоса алғанда, азаматтарға міндетті орта білім беруді қамтамасыз етеді;

3) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды міндетті орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

4) арнайы және мамандандырылған, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта білім беру ұйымдарын құрады, қайта құрады және таратады;

5) арнайы және мамандандырылған, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарды қоспағанда, жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта білім берудің негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметін лицензиялауды, сондай-ақ оларды мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастырады;

6) мемлекеттік білім беру ұйымдарына (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерді қоспағанда) қолдау көрсетеді және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

7) міндетті жалпы орта білім беретін мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді;

8) балалар мен жасөспірімдер үшін қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

9) аудан (қала) ауқымында мектеп олимпиадаларын өткізуді ұйымдастырады;

10) белгіленген тәртіппен жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен

тамақтандыруды

ұйымдастырады;

13) білім беру ұйымдарының бітірушілерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

14) ауылдық жердегі білім беру ұйымдарына жұмыс істеуге келген жас мамандарды тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

15) мәслихатқа білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі туралы ұсыныстар енгізеді.

5. Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі мектепке дейінгі тәрбие беретін білім беру ұйымдарына қолдау көрсетеді және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

Кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі ауылдық (селолық) жерде білім алушыларды мектепке дейін және кері тегін жеткізуді ұйымдастырады.";

10) 32-бап алып тасталсын;

11) 33-баптың 3-тармағының 18) тармақшасы алып тасталсын;

12) 35-баптың 4-тармағы, 7-тармағының төртінші бөлігі және 8-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

13) 37-баптың 6-тармағындағы ", ал бақылау жасау - тиісті мемлекеттік органдарға" деген сөздер алып тасталсын;

14) 40 - бапта :

1-тармақтың екінші бөлігіндегі "еңбек саласындағы орталық атқарушы органымен келісе отырып" деген сөздер "еңбек және халықты әлеуметтік қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "экологиялық апат аймақтарында тұрғаны үшін," деген сөздер алып тасталсын;

15) 41 - бапта :

2-тармақтың екінші сөйлемі алып тасталсын;

4-тармақтың 2) тармақшасындағы "жергілікті бюджеттердің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 43 - бапта :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекет жыл сайын білім беруге, оның басымдығын ескере отырып, бюджет қаражатын бөледі.";

3-тармақ алып тасталсын;

17) 44 - бапта :

1-тармақтағы "республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Түзеу мекемелерінде міндетті жалпы орта және бастауыш кәсіптік білім беру

үшін үй-жайларды ұстауға және жарақтандыруға байланысты шығыстарды қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы жүзеге асырады.";

18) 45-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "білім беру мен өзге де ақылы" деген сөздер "білім беру қызметін көрсету" деген сөздермен ауыстырылсын.

75. "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 19, 647-құжат; 2002 ж., N 10, 105-құжат):

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) уәкілетті ұйым (бұдан әрі - Орталық) - Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Заңның шарттарымен жәрдемақыларды төлеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берген
з а ң д ы т ұ л ғ а ;

1-2) жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері;"

2) 2-баптағы "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5 - б а п т а :

2-тармақтағы "тағайындау жөніндегі" деген сөздер "тағайындау жөніндегі уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "орталық атқарушы орган" деген сөздер "жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган тиісті шешім шығарылғаннан кейін бес күннен кешіктірмей арыз берушіге ол туралы жазбаша түрде хабарлайды.

Жәрдемақы тағайындаудан бас тартқан жағдайда жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган бас тарту себептерін жазбаша түрде негіздеуге және арыз берушіге құжаттарды қайтаруға міндетті.";

4) 6-баптың 2-тармағындағы "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан" деген сөздер "Орталықтан" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 7-баптың бірінші бөлігіндегі "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" деген сөздер "Орталық" деген сөзбен ауыстырылсын.

76. "Терроризмге қарсы күрес туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 19, 649-құжат; 2002 ж., N 4, 32-құжат):

16 және 22-баптардағы "республикалық және жергілікті бюджеттердің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын.

77. "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 720-құжат; 2004 ж., N 5, 27-құжат):

1) 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде және өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің жеке және заңды тұлғаларының арасынан консультанттар мен сарапшыларды тартады;

2) дәм айыру комиссиясы туралы ережені бекітеді;

3) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша өндірістің паспортын бекіту үшін қажетті мәліметтер тізбесін белгілейді;

4) этиль спирті мен алкоголь өнімі өндірісінің және айналымының декларациясын ұсыну тәртібін айқындайды;

5) осы Заңның 5-бабына сәйкес алкоголь өнімін белгілі бір түрге жатқызады.";

3-тармақ алып тасталсын;

2) 6-баптың 4-тармағы, 7-баптың 3-тармағы және 13-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

3) 1 8 - б а п т а :

2-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтауға және көтерме саудада өткізуге және алкоголь өнімін (сырадан басқа) бөлшек саудада өткізуге лицензиялар алу үшін тексеруге төленетін ақының мөлшері Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңдарына сәйкес айқындалады.".

78. "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1065-құжат; 2003 ж., N 15, 129-құжат):

1) 1 - б а п т а :

7) тармақша "жаттықтырушылар мен" деген сөздер "жаттықтырушылардың, спортшылардың, нұсқаушылардың, әдіскерлердің және" деген сөздермен толықтырылсын;

16) тармақшадағы "нысаны" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 17)-19) тармақшалармен толықтырылсын:

"17) бұқаралық спорт - дене жаттығуларымен айналысуға тарту және спорттың әр түріндегі талантты спортшыларды анықтау мақсатында халық арасында дене шынықтыруды дамытуға ықпал ететін бұқаралық спорт қозғалысын білдіретін дене

18) ұлттық спорт түрлері - жарыс әрекеті нысанында тарихи қалыптасқан және өзіне тән дене жаттығуларын, дене шынықтыру белсенділігін ұйымдастырудың өзіндік ережелері мен тәсілдері бар халық ойындарын білдіретін дене шынықтырудың бір бөлігі;

19) халықаралық спорт жарыстары - кемінде бес мемлекеттің өкілдері қатысатын спорт түрінен спортшылар (командалар) арасында өтетін сайыс.";

2) 8-баптың 1-тармағындағы "уәкілетті органдар" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 9-баптың 3-тармағындағы "жергілікті өкілді және атқарушы органдарға" деген сөздер "облыстардың, қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 11-баптың 1-тармағындағы "жергілікті өкілді және атқарушы органдарға" деген сөздер "қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органдарына, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың), кенттердің әкімдеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 12 - бапта :

2-тармақтағы "өкілді және" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган мүгедектердің дене шынықтыру-спорт бірлестіктерімен бірлесе отырып, республикалық жарыстар өткізуді, мүгедектер арасындағы спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларының халықаралық жарыстарға дайындалуы мен қатысуын ұйымдастырады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мүгедектердің дене шынықтыру-спорт бірлестіктерімен бірлесе отырып, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейіндегі спорттық іс-шаралар өткізуді, сондай-ақ олардың республикалық жарыстарға дайындалуы мен қатысуын ұйымдастырады.";

б) 14-баптың тоғызыншы абзацы алып тасталсын;

7) 16-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі ", жазбаша нысандағы келісім болып табылады және дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органда тіркелуге тиіс" деген сөздер алып тасталсын;

8) мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Спорттық сыныптама

1. Спортшыларға спорттық атақтар мен разрядтарды дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган төрт жылдық (олимпиадалық) кезеңге белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес береді.

Жаттықтырушыларға, нұсқаушыларға, әдіскерлерге, төрешілерге санаттар дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган белгілеген біліктілік талаптарына

с ә й к е с

б е р і л е д і .

2. Спортшылар мен жаттықтырушыларға мынадай спорттық атақтар мен разрядтар беріледі :

1) с п о р т т ы қ а т а қ т а р :

"Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" құрметті атағы;

"Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері" құрметті атағы;

Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері;

Қазақстан Республикасының спорт шебері;

2) с п о р т т ы қ р а з р я д т а р :

Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат;

1 - р а з р я д т ы с п о р т ш ы ;

2 - р а з р я д т ы с п о р т ш ы ;

3 - р а з р я д т ы с п о р т ш ы ;

жасөспірімдер арасындағы 1-разрядты спортшы;

жасөспірімдер арасындағы 2-разрядты спортшы;

жасөспірімдер арасындағы 3-разрядты спортшы.

3. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскерлер мен нұсқаушыларға мынадай біліктілік санаттары беріледі:

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты әдіскер;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер;

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер;

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ әдіскер;

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты әдіскер;

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер;

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер;

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ әдіскер;

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы;

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы.

4. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі жаттықтырушыларға мынадай біліктілік санаттары беріледі :

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы;

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы;

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы;

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы;

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы;

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы;

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы.

астаналық) құрама командаларды дайындау мен олардың республикалық және халықаралық спорт жарыстарында өнер көрсетуін қамтамасыз етеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қолдайды;

5) облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) мамандандырылған оқу-спорт мекемелерінің қызметін үйлестіреді;

6) облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағында спорт ғимараттарын салу мәселелерін үйлестіреді;

7) спорт ұйымдарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

8) мынадай спорттық разрядтар мен санаттарды береді: спорт шеберлігіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт т ө р е ш і с і ;

9) облыстық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын әзірлейді, бекітеді және іске асырады;

10) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

11) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорт шараларын ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;

12) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы мәліметтерді, соның ішінде статистикалық деректерді талдап, дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органға табыс етеді;

13) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбеге сәйкес қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады.

2. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) атқарушы орган:

1) дене шынықтыру мен спортты дамытудың аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) жоспарларын әзірлейді және іске асырады;

2) спорт түрлері бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде жарыстар өткізеді;

3) спорттың әр түрі бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) құрама командаларды дайындауды және олардың облыстық спорт жарыстарында өнер көрсетуін қамтамасыз етеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытады;

5) аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) мамандандырылған оқу-спорт мекемелерінің қызметін үйлестіреді;

6) мынадай спорттық разрядтар мен санаттарды береді: жасөспірімдер арасындағы екінші және үшінші, бірінші, екінші және үшінші разрядтар, біліктілігі жоғары және

орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі;

7) аудандық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын әзірлейді, бекітеді және іске асырады;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

9) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;

10) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы мәліметтерді, соның ішінде статистикалық деректерді талдап, облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы органға табыс етеді.

3. Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында спорт мекемелерінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін қолдайды және оған жәрдем көрсетеді.";

1 1) 2 5 - б а п т а :

1-тармақтағы "тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыруды" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-4-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Үкіметі спорттық іс-шараларды материалдық қамтамасыз ету және республикалық спорттық іс-шараларға қатысушылар мен халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының мүшелерін көтермелеу нормативтерін бекітеді.";

12) 26-баптың 1-тармағындағы "Мемлекеттік бюджеттен" деген сөздер "Бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 29-баптағы "жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен" деген сөздер " аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) атқарушы органның және" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 4) 3 0 - б а п т а :

1-тармақтағы "жергілікті өзін-өзі басқару органдары" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "атқарушы өкімет органдары" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1-тармақтағы "мемлекеттік қаражат" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ алып тасталсын;

2-тармақтың бірінші абзацы "қамсыздандыру" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен төленеді және" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

16) 31-баптың екінші бөлігіндегі "мемлекеттік қаражат" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын.

79. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 7, 165-құжат; 2004 ж., N 11-12, 62-құжат):

1) 5 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "қалыптастырады және іске асырады" деген сөздер "әзірлеуді және іске асыруды ұйымдастырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттік шама бірліктерінің эталондарын бекітеді";

мынадай мазмұндағы 3-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілуі мүмкін халықаралық бірліктер жүйесіне енбейтін шамаларды айқындайды";

б) тармақшадағы "мен бекіту тәртібін белгілейді" деген сөздер "тәртібін белгілейді және бекітеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) техникалық құралдардың өлшем құралдарына қатыстылығын белгілеудің тәртібін айқындайды.";

2) 8-баптың екінші бөлігі, 10-баптың үшінші бөлігі, 11-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

3) 31 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші абзацтағы "Республикалық бюджеттің қаражаты" деген сөздер "Бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын.

80. "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 10, 241-құжат):

29 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

үшінші бөліктегі "шығындардың өтемін қорғауды" деген сөздер "шығындарды өтеу қауіпсіздігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"республикалық бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

81. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 14-15, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 34-құжат; N 17, 155-құжат):

9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерді айқындау тәртібін, сондай-ақ олардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді."

82. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2000 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 20, 381-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 3, 19-құжат; N 10, 54-құжат):

1) 2-баптың 12) тармақшасындағы "уәкілетті органдар" және "мемлекеттік органдар" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган" және "мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6 - б а п т а :

2-1-тармақтағы "уәкілетті" деген сөз алып тасталсын; "ұйымдастыруды" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

2-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-2. Коммуналдық меншікке түскен мүлікті бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды коммуналдық меншікке билік етуге уәкілеттігі бар орган жүзеге асырады.";

ескерту "тапсырыс беруші" деген сөздерден кейін "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың" деген сөздермен толықтырылсын және "органдар" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 7 - б а п т а :

2-тармақтағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақтағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

4) 18-баптағы "мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 1 9 - б а п т а :

тақырыбындағы "Уәкілетті органдардың" деген сөздер "Уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы "органдар" деген сөз "орган" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер әзірлеу және бекіту,

Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңдарының қолданылу практикасын жинақтап қорыту;"

б) және 8) тармақшалар алып тасталсын.

83. "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және Жасөспірімдер үйлері туралы" 2000 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 21, 385-құжат):

1) 12-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Балалар ауылы - тәрбиеленуші балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және осы Заңмен белгіленген функцияларды орындау үшін коммерциялық емес ұйым ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылатын заңды тұлға."

2) 13-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Балалар ауылының қызметін басқаруды балалар ауылының құрылтайшысы оның Жарғысына сәйкес тағайындайтын әкімшілік жүзеге асырады."

3) 14-баптың 2-тармағындағы "Уәкілетті орган" деген сөздер "Білім беру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 22-баптың 2-тармағындағы "уәкілетті білім беру органы" деген сөздер "білім беру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

84. "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 2, 12-құжат; N 15-16, 232-құжат; 2003 ж., N 19-20, 148-құжат):

1) 4-баптың 6)-8) тармақшалары алып тасталып, 5) тармақша "арқылы" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 5 - б а п т а :

1) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

8) тармақша алып тасталсын;

3) 6 - б а п т а :

2) және 15) тармақшалар алып тасталсын;

б) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

4) 1 0 - б а п т а :

3) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

7) тармақшадағы "селекция, тұқым шаруашылығы және" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) бюджеттік бағдарламаларға сәйкес отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштар мен жанар-жағар май материалдарының құнын арзандату;"

12) тармақшадағы "республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген мөлшерде" деген сөздер алып тасталсын;

5) 11-баптың 6-тармағында:

бірінші бөліктің 1) тармақшасындағы "республикалық бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің 1) тармақшасындағы "республикалық бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 17-баптың 3) тармақшасы "арқылы жүзеге асырады." деген сөздермен толықтырылып, 4) тармақшасы алып тасталсын;

7) 24-1-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы "құқығы бар." деген сөздермен толықтырылып, 6) тармақшасы алып тасталсын.

85. "Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 2, 15-құжат):

1) 6-баптың 2-тармағындағы "ұйымдарда" деген сөз "ұйымдарға" деген сөзбен, "өкілдіктерін ұстауға" деген сөздер "өкілдерін жіберуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-бап алып тасталсын.

86. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат):

1) 20-баптың 5-тармағы алып тасталсын;

2) 27-бапта:

1-тармақта:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) коммуналдық меншіктегі су құбырларын, тазарту құрылыстарын, жылу және электр желілерін және республикалық маңызы бар қаланың, астананың басқа да көлік және инженерлік инфрақұрылымдар объектілерін салу мен пайдалануды ұйымдастырады;"

9) тармақшадағы "мемлекеттік бақылауды" деген сөздер "бақылауды" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 31-бапта:

1-тармақта:

7) тармақшадағы "электр беру, байланыс желілерін" деген сөздер "жылу мен электр желілерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) тиісті аумақта ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді, мал шаруашылығында пайдаланылатын арнаулы көмбелер (көмінділер) салуды және ұстауды ұйымдастырады, сондай-ақ ауру малдарды санитарлық союды ұйымдастыруды жүзеге асырады;"

4) 35-баптың 1-тармағында:

7) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз етеді";

"10) әділет органдары жоқ жерлерде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен нотариаттық іс-қимылдар жасауды, азаматтық хал актілерін тіркеуді ұйымдастырады";

18) тармақшадағы "және спорт" деген сөздер алып тасталсын;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) өз құзыреті шегінде елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастырады және су пайдалану мәселелерін реттейді";

87. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 9, 85-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 83-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 15, 85-құжат):

1) 13-баптың 2-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 20-баптың 2) және 3) тармақшаларындағы "жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 22-баптағы ", республикалық маңызы бар қалалардың, астананың" деген сөздер "(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 27-баптың 2-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдардың," деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының," деген сөздермен ауыстырылсын.

88. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 13-14, 175-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; 2003 ж., N 23, 168-құжат):

1) 10-баптың 1) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

2) 11-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасында туризм саласын дамыту бағдарламасын әзірлейді";

4) тармақша алып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының туристік қызмет саласындағы заңдары мен нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;"

11) және 13) тармақшалар алып тасталсын;

3) 1 2 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы органдардың құзыреті";

бірінші абзацтағы "Жергілікті" деген сөз "Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) турагенттік, туроператорлық қызметті және туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін лицензиялауды жүзеге асырады;"

9), 11) және 12) тармақшалар алып тасталсын;

4) 15-баптағы "Уәкілетті орган", "Уәкілетті орган", "Уәкілетті органның" деген сөздер тиісінше "Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы орган", "Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы орган", "Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын; ", экскурсиялық" деген сөз алып тасталсын;

5) 22-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Туристік ұйымдардың қызметкерлерін аттестаттау туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.";

б) 26-баптың 9-тармағындағы "Жергілікті" деген сөз "Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық)" деген сөздермен ауыстырылсын.

89. "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 13-14, 181-құжат; 2004 ж., N 17 , 100-құжат):

4 - б а п т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тіркеуге өтінімдерді жасауға және ресімдеуге қойылатын талаптарды белгілейді;"

мынадай мазмұндағы б) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"б) тіркеу тәртібін, тіркеу туралы куәліктің нысанын, онда көрсетілетін мәліметтердің құрамын, сондай-ақ бюллетеньде жарияланатын мәліметтердің тізбесін белгілейді ;

7) сенім білдірілген патентті өкілдерге қойылатын біліктілік талаптарын, оларды аттестаттау және тіркеу тәртібін айқындайды."

90. "Ғылым туралы" 2001 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 15-16, 226-құжат):

1) 1 - б а п т а :

15) тармақшадағы "мемлекеттік бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы" деген сөздер алып тасталсын; "құратын" деген сөз "құрылатын" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 2) және 4) тармақшалары алып тасталсын;

3) 6-баптың 7-тармағының 6) тармақшасы "құқығы бар." деген сөздермен толықтырылып, 7) тармақшасы алып тасталсын;

4) 16-баптың 2-тармағындағы "органдар" деген сөз "орган" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 1 7 - б а п т а :

5) тармақшадағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) - 7-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) Ғылыми ұйымдарды аттестаттау туралы ережені бекітеді;

7-2) Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациядан өткізу ережелерін б е к і т е д і ;

7-3) ғылым кандидаттарына, ғылым докторларына, доценттер мен профессорларға берілетін мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын бекітеді;"

10) тармақша алып тасталсын;

6) 1 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) мемлекеттік ғылыми ұйымдардың басшыларын, осы ұйымдардың ғылыми кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып, қызметке тағайындау және қызметтен босату;

4-2) оның мүшелерін сайлау тәртібін қоса алғанда, ғылыми ұйымның консультациялық-кеңесші органы туралы үлгі ережені бекіту;"

7) тармақша "құру" деген сөзден кейін "және олардың қызметін қалыптастыру мен ұйымдастыру тәртібін бекіту" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12)-18) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) осы Заңның 22-бабының 1-тармағында аталған объектілерге мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

13) ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарды ізденушілерге қойылатын біліктілік талаптарын және ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарды беру тәртібін бекіту;

14) біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрларға мемлекеттік

аттестаттау жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

15) мемлекет атынан ғылым кандидаты мен ғылым докторының белгіленген мемлекеттік үлгідегі дипломдарын, доцент және профессор аттестаттарын беру;

16) мемлекеттік мерзімді ғылыми-техникалық басылымдар мен басқа баспа өнімдерін, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде басып шығаруға арналған баспа өнімдерін басып шығарудың орындылығын айқындау;

17) бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, іргелі және қолданбалы зерттеулердің аяқталған тақырыптары мен бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу ережелерін бекіту және оларды мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету;

18) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғылыми кадрларды даярлау мен аттестаттау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу жатады.";

2-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

7) 19-баптың 3 және 4-тармақтары алып тасталсын;

8) 20-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

9) 21 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ғылыми ұйымның басшысын қызметке тағайындау және қызметтен босату осы ғылыми ұйымның ғылыми кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып жүзеге асырылады."

;

3-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

10) 22 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "республикалық бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "республикалық бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақта "қаражатқа" қатысты орыс тілінде түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді; "мекемелердің - бағдарламалар әкімшілерінің" деген сөздер алып тасталсын; "қызметін" деген сөз "қызметті" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 23-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

12) 26 - б а п т а :

2-тармақтағы "республикалық бюджеттен қаражат" деген сөздер "бюджет қаражатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ алып тасталсын;

13) 27-баптың бірінші бөлігіндегі "заң актілерімен" деген сөздер "заңдарымен" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 30-баптың 2 - 5-тармақтары алып тасталсын;

15) 31-баптың 1-тармағындағы "уәкілетті мемлекеттік орган мен ғылыми ұйымдар" деген сөздер алып тасталсын; "ынтымақтастықты" деген сөз "ынтымақтастық" деген сөзбен ауыстырылсын; "жүзеге асырады" деген сөздер "жүзеге асырылады" деген сөздермен ауыстырылсын.

91. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат):

1) 1 - б а п т а :

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган - сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.";

мынадай мазмұндағы 55-58-тармақтармен толықтырылсын:

"55. Инженерлік инфрақұрылым - адамдардың тіршілік етуі, сондай-ақ өндірістің немесе тауарлар мен қызмет айналымының тұрақты жұмыс істеуі үшін қалыпты жағдай туғызатын кәсіпорындардың (ұйымдардың), объектілердің (ғимараттар мен құрылыстардың), инженерлік және коммуналдық қамтамасыз етудің коммуникациялары мен желілерінің жиынтығы.

56. Көлік инфрақұрылымы - көпір, тоннель және өзге де көліктік құрылыстардың, жол тарамдары мен белгі беру құрылғыларын, байланысты реттейтін жол өткізгіштерінің, көлік жұмысын инженерлік қамтамасыз ету, жүктерді, жолаушыларды тасымалдайтын көлік құралдарына қызмет көрсету, өндірістік және қызмет көрсетуші адамдардың функционалдық қызметін қамтамасыз ететін объектілердің, қойма үй-жайлары мен аумақтардың, санитарлық-қорғаныс және күзет алаңдарының, сондай-ақ көрсетілген бағыт жолдарына және жылжымайтын мүлік объектілерін қамтитын объектілерге заңдарда бекітілген жерлердің кешені бар жерүсті (автомобиль және (немесе) темір) жолдар, су (теңіз және (немесе) өзен) жолдарының жиынтығы.

57. Республикалық маңызы бар объект - жоспарлануы мен салынуы мемлекеттік міндеттерді орындау үшін қажетті немесе облысаралық маңызы бар, күрделі халық шаруашылық маңызы бар бақылау объектісі; "бірегей объект"; жеке-дара конструкторлық шешімі бар, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын объект.

58. Жергілікті маңызы бар объект - пайдаланылуының бір облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) шегінде маңызы бар, республикалық бюджетті қоспағанда, жоспарлануы мен құрылысы жергілікті бюджеттен және басқа көздерден қаржыландырылатын бақылау объектісі.";

2) 6-баптың 3-тармағының 1) тармақшасындағы "басқа да" деген сөздер алып тасталсын;

3) 13 - б а п т а :

2-тармақтағы "немесе орталық атқарушы органдар" деген сөздер "аудандардың (қалалардың) атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақтың 3) тармақшасындағы "жергілікті сәулет және қала құрылысы, мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органдарының" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (аудандық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 18 - б а п т а :

3) тармақшадағы "сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеуге" деген сөздер және "ғана қатысатын" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшадағы "жергілікті өкілді және атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары болып табылады." деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша алып тасталсын;

5) 19 - б а п т а :

2) тармақшадағы "мемлекеттік бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынады" деген сөздер "бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз етеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "басқа да қалалардың," деген сөздер "қаланың" деген сөзбен ауыстырылсын; "халық саны жүз мыңнан асатын облыстық маңызы бар қалалардың," деген сөздер алып тасталсын;

9) тармақшадағы "мемлекеттік бағдарламаларды" деген сөздер "бағдарламаларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) тармақша алып тасталсын;

6) 20 - б а п т а :

2) тармақшадағы "мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу" деген сөздер "бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы "республикалық маңызы бар қалалардың, халық саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың" деген сөздер "республикалық маңызы бар қаланың, астананың" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) өтініш берушілердің (лицензияға үміткерлердің) және (немесе) лицензиаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігіне сарапшылық баға беру үшін жеке және заңды тұлғалардың тіркелуін жүзеге асыру;"

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) Қазақстан Республикасының аумағында қала құрылысы және сәулет-құрылыс тәртібінің сақталуын, құрылыс сапасын қадағалау саласындағы қызметті үйлестіру;"

14) тармақшадағы "облыстық және республикалық маңызы бар қалалық органдарының" деген сөздер "жергілікті органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

" 17) м ы н а о б ъ е к т і л е р :

стратегиялық; халық шаруашылығы үшін маңызы бар трансшекаралық; "бірегей"; жеке-дара конструкторлық шешімі бар объектілер бойынша қала құрылысы және сәулет-құрылыс тәртібінің сақталуын, құрылыс сапасын қадағалау саласындағы қызметті үйлестіру жатады.";

7) 2 1 - б а п т а :

1) тармақшадағы "(республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда)" деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақшадағы "әкімі", "әкімшілік" деген сөздер тиісінше "әкімдігі", "әкімшілік-аумақтық" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "қала үлгісіндегі кенттердің" деген сөздер "халқы жүз мың тұрғыннан аспайтын кенттердің, аудандық маңызы бар қалалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша "кіреді." деген сөзбен толықтырылып, 6) тармақша алып тасталсын;

8) 2 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "қалалар" деген сөздер "қала, астана" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қала құрылысы бас жоспарының жобасын бекіту туралы ұсынымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;"

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне заң тәртібімен қала ықпал ететін аймаққа жатқызылған жапсарлас аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың (аудандық жоспарлау жобасының) әкімдік ұсынған кешенді схемасын мақұлдау;"

2) және 3) тармақшалардағы "әкімі" деген сөз "әкімдігі" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Халқы жүз мың тұрғыннан асатын" деген сөздер алып тасталып, "облыстық" деген сөз бас әріппен жазылсын;

1) тармақша алып тасталсын;

- 2) тармақшадағы "әкімі" деген сөз "әкімдігі" деген сөзбен ауыстырылсын;
3) тармақша "кіреді." деген сөзбен толықтырылып, 4) және 5) тармақшалар алып тасталсын;
9) 23-бап алып тасталсын;

1 0) 2 4 - б а п т а :

тақырыбындағы "әкімдерінің" деген сөз "әкімдіктерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "әкімдерінің" деген сөз "әкімдіктерінің" деген сөзбен ауыстырылсын, "(республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда)" деген сөздер алып тасталсын;

1) тармақшадағы "(республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда)" деген сөздер алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "(республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда)" деген сөздер алып тасталсын;

2) және 3) тармақшалар алып тасталсын;

4) тармақшадағы "облыстық бюджеттен қаржыландыру көзделген" деген сөздер "облыстық маңызы бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақша "кіреді." деген сөзбен толықтырылып, 7) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

1 1) 2 5 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Республикалық маңызы бар қала, астана әкімдіктерінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті";

бірінші абзацтағы "әкімдерінің" деген сөз "әкімдіктерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "қорының" деген сөзден кейін "қалалық маңызы бар" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша алып тасталсын;

12) тармақшадағы "қалалық бюджеттен қаржыландыру көзделген" деген сөздер "қалалық маңызы бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақша "жатады." деген сөзбен толықтырылып, 16) тармақша алып тасталсын ;

1 2) 2 6 - б а п т а :

тақырыбындағы және бірінші абзацтағы "әкімдерінің" деген сөз "әкімдіктерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) - 4) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

7) тармақшадағы "аудан бюджетінен қаржыландыру көзделген" деген сөздер " аудандық маңызы бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша алып тасталсын;

10) тармақшадағы ", мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін" деген сөздер алып тасталсын; "тұрғын үй қорын" деген сөздердің алдынан "аудандық маңызы бар" деген сөздермен және "ұйымдастыру" деген сөзден кейін "жатады." деген сөзбен толықтырылсын;

11) тармақша алып тасталсын;

1 3) 2 7 - б а п т а :

тақырыбындағы "және қала құрылысы" деген сөздер ", қала құрылысы және құрылыс" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жергілікті сәулет, қала құрылысы және құрылыс органдары (қызметтері) қарамағындағы аумақта сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік реттеуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.";

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жергілікті сәулет, қала құрылысы және құрылыс органдарының құзыретіне:";

2) тармақша алып тасталсын;

3) тармақшадағы "облыс" деген сөз "әкімшілік-аумақтық бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша алып тасталсын;

7) тармақшадағы "облыстық деңгейде" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) деңгейде" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9)-12) тармақшалармен толықтырылсын:

9) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін лицензиялауды жүзеге асыру;

10) халқы жүз мыңнан асатын облыстық деңгейдегі қалалардың бас жоспарлары жобаларының кешенді қала құрылысы сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

11) жобалық құжаттаманың сапасын қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру, жобалардың мемлекеттік сараптамасына басшылық жасау;

12) тиісті аумақта қала құрылысы және сәулет-құрылыс тәртібінің сақталуын, құрылыс сапасын қадағалауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру және жергілікті маңызы бар сәулет-құрылыс бақылау жүйесіне басшылық ету жатады.";

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақта "Облыстық және республикалық маңызы бар қалалық" деген сөздер " Жергілікті" деген сөзбен ауыстырылсын;

5, 6 және 8-тармақтар алып тасталсын;

14) 32-баптың 2-тармағындағы "істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "жөніндегі жергілікті органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5) 3 3 - б а п т а :

2-тармақ алып тасталсын;

6-тармақтағы "сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс жөніндегі жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының басшысы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы болып табылады.";

16) 34-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

1 7) 3 5 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақшадағы "қалалардың" деген сөз "қаланың, астананың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "істері" деген сөз алып тасталсын; "жергілікті басқару органдарының" деген сөздер "жергілікті органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 8) 3 6 - б а п т а :

1-тармақтағы "(не мемлекеттік инспекторлар)" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақтағы "(не мемлекеттік инспекторлар)" деген сөздер алып тасталсын;

19) 37-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы "қалалық" деген сөзден кейін ", астаналық" деген сөзбен толықтырылсын;

2 0) 3 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) және базалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрының тапсырысшылары облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдіктері болып табылады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) және базалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу жөніндегі облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдіктерінің уәкілетті мемлекеттік органы жергілікті сәулет, қала құрылысы және құрылыс органы болып табылады.";

3-тармақ алып тасталсын;

2 1) 6 8 - б а п т а :

2-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдардан" деген сөздер "аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтың бірінші сөйлеміндегі "уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер "жергілікті сәулет, қала құрылысы және құрылыс органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 75-баптың 3-тармағының екінші абзацындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

92. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 246-құжат):

1) 1-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жол органдары - жалпыға ортақ пайдаланылатын мемлекеттік автомобиль жолдарын басқаруды жүзеге асыратын автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган, оның аумақтық органдары;"

2) 3 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "және жергілікті" деген сөздер ", облыстық және аудандық" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "жергілікті" деген сөз "облыстық" деген сөзбен ауыстырылсын; "аудандардың әкімшілік орталықтарымен, ауылдық елді мекендермен" деген сөздер "облыс және аудан орталықтарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына аудан орталықтарын ауылдық елді мекендермен жалғастырып жатқан автомобиль жолдары жатады.";

4-тармақтағы "1), 2) және 3)" деген цифрлар "1)-4)" деген цифрлармен ауыстырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі "Жергілікті" және "жергілікті" деген сөздер тиісінше "Облыстық және аудандық" және "облыстық және аудандық" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5-баптың 1-тармағы "бақылауды" деген сөзден кейін "автомобиль жолдары жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 6 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "және жергілікті" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін облыстық атқарушы органның ұсынуы бойынша автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

Аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін жол органдарымен келісе отырып облыстық атқарушы органдар бекітеді.";

3-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "және жергілікті" деген сөздер "облыстық және аудандық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 9-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына бөлінген белдеудің жол органдары пайдаланбайтын жер учаскелерін автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде жолдың көліктік-пайдаланылу сапасының төмендеуіне жол бермеген, көлік құралдары жүрісінің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтаған жағдайда, сервис объектілері мен жарнаманы орналастыру үшін жеке және заңды тұлғаларға шарт негізінде уақытша қысқа мерзімді жер пайдалануға беруі мүмкін.";

6) 10-баптың 1-тармағындағы "тиісті мемлекеттік органдардың алдын ала келісімімен" деген сөздер "тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегіндегі жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 1 1 - б а п т а :

тақырыбындағы "өкілеттігі" деген сөз "құзыреті" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын жобалау, салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру көздері мен мөлшерін анықтау," деген сөздер алып тасталсын;

б) тармақша "жатады." деген сөзбен толықтырылып, 7) тармақша алып тасталсын;

8) 1 2 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті";

1-тармақ алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Уәкілетті" деген сөз кіші әріппен жазылып, оның алдынан "Автомобиль жолдары жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақша алып тасталсын;

4) тармақша "жол саласын" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақшадағы ", оларды қаржыландыру жөніндегі жоспарлардың жобаларын әзірлеу, бюджет қаражатының нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз ету" деген сөздер алып тасталсын;

12) тармақша алып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;"

15) тармақшадағы "заңдарды іске асыру, сондай-ақ" деген сөздер алып тасталсын; " қамтамасыз ету" деген сөздер "бақылау" деген сөзбен ауыстырылсын;

17) - 20) тармақшалар алып тасталсын;

21) тармақшадағы "кеңейту" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, "жатады" деген сөз алып тасталсын және бап мынадай мазмұндағы 22) тармақшамен толықтырылсын:

"22) автокөлік жолдарын дамытуды, сақтауды, жөндеуді және күтіп ұстауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын жол қызметін басқару жатады.";

9) 1 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) және аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) өкілді органдардың автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы құзыретіне:

1) облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және коммуналдық меншіктегі елді мекендердің көшелерін дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын б е к і т у ;

2) облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) және аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) атқарушы органдары басшыларының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін дамыту және күтіп ұстау мәселелері жөніндегі есептерін тыңдау жатады.";

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздерден кейін "және аудандық (қалалық)" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақшадағы "жергілікті" деген сөз "облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық, аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) және аудандық" деген сөздермен ауыстырылсын; "автомобиль жолдарын" деген сөздерден кейін ", елді мекендердегі көшелерді" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес

облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;"

3) тармақшадағы "жергілікті" деген сөз "облыстық және аудандық" деген сөздермен ауыстырылсын; "желісін" деген сөзден кейін ", елді мекендердің көшелерін" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "және оларды қаржыландыру жөніндегі жергілікті бюджет баптарын орындау" деген сөздер алып тасталып, "басқару" деген сөзден кейін "жатады." деген сөзбен толықтырылсын;

5) тармақша алып тасталсын;

1 0) 1 4 - б а п т а :

1-тармақтың екінші сөйлемі "ісін жоспарлауды" деген сөздерден кейін "тиісті" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "жөндеу үшін" деген сөздердің алдынан "күрделі және орташа" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 15-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль жолдарын салу, жаңғырту, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізген кезде мемлекеттік бақылауды - тапсырыс беруші, автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті орган және облыстың, аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдары, ал авторлық қадағалауды - жобалау құжаттамасын әзірлеуші және өндірістік қадағалауды жұмыс орындаушы жүзеге асырады. Автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстардан басқа, аяқталған жол жұмыстарын пайдалануға қабылдауды мемлекеттік қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.";

1 2) 1 7 - б а п т а :

1-тармақтағы "Халықаралық және республикалық маңызы бар" деген сөздер алып тасталып, "жалпыға" деген сөз бас әріппен жазылсын;

2 және 4-тармақтар алып тасталсын.

93. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 247-құжат):

1) 1 - б а п т а :

1) тармақшадағы ", Астана және Алматы қалаларында" деген сөздер "(республикалық маңызы бар қалада, астанада)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) уәкілетті орган - жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық, аудандық маңызы бар қаланың), қаладағы ауданның атқарушы органы;"

2) 3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өтініш беруші қажетті құжаттарды тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға, ал ауылдық жерде - кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкіміне табыс етеді.";

3) 4 - б а п т а :

2-тармақ "ауыл (село)" деген сөздерден кейін ", ауылдық (селолық) округ" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "әкімдерден" деген сөздер "кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдерінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі "ауыл (село)" деген сөздерден кейін ", ауылдық (селолық) округ" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтағы "уәкілетті органдарға" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 5 - б а п т а :

1-тармақ "ауыл (село)" деген сөздерден кейін "ауылдық (селолық) округ" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтағы "жергілікті өкілді органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының" деген сөздер "жергілікті мемлекеттік басқару органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қалалалық, астаналық) атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ "ауыл (село)" деген сөздерден кейін "ауылдық (селолық) округ" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 7 - б а п т а :

1-тармақтағы ", Астана және Алматы қалаларында" деген сөздер "(республикалық маңызы бар қалада, астанада)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "аудандық, қалалық" деген сөздер алып тасталсын; "ауыл (село)" деген сөздерден кейін ", ауылдық (селолық) округ" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 9-бап алып тасталсын.

94. "Темір жол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 315-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат, 2004 ж., N 18, 110-құжат):

1) 12-баптың 2-тармағының екінші сөйлеміндегі "және атқарушы" деген сөздер алып тасталсын;

2) 1 4 - б а п т а :

2-тармақтың 5) және 11) тармақшалары алып тасталсын;

3-тармақтың бірінші абзацындағы "Жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 17-баптың 2-тармағындағы "Жергілікті өкілді және атқарушы орындармен" деген сөздер "Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және өзге де елді мекендердің жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

95. "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 320-құжат):

1) 1-баптың 17) тармақшасында "өз құзыреті шегінде" деген сөздер алып тасталсын;

2) 4 - б а п т а :

б) және 7) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) азаматтық авиация ұйымдары ұсынатын сертификатталынатын жұмыс және қызмет көрсетулер түрлерінің тізбесін бекіту;"

15) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын шетел авиакомпаниялары мен ұйымдарын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеу тәртібі мен шарттарын айқындау;"

16) тармақша алып тасталсын;

3) 5 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

26) тармақшадағы "авиациялық қауіпсіздік" деген сөздер "авиациялық персонал" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 26-1) - 26-10) тармақшалармен толықтырылсын:

"26-1) азаматтық авиация саласындағы сертификаттық талаптарды бекіту;

26-2) Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының жердегі радиосәулелендіру құралдарын мемлекеттік тіркеу ережелерін бекіту және олардың жарамдылық к у ә л і к т е р і н б е р у ;

26-3) азаматтық авиация саласындағы еңбек қауіпсіздігін және өндіріс санитариясын қамтамасыз ету тәртібін айқындайтын, сондай-ақ ұшуларға аэронавигациялық қызмет ету жөнінде нормативтік құқықтық актілер қабылдау;

26-4) өз құзыреті шегінде әуежай қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер қ а б ы л д а у ;

26-5) азаматтық авиация саласында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөнінде нормативтік құқықтық актілер қабылдау;

26-6) әуе кемелерін есептен шығару ережелерін қабылдау;

26-7) сертификаттық талаптардан рұқсат етілген уақытша ауытқуларды бекіту;

26-8) ұшулардың қауіпсіздігі мен авиация қауіпсіздігі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдау;

26-9) ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр

байланысы саласында нормативтік құқықтық актілер қабылдау;

26-10) азаматтық авиация саласында инспекциялық қарауды және инспекциялық тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды тұлғаларына, авиациялық персоналдың қолданылып жүрген куәліктері бар, ұшуларды техникалық жағынан қамтамасыз ететін экипаж мүшелеріне, бортсеріктерге, инженерлік техникалық құрамға және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілгеннен кейін әуе кемесінің ұшу кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға халықаралық үлгідегі сәйкестендіру карточкаларын беру;"

27) тармақша алып тасталсын;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін шетел авиакомпанияларын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеу.";

4) 6-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші - төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетел авиакомпаниялары, азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын шетел ұйымдары, олардың филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аккредиттелуге жатады.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетел авиакомпанияларын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеуден:

1) Қазақстан Республикасының шет мемлекетпен жасасқан келісімдерінің қолданылуы тоқтатылған жағдайда немесе осындай келісімдердің Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетел авиакомпанияларын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін ашуға қатысты шарттарымен айқындалған өзге де негізді;

2) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетелдік авиакомпанияларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеудің тәртібі мен талаптары сақталмаған жағдайларда бас тартады.

Шетел авиакомпанияларын аккредиттеу мерзімі аккредиттеу үшін қажетті барлық құжаттар ұсынылған күннен бастан отыз күннен аспайды.";

5) 8-баптың бірінші бөлігіндегі "куәлігі" деген сөз "сертификаты" деген сөзбен ауыстырылсын.

96. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 2, 16-құжат; 2004 ж., N 20, 116-құжат):

1) 1-баптың 51) тармақшасындағы "мемлекеттік басқару органы" деген сөздер "орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4 - б а п т а :

2-тармақтың 11) тармақшасы "бекіту" деген сөзден кейін "жатады." деген сөзбен толықтырылып, 2) және 12) тармақшалары алып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "сондай-ақ сауда мақсатында теңізде жүзуді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен тұжырымдамасын әзірлеуге қатысу" деген сөздер "сауда мақсатында теңізде жүзуді дамытудың бағдарламалары мен тұжырымдамасын әзірлеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) кемелердің мемлекеттік тізіліміндегі кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру жатады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жергілікті атқарушы органдар сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы көлік инфрақұрылымы объектілерін салуды және қайта жаңартуды ұйымдастыру кезінде жобаларды уәкілетті органмен келіседі.";

4-тармақтағы "шекара қызметі теңіз бөлімдерінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Әскери-теңіз Күштерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 44-баптағы "шекара қызметі теңіз бөлімдерінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Әскери-теңіз Күштерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 194-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"194-бап. Мемлекеттік органдардың құтқару операцияларына қатысуы

Мемлекеттік органдар және құтқарушылар осы тарауда белгіленген ережелерге сәйкес құтқару операцияларына қатысады."

97. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 51-құжат):

1) мәтіндегі "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 32-бап алып тасталсын.

98. "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" 2002 жылғы 11 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 54-құжат):

1) 5-баптағы "жергілікті өкілді және атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6 - б а п т а :

1), 4)-8) және 10) тармақшалар алып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастыру";

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін атмосфералық ауаның ластану лимиттерін белгілеу жатады.";

3) 7 - б а п т а :

2) тармақшада "органдардың" деген сөзден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) атмосфералық ауаға зиянды (ластайтын) заттарды шығарудың аумақтық лимиттерін айқындау әдістемелерін әзірлеу және бекіту";

б) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақшадағы "жақсартудың мемлекеттік" деген сөздер "жақсарту" деген сөзбен ауыстырылсын;

9), 11), 12) және 14) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"15) атмосфералық ауаны қорғау саласында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу;

16) атмосфералық ауаны ластағаны үшін базалық төлем ставкасын есептеу жатады."

;

4) 8 - б а п т а :

тақырыбындағы "Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың" деген сөздер " Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Өздерінің құзыреті шегінде жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары:" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша "жөніндегі" деген сөзден кейін "аймақтық" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) атмосфералық ауаның ластанғаны үшін (аудандар мен қалалар бөлінісінде) төлемдер ставкаларын, бірақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган айқындаған есептік ставкалардан төмен емес деңгейде, белгілейді";

3) тармақшадағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Өздерінің құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) атмосфералық ауаны ластауды азайту, сондай-ақ шығарындылардың аумақтық лимиттерін сақтау мақсатымен елді мекендердегі көліктер легін реттейді;"

2) тармақша "саласындағы" деген сөзден кейін "аймақтық" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген лимиттер шегінде атмосфералық ауаның ластану лимиттерін белгілейді.";

5) 9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығаратын, сондай-ақ атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер ететін, өздері үшін белгіленген шекті жол берілетін шығарындылардың нормативтерінен асып кететін көздері бар жеке және заңды тұлғалар шекті жол берілетін шығарындылар нормаларына қол жеткізу мақсатында оны қорғау жөніндегі шараларды Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелерімен немесе облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен олардың құзыреті шегінде бірлесіп әзірлейді, келіседі және жүзеге асырады.";

6) 11-баптың 5-тармағы алып тасталсын;

7) 12-бап алып тасталсын;

8) 13-баптың 3-тармағындағы "заңдарында белгіленген" деген сөздер "Үкіметі белгілеген" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 1 4 - б а п т а :

3-тармақтағы "көлемі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады." деген сөздер "көлемін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы саласындағы уәкілетті орган айқындайды." деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ "орналастыру" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен," деген сөздермен, "оның аумақтық бөлімшелерімен" деген сөздерден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен" деген сөздермен толықтырылсын;

1 0) 1 5 - б а п т а :

2-тармақ "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздерден кейін "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелерінің ұсынуы бойынша жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 16-баптың 3-тармағының мәтініндегі "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2) 1 7 - б а п т а :

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелері мен" деген сөздер алып тасталып , "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын; "және атмосфералық ауаны қорғау функциясын жүзеге асыратын басқа да орталық атқарушы органдардың" деген сөздер алып тасталсын;

13) 19-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы мемлекеттік статистика органдарымен келісе отырып" деген сөздер "мемлекеттік статистика органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 21-баптың 1-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар атмосфералық ауаның мемлекеттік мониторингін ұйымдастырады," деген сөздер "атмосфералық ауаның мемлекеттік мониторингін ұйымдастырады," деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5) 2 2 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасындағы "қорғаудың мемлекеттік" деген сөздер "қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың , астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 23-баптың 4-тармағы "бөлімшелеріне" деген сөзден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

1 7) 2 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "органы" деген сөзден кейін "және облыстардың (республикалық

маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

15) тармақша "шығаруға" деген сөзден кейін "құқығы бар." деген сөздермен толықтырылып, 16) тармақша алып тасталсын;

2-тармақтағы "органы" деген сөзден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 25-баптың бірінші абзацындағы "органының" деген сөзден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен толықтырылсын, 26-баптың 3-тармағындағы "органы" деген сөзден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

1 9) 2 7 - б а п т а :

4) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелерімен және атмосфералық ауаны қорғау функциясын жүзеге асыратын басқа да орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерімен" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақшадағы "оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын, ", атмосфералық ауаны қорғау функциясын жүзеге асыратын басқа да орталық атқарушы органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарын бұзушылықты жою туралы" деген сөздер алып тасталсын.

99. "Бал ара шаруашылығы туралы" 2002 жылғы 12 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж ., N 5, 55-құжат):

1) 6-баптың 1-тармағындағы "жергілікті" деген сөз "аудандық (қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 4 - б а п т а :

2) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз "салалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "аса" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін" деген сөздермен толықтырылсын, ", республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылатын профилактика мен оларға қарсы күрес іс-шараларын" деген сөздер алып тасталсын;

9) тармақша "ұйымдастыруды" деген сөзден кейін "жүзеге асырады." деген сөзбен толықтырылып, 10) тармақша алып тасталсын;

3) 15-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бал ара шаруашылығымен айналысатын жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен аса қауіпті аурулар тізбесіне енгізілген аурулармен күресу мақсатында ветеринарлық препараттармен қамтамасыз етілуге тиіс."

100. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67-құжат):

1) 20-бап мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті жалпы орта және бастапқы кәсіби білім беру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.";

2) 21-баптың 13) тармақшасы алып тасталсын;

3) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Әділет органдарының өзге де функциялары

1. Әділет органдары 15-22-баптарда тізбеленген функциялардан басқа мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) адам мен азаматтың, ұйымдар мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау және қорғау;

2) өздеріне басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің, сондай-ақ олар құпияландырған мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз ету;

3) әділет органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау, қарау және қабылданған шешімдер туралы өтініш жасаушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп пен мерзімде хабарлау;

4) өз қызметі саласында Қазақстан Республикасы заңдарын қолданылу практикасын талдау және қорыту және оларды жетілдіру, Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізу;

5) стратегиялар мен бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

6) қылмыстық жазаны атқару органдары мен мекемелерінде заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету;

7) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға ғылыми-әдістемелік және құқықтық көмек көрсету;

8) зияткерлік меншік саласында Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуы тұрғысында жеке және заңды тұлғаларды тексеруді жүзеге асыру.

2. "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда әділет органдары сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын белгілейді."

101. "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" 2002 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 7-8, 77-құжат):

1) 6-баптың 3) тармақшасындағы "орталық және жергілікті атқарушы органдар үшін" деген сөздер алып тасталсын;

2) 7-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерін, соның ішінде мамандандырылған мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдарын тарта отырып, әзірлеуді қамтамасыз етеді, аталған ережелерді бекітеді немесе келіседі;"

3) 8-бап алып тасталсын;

4) 9 - б а п т а :

1) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қауіпті өндіріс объектілеріндегі авариялардың алдын алу және жою жөніндегі шаралар туралы халықты және ұйымдарды хабардар етеді.";

5) 11-бапта 14) тармақшадағы "міндетті." деген сөз алып тасталып, "сақтандыруға" деген сөзден кейін ";" қойылып, мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен халықты және ұйымдарды өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы хабардар ету.".

102. "Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оналту туралы" 2002 жылғы 27 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 10, 104-құжат):

1) 1-баптың 5) тармақшасы "сақтау" деген сөзден кейін ", медициналық және фармацевтикалық білім беру" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "бірыңғай мемлекеттік саясатты" деген сөздер "мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын" деген сөздер алып тасталып, "уәкілетті" деген сөз бас әріппен басталып жазылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оналту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;"

4) тармақша алып тасталсын;

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары:";

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қоғамдық бірлестіктермен, жеке медициналық практикамен айналысатын жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.";

3) 5-баптың екінші бөлігіндегі "азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын" деген сөздер алып тасталсын;

4) 8-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бюджет қаражаты есебінен;".

103. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 140-құжат; 2004 ж., N 17, 98-құжат):

1) 4-баптың 3) тармақшасы "жергілікті" деген сөздің алдынан "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5 - б а п т а :

1) тармақшадағы "саясатты әзірлеу және іске асыру;" деген сөздер "саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша "ынтымақтастық" деген сөзден кейін "енеді." деген сөзбен толықтырылып, 5) тармақша алып тасталсын;

3) 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

18) тармақшадағы "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) тармақша "қатысу" деген сөзден кейін "енеді." деген сөзбен толықтырылып, 22) тармақша алып тасталсын;

4) 7-баптың 2-тармағында 4) тармақша "бақылау" деген сөзден кейін "енеді." деген сөзбен толықтырылып, 5) тармақшасы, 3-тармағында 4) тармақша "бақылау" деген сөзден кейін "енеді." деген сөзбен толықтырылып, 5) тармақшасы және 4-тармағында 3) тармақша "бақылау" деген сөзден кейін "енеді." деген сөзбен толықтырылып, 4) тармақшасы алып тасталсын;

5) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының өсімдіктерді қорғау саласындағы құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес арнаулы сақтау

орындарының (көмінділердің) құрылысын жүзеге асырады, оларды тиісті жағдайда ұстайды және күтеді.";

6) 16 - б а п т а :

2-тармақтағы "арналған" деген сөзден кейін "және қалыптасқан фитосанитарлық ахуалды ескере отырып, фитосанитарлық мониторинг негізінде бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтер (улы химикаттар) көлемінен қалыптастырылады." деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

7) 18-баптың 4-тармағындағы "олардың санын" деген сөздерден кейін " облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 20 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көздері";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік алып тасталсын;

екінші бөліктегі "Республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "Бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "қамтиды." деген сөз алып тасталып "нүктелі үтір" қойылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) арнаулы сақтау орындарын (көмінділерді) ұстау, салу және жөндеуді қамтиды.";

2-тармақ алып тасталсын.

104. "Геодезия және картография туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж ., N 13-14, 141-күжат):

1) 5-баптың 2) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) геодезияны және картографияны дамытудың салалық бағдарламасын әзірлеу;"

;

3) 10 - б а п т а :

1-тармақтағы "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары" деген сөздер "Бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 13-баптағы "республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын.

105. "Инновациялық қызмет туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 142-құжат):

1) 1-баптың 9) тармақшасындағы ", сондай-ақ" деген сөз "арқылы" деген сөзбен ауыстырылсын, "өзге де қызметтер көрсету арқылы" деген сөздер алып тасталсын;

2) 5-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

3) 8-баптың 1-тармағының 6) және 8) тармақшалары, 2-тармағының 6) тармақшасы, 3-тармағының 3) тармақшасы, 4-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;

4) 9-баптың 5-тармағындағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

5) 10-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бюджет қаражаты;".

106. "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" 2002 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 145-құжат):

1) 18-баптың 1-тармағындағы "мемлекеттік бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 20-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі, 23-баптағы "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын.

107. "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 15, 148-құжат):

1) 5 - б а п т а :

2) тармақшадағы "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

3) тармақшадағы "ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшадағы "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақша "ынтымақтастық" деген сөзден кейін "кіреді." деген сөзбен толықтырылып, 7) тармақша алып тасталсын;

2) 7-баптың 2-тармағындағы "бір мезгілде" деген сөздер алып тасталсын; "бола алады" деген сөздер "болып табылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 8 - б а п т а :

3) тармақшадағы "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "ұйымдастыру" деген сөз "жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшада "Республикасының" деген сөзден кейінгі "ветеринария саласындағы" деген сөздер алып тасталсын, "әзірлеу мен бекітуді ұйымдастыру;" деген сөздер "әзірлеу мен бекіту;" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) ветеринариялық ғылыми зерттеулер мен ветеринария саласындағы мамандарды қайта даярлауды ұйымдастыру;"

11) тармақшадағы "ұйымдастыру" деген сөз "жүргізу" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) тармақшадағы "ұйымдастыру мен" деген сөздер алып тасталсын;

13) тармақшадағы "ұйымдастыру" деген сөз "жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) басқа елдердің ветеринариялық-санитарлық шараларының, егер ол шаралар ел аумағындағы салауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін болса, баламалылығын тану;"

мынадай мазмұндағы 19)-21) тармақшалармен толықтырылсын:

"19) экспорттаушы елдің ғылыми негіздемесі жеткіліксіз болып табылған жағдайда, халықаралық ұйымнан алынған ақпаратты қоса отырып, қолда бар тиісті ақпараттың негізінде уақытша ветеринариялық шараларды енгізу;

20) ауру таралмаған немесе ауру аз таралған аумақтарды немесе олардың бөліктерін анықтау, осы аумақтардан экспортталатын жүктерге бақылауды жүзеге асыру, импортталатын елге растауды беру, оның өкілдерінің осы аумақтарда инспекция жүргізуге қол жеткізуін қамтамасыз ету;

21) жеткілікті ғылыми негіздемеге негізделген және адамдар мен жануарлардың өмірі мен денсаулығына тигізетін салдарлары ескерілген, сондай-ақ халықаралық талаптарға сай келетін ветеринариялық нормативтерді әзірлеу мен бекіту кіреді.";

4) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Аудандардың (қаланың) өкілді және атқарушы органдарының ветеринария саласындағы құзыреті

1. Ауданның (қаланың) өкілді органының құзыретіне:

1) елді мекендерде жануарларды күтіп ұстау ережелерін бекіту;

2) елді мекендерде иттер мен мысықтарды серуендетудің ережелерін бекіту;

3) жануарларды күтіп ұстаудың санитарлық аймақтары шекараларын белгілеу кіреді

2. Ауданның (қаланың) атқарушы органының құзыретіне:

1) ауданның (қаланың) жергілікті өкілді органына елді мекендерде жануарлар ұстау, иттер мен мысықтарды серуендету ережелерін, жануарлар ұстаудың санитарлық аймақтарының шекараларын белгілеу жөніндегі ұсыныстарды бекітуге енгізу;

2) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;

3) ауру жануарларды санитарлық союды, мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырлар) салуды ұйымдастыру және ветеринариялық нормативтерге сәйкес оларды күтіп ұстауды қамтамасыз ету кіреді.";

5) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің құзыреті

Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің құзыретіне:

- 1) елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындау;
- 2) елді мекен аумақтарын санитарлық тазалауды ұйымдастыру кіреді.";
- 6) 11-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

7) 16 - б а п т а :

1-тармақтың 5) тармақшасы "өкілдік ету" деген сөзден кейін "кіреді." деген сөзбен толықтырылып, 1) және 6) тармақшалары алып тасталсын;

2-тармақтың 4) тармақшасы "табыс ету" деген сөзден кейін "кіреді." деген сөзбен толықтырылып, 5) тармақшасы алып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының және оның орынбасарының құзыретіне:";

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) облыс аумағында мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;";

2) тармақшадағы "(астананың, республикалық маңызы бар қаланың)" деген сөздер алып тасталсын;

5) тармақша "табыс ету" деген сөздерден кейін "кіреді." деген сөзбен толықтырылып, 6) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының және оның орынбасарының құзыретіне:

1) республикалық маңызы бар қала, астана аумағында мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) республикалық маңызы бар қала, астана аумағында мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыру мақсатында орындалуға міндетті актілер басып шығару;

3) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне ветеринариялық құжаттар б е р у ;

4) ветеринариялық есеп пен есептілік жүргізу және оларды Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарында белгіленген тәртіппен ұсыну;

5) шеттету үшін негіз болған себептер анықталғанға дейінгі мерзімге аумақтағы ветеринария инспекторларын қызметтен шеттету туралы шешім шығару кіреді.";

4-тармақтың 5) тармақшасы "табыс ету" деген сөзден кейін "кіреді." деген сөзбен толықтырылып, 2) және 6) тармақшалары алып тасталсын;

8) 21-баптың 3-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер " ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 24-баптың 5) тармағындағы "азаматтардың денсаулығын сақтау" деген сөздер " денсаулық сақтау" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0) 2 7 - б а п т а :

1, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жануарлардың жұқпалы аурулары туындаған жағдайда тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынуы бойынша тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы шешім қабылдайды.";

"3. Ветеринариялық іс-шаралар өткізілген жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынуы бойынша тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешім қабылдайды.

4. Тиісті аумақтардың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторларының ұсынуы бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының шешімімен карантин тоқтатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарында көзделген жағдайларда, ветеринария саласындағы уәкілетті орган шектеу іс-шараларын белгілеуі мүмкін.";

1 1) 3 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "республикалық бюджет" деген сөздер бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша алып тасталсын;

2-тармақтың б) тармақшасындағы "республикалық" деген сөз алып тасталсын.

108. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 152-күжат):

1) 6 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) мемлекеттік статистикалық есептілік негізінде халықты әлеуметтік қорғау органдарымен бірлесе отырып кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың республикалық, жергілікті бағдарламаларының мониторингін жүргізеді;"

8) тармақшадағы "әр түрлі ведомстволық бағыныстағы" деген сөздер алып тасталсын;

11) тармақша алып тасталсын;

2) 7 - б а п т а :

1) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

б) тармақшадағы "әр түрлі ведомстволық бағыныстағы" деген сөздер алып тасталсын;

3) 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) үйде оқыту бағдарламаларын қоса алғанда, кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау жөніндегі бағдарламаларды бекітеді";

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) үйде оқыту бағдарламаларын қоса алғанда, кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау жөнінде бағдарлама әзірлеп, оны мәслихаттардың бекітуіне ұсынады; кемтар балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі туралы ереже әзірлейді; үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерін қ ұ р а д ы ;

2) кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау мәселелерімен айналысатын мемлекеттік ұйымдарды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;"

б) тармақша алып тасталсын;

3-тармақтағы "Облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдерінің шешімдерімен" деген сөздер "Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің шешімімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметін ұйымдастыру азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдармен келісе отырып білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін ережелермен айқындалады.";

5) 13-баптағы "республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 14-баптың 3-тармағындағы "және өзге де ұйымдарда" деген сөздер алып тасталсын.

109. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 17, 154-құжат):

7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен балалар мүдделерінде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;"

б) тармақшада "білдіру жатады" деген сөздер "білдіру;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласындағы балалар мүдделерінде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шаралар шеңберін айқындау жатады.";

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтың 3) тармақшасындағы "белгілеу жатады." деген сөздер "белгілеу;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласында балалар мүдделеріне орай орталық атқарушы органдар айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру жатады.".

110. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 21, 176-құжат):

1) мәтіндегі "мемлекеттік шекарадағы", "мемлекеттік шекарада" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік шекарадағы", "Мемлекеттік шекарада" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары;"

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік ұйымдар" деген сөздер "сондай-ақ мемлекеттің лауазымды тұлғаларының қатысуымен ресми іс-шаралар өткізу кезінде санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын, мемлекеттік ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "ғылыми-зерттеу ұйымдары;" деген сөздердің алдынан " республикалық" деген сөзбен толықтырылсын;

3) 5 - б а п т а :

бірінші абзац және 1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметті қаржыландыру:

1) бюджет қаражаты;"

2 - 4-тармақтар алып тасталсын;

4) 6 - б а п т а :

5) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

7) тармақша алып тасталсын;

5) 7 - б а п т а :

12) тармақша алып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторингті ұйымдастырады және оларды жүргізу тәртібін айқындайды;"

мынадай мазмұндағы 18)-31) тармақшалармен толықтырылсын:

"18) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу тәртібін бекітеді;

19) тиісті құжатты бере отырып, санитарлық ережелерге сәйкестігіне санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары зертханаларын аттестаттауды және сынақ орталықтары мен зертханаларын аккредиттеу тәртібін белгілейді;

20) санитарлық паспорттар беру, есепке алу және жүргізу тәртібін айқындайды;

21) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

22) Қазақстан Республикасының аумағын жұқпалы, паразиттік аурулардың әкелінуінен және таралуынан санитарлық қорғау жөніндегі іс-шаралар ұйымдастырады ;

23) жұқпалы ауруларға қарсы халықты профилактикалық егуді ұйымдастыруды және бақылау жүргізуді жүзеге асырады;

24) өз құзыреті шегінде тамақтан улану, жұқпалы, паразиттік және басқа да аурулар , оның ішінде этиологиясы белгісіз аурулар кезінде санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

25) өз құзыреті шегінде жобалардың мемлекеттік және мемлекетаралық с а р а п т а м а с ы н а қ а т ы с а д ы ;

26) өнімге, тауарларға, процестерге және қызмет көрсетулерге жобалау нормаларына мемлекеттік және халықаралық стандарттарды келіседі;

27) ғылыми-зерттеу және ғылыми-практикалық тақырыптар әзірлеу жөнінде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу және өзге де ұйымдардың қызметін үйлестіреді, олардың орындалуына қатысады, ғылыми жетістіктерді практикалық қызметке енгізеді;

28) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады және профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялайтын) препараттарды сақтау, тасымалдау мен пайдалану тәртібін айқындайды;

29) мемлекеттік органдардың қарауына халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы жөнінде ұсыныстар енгізеді;

30) салауатты өмір салтын насихаттауға қатысады және халықты аурулар, тіршілік ету ортасының жай-күйі және жүргізіліп жатқан санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар туралы уақтылы хабардар ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

31) адам денсаулығына зиянды әсер ететін жекелеген өнім түрлері мен заттарды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу бойынша сараптама комиссияларын құрады.";

б) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы және көліктегі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы және көліктегі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері:

1) Қазақстан Республикасының аумағында және Мемлекеттік шекарасында темір жол және әуе көлігінің объектілерін мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

2) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасының аумағын жұқпалы, паразиттік аурулардың әкелінуінен және таралуынан санитарлық қорғау жөнінде іс-шаралар ұйымдастырады;

4) жұқпалы, паразиттік аурулар, сондай-ақ адам денсаулығына қауіптілігі ықтимал заттар мен өнімдер әкелінген және таралған жағдайда, темір жол және әуе жолдарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асырады және санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар жүргізеді;

5) өз құзыреті шегінде улану, жұқпалы, паразиттік және басқа да аурулар, оның ішінде этиологиясы белгісіз аурулар кезінде санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

6) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелері жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға қатысады;

7) тиісті деректер қорын қалыптастыра отырып, санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асырады, есепке алуды және статистиканы жүргізеді;

8) адамдарды, тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын, шаруашылық-ауыз суын, химиялық, уытты және радиациялық заттарды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарының санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды пайдалануға келісім береді;

9) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында өзге де мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

10) халықты аурулар, тіршілік ету ортасының жай-күйі және жүргізіліп жатқан санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар туралы уақтылы хабардар ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

11) халықтың декреттелген тобын санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге оқытуды ұйымдастырады және салауатты өмір салтын насихаттауға қ а т ы с а д ы ;

12) өз құзыреті шегінде жобалау алдындағы және жобалық құжаттаманы қарайды ж ә н е к е л і с е д і ;

13) дезинфекциялауды, дезинсекциялау мен дератизациялауды ұйымдастырады және объектілер мен ошақтарда дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау іс-шараларының жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады.";

7) 8 - б а п т а :

тақырыбы және бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары:";

1) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6) - 23) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

7) санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы ұйымдастырады;

8) тиісті аумақтарды жұқпалы, паразиттік аурулардың әкелінуінен және таралуынан санитарлық қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

9) жоба алдындағы және жобалық құжаттаманы, өнімге, тауарларға, процестерге және қызмет көрсетулерге өңірлік стандарттарды қарайды және келіседі, сондай-ақ өз құзыреті шегінде міндетті лицензиялануға жататын қызмет түрлеріне қорытындылар б е р е д і ;

10) жұқпалы, паразиттік аурулар, сондай-ақ адам денсаулығына қауіптілігі ықтимал заттар мен өнімдер әкелінген және таралған жағдайда автомобиль және теңіз қатынастарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асырады және

санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар жүргізеді;

11) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында санитарлық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесі құжаттарының жобаларын, нормативтік құқықтық актілер, есепке алу және есептілік нысандарын әзірлеуге қатысады;

12) улану, жұқпалы, паразиттік және басқа да аурулар, оның ішінде этиологиясы белгісіз аурулар кезінде өз құзыреті шегінде санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

13) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы бағдарламаларды іске асыруға қатысады;

14) тиісті деректер қорын қалыптастыра отырып, тиісті аумақта санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асырады, есепке алуды және статистиканы жүргізеді;

15) халықтың декреттелген тобын санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге оқытуды ұйымдастырады және салауатты өмір салтын насихаттауға қатысады;

16) санитарлық ережелерге сәйкестігіне санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары зертханаларын аттестаттауды және сынақ орталықтары мен зертханаларын аккредиттеуді жүргізеді;

17) адамдарды, тамақ өнімдерін, азық-түліктік шикізатын, шаруашылық-ауыз суын, химиялық, уытты және радиациялық заттарды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарының санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды пайдалануға келісім береді;

18) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы өзге де мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

19) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатысады;

20) аурулар, тіршілік ету ортасының жай-күйі және жүргізіліп жатқан санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар туралы тиісті аумақтағы халықты уақтылы хабардар ету жөнінде іс-шараларды жүзеге асырады;

21) дезинфекциялауды, дезинсекциялау мен дератизациялауды ұйымдастырады және объектілер мен ошақтарда дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау іс-шараларының жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады;

22) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады және профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялайтын) препараттардың сақталуын, тасымалдануын және пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

23) жобалардың сараптамасына қатысады.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Облыстардың халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы атқарушы органдарының аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) өкілдері болады.";

8) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының құзыреті

1. Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станция:

1) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері жөнінде ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетеді;

2) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына Қазақстан Республикасының аумағына жұқпалы, паразиттік аурулар әкелінген және таратылған және улану болған жағдайда, індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар ұйымдастыруда практикалық көмек көрсетеді;

3) республикалық деректер қорын құра отырып, санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асырады, есепке алуды және статистиканы жүргізеді;

4) санитарлық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарын әзірлейді;

5) жұқпалы және паразиттік аурулардың диагностикасына қатысады;

6) санитарлық-химиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және уыттылық зертханалық зерттеулерді, шуыл мен вибрация, электромагниттік өрістерді және адамның тіршілік ету ортасының өзге де факторларын өлшеуді орындайды;

7) санитарлық ережелерге сәйкестігіне санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары зертханаларын аттестаттауды және сынақ орталықтары мен зертханаларын аккредиттеуді жүргізуге қатысады;

8) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында жаңа аспаптар мен жабдықтарды, зертханалық зерттеулер және өлшеу әдістемелерін сынақтан өткізеді және енгізеді;

9) азаматтар мен заңды тұлғалардың арызы бойынша шарт негізінде сертификаттық зерттеулер жүргізуге қатысады;

10) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді;

11) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілу жағдайын зерделейді;

12) жоба алдындағы және жобалық құжаттаманы, өнімдерге, тауарларға, процестерге және қызмет көрсетулерге стандарттарды қарайды.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында, аумақтарда, көлікте

санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйым және мемлекеттің лауазымды тұлғаларының қатысуымен ресми іс-шаралар өткізу кезінде санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйым өз қ ұ з ы р е т і ш е г і н д е :

- 1) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді;
- 2) санитарлық-химиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және уыттылық зертханалық зерттеулерді, шуыл мен вибрация, электромагниттік өрістер мен адамның тіршілік ету ортасының өзге де факторларын ө л ш е у д і о р ы н д а й д ы ;
- 3) дезинфекциялық іс-шаралар жүргізеді;
- 4) санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторинг жү р г і з у г е қ а т ы с а д ы ;
- 5) жұқпалы және паразиттік аурулардың диагностикасына қатысады;
- 6) шарт негізінде азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініші бойынша сертификаттық зерттеулер және сараптама жүргізуге қатысады;
- 7) жаңа аспаптар мен жабдықтарды, зертханалық зерттеулерді және өлшеу әдістемелерін сынақтан өткізеді және енгізеді;
- 8) профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) препараттарды сақтауды жүзеге асырады.

3. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын республикалық ғылыми-зерттеу ұйымдары:

- 1) республиканың түрлі өңірлеріндегі жұқпалы және паразиттік аурулардың эпидемиялық процестерінің ерекшеліктерін зерттеуді, бағалауды және болжауды жүргізеді, олардың алдын алу бойынша ғылыми негіздеген бағдарламалар әзірлейді;
- 2) жұқпалы, паразиттік аурулар және улану кезінде санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүзеге асырады;
- 3) иммунобиологиялық препараттар шығарады, жаңа вакциналар, қоректік орта және диагностикаларды шығаруды игереді;
- 4) санитарлық-эпидемиологиялық нормалау жүйесінің құжаттарын әзірлейді және олардың ғылыми негіздемесін жүргізеді;
- 5) халықтың және оның жекелеген топтарының денсаулық жағдайын тіршілік ету ортасының қолайсыз факторларымен байланыста зерттейді, тиісті ұсынымдар әзірлейді ;
- 6) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына Қазақстан Республикасының аумағында санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар кешенін жүргізуде практикалық көмек көрсетеді;
- 7) санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторинг жү р г і з у г е қ а т ы с а д ы ;
- 8) санитарлық-химиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық,

радиологиялық және уыттылық зертханалық зерттеулерді, шуыл мен вибрация, электромагниттік өрістерді және адамның тіршілік ету ортасының өзге де факторларын ө л ш е у д і о р ы н д а й д ы .

4. Обаға қарсы мемлекеттік мекемелер:

1) оба бойынша эпидемиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөнінде профилактикалық іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүргізеді;

2) медицина ұйымдарының індетке қарсы тұрақты дайындығын қамтамасыз етеді;

3) оба, тырысқақ және басқа да аса қауіпті жұқпалы аурулардың ошағын оқшаулау және жою жөніндегі індетке қарсы іс-шаралар ұйымдастыруға және жүргізуге қ а т ы с а д ы ;

4) меншік нысанына қарамастан 1-2 топтағы аса қауіпті жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын анықтайтын зерттеулерді жүзеге асыратын зертханаларда індетке қарсы режимді қамтамасыз етеді;

5) санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізуге қатысады.";

9) 1 0 - б а п т а :

1-тармақтың бесінші абзацындағы "атқарушы органдардың" деген сөздер " облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының тиісті бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын; "тиісті аумақтарда " деген сөздер алып тасталсын;

1 0) 2 2 - б а п т а :

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтағы "мен ұйымдары" деген сөздер алып тасталсын;

11) 25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылауды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы, көліктегі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері мен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүргізеді.";

12) 26-баптың 1-тармағындағы "республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 30-баптың 2-тармағындағы "жергілікті бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын; бесінші жолдағы "жергілікті" деген сөз " облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын.

111. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 1-2, 1-құжат):

1) 4 - б а п т а :

1) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

5) тармақша алып тасталсын;

2) 5-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын;

3) 9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы белгіленген электрондық құжат айналымы ережелерін сақтауға міндетті.";

4) 21-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын.

112. "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 16-құжат):

1) 4 - б а п т а :

6) тармақшадағы "сәйкес" деген сөзден кейін "тұқым шаруашылығы және селекция саласында" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша "өткізуді," деген сөзден кейін мынадай редакцияда жазылсын:

"тұқымдардың, соның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің егуіне арналған тұқымдардың сорттық және егістік сапасының сараптамасын мемлекеттік қамтамасыз ету;"

12) тармақшадағы "төмендету;" деген сөз "төмендету арқылы жүзеге асырылады." деген сөздермен ауыстырылып, 13) тармақша алып тасталсын;

2) 5 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тұқым шаруашылығы саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;"

4) тармақшадағы "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген және (немесе) перспективалы деп танылған бірегей тұқымдар өндірісін субсидиялау және отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілері үшін элиталық тұқым сорттарының құнын арзандату тәртібін айқындайды;"

мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша ауыл шаруашылық өсімдіктерінің сорттық сынағын өткізу тәртібін а й қ ы н д а й д ы ;

10) тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша тұқымның, соның ішінде отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің егуіне арналған тұқымның сорттық және егістік сапасына сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.";

3) 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

10) тармақша алып тасталсын;

20) тармақшадағы "қаражат" деген сөз "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын; "республикалық бюджетте" деген сөздер алып тасталсын;

25) тармақша алып тасталсын;

4) 7-бап алып тасталсын;

5) 8-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы "жүзеге асыруға;" деген сөз "жүзеге асыруға құқығы бар." деген сөздермен ауыстырылып, 9) тармақшасы алып тасталсын;

6) 12-бап алып тасталсын.

113. "Почта туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 17-құжат; N 15, 139-құжат):

1) 1-баптың 42) тармақшасындағы "мемлекеттік басқару органы" деген сөздер " орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың 3-тармағының 14) тармақшасындағы "өткізу;" деген сөз "өткізу жатады." деген сөздермен ауыстырылып, 15) тармақшасы алып тасталсын;

3) 8 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

6) тармақшадағы "почта" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

15) және 19) тармақшалар алып тасталсын;

3-тармақтың бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының" деген сөздер " Облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың)" деген сөздермен толықтырылсын.

114. "Кредиттік серіктестіктер туралы" 2003 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж ., N 5, 32-құжат):

1) 3-баптың 7-тармағы алып тасталсын;

2) 23-баптың 7) тармақшасына орыс тілінде түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді.

115. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2003 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 6, 33-құжат):

1) 1-баптың 5) тармақшасындағы "энергетика саласындағы мемлекеттік орган" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) шикі мұнай және (немесе) газ конденсаты көлемінің мұнай өнімдерін өндірудің уәкілетті орган бекіткен ең төменгі көлемін белгілеуді";

3) 4 - б а п т а :

2) тармақшадағы "өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер шығарады" деген сөздер "нормативтік құқықтық актілерді бекітеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша алып тасталсын;

4) 5-бап мынадай мазмұндағы 7)-12) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) мұнай өнімдері өндірісінің ең төменгі көлемін белгілейді және мұнай және (немесе) газ өндіру ұйымдарының шикі мұнай және (немесе) газ конденсаты және басқа да шикізат көздері жеткізілімдерінің көлемдерін бекітеді;

8) мұнай өнімдерін өндірушілердің мұнай өнімдері өндірісінің ең төменгі көлемін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

9) өндіріс паспорты нысанын және оны толтыру тәртібін айқындайды;

10) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша өндіріс п а с п о р т ы н б е к і т е д і ;

11) өндіріс паспортында көрсетілген мұнай және (немесе) газ өндіру ұйымдарындағы жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілу мерзімдерін келісуді және олардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

12) мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, мұнай өнімдерінің экспорты мен импорты квоталарының экономикалық негіздемесін әзірлейді.";

5) 6 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацындағы: "саласындағы мемлекеттік орган" деген сөздер " жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтағы "Сауда саласындағы мемлекеттік орган" деген сөздер "Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Монополияға қарсы саясат саласындағы мемлекеттік орган" деген сөздер "Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Көлік саласындағы мемлекеттік орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, көлік кешені қызметін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ "органдар" деген сөзден кейін ", сондай-ақ кеден ісі жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 1 0 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "энергетика саласындағы мемлекеттік" деген сөздер "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "энергетика саласындағы мемлекеттік" деген сөздер "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын.

116. "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 9, 41-құжат):

11-баптың 6) тармақшасы алып тасталсын.

117. "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 10, 52-құжат):

1) 6 - б а п т а :

2) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

9) тармақша алып тасталсын;

2) 7-баптың 10) тармақшасы алып тасталсын.

118. "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2003 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 11, 70-құжат):

1) 1-баптың 9) тармақшасы "денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары," деген сөздердің алдынан "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 6 - б а п т а :

1) тармақшадағы "мемлекеттік саясатты айқындайды және іске асырады" деген сөздер "мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

3) 7 - б а п т а :

3) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

11) тармақшадағы "республикалық бюджеттің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) республикалық маңызы, сондай-ақ қызметі бір облыс (республикалық маңызы бар қала, астана шегінен тыс қолданылатын ұйымдар орындайтын жұмыстар мен қызметтер бөлігінде медициналық және дәрігерлік қызметті, және акушерлік, гинекология, венерология, иммунология, наркология, фтизиатрия, неонтология, педиатрия және наркологиялық сараптама түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;"

17) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:
"21-1) екінші және үшіншіден басқа, біліктілік санатын беруге емтихан өткізеді,";
28) тармақша алып тасталсын;

4) 8 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті мемлекеттік органдарының құзыреті";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының" деген сөздер "Облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының" деген сөздер "Облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11-1) және 11-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"11-1) республикалық маңызы бар, сондай-ақ қызметі бір облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) шегінен тыс қолданылатын ұйымдар орындайтын жұмыстар мен қызметтерді және акушерлік, гинекология, венерология, иммунология, наркология, фтизиатрия, неонтология, педиатрия және наркологиялық сараптама түрлерін қоспағанда, медициналық және дәрігерлік қызметті;

дәрілік заттар өндірісін, дайындауды, көтерме және бөлшек саудамен өткізуді және денсаулық сақтау жүйесінде есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымымен байланысты қызмет түрлерін: өндіруді, тасымалдауды, сатып алуды, сақтауды, бөлуді, сатуды, пайдалануды, жоюды;

дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдары мен препараттарын пайдалануға байланысты жұмыстар мен қызметтер көрсету түрлерін лицензиялауды
ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

11-2) медицина және фармацевтика қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз етеді.";

12) тармақша алып тасталсын;

5) 9 - б а п т а :

тақырыбындағы және бірінші абзацындағы "Денсаулық" деген сөз "Облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асырушы мамандардың кәсіби біліктілігіне аттестаттау жүргізеді,";

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) жоғары және біріншіден басқа, біліктілік санатын беруге емтихандар өткізеді";

12) тармақшадағы "қамтамасыз етеді" деген сөздерден кейін "және оны ұйымдастырады" деген сөздермен толықтырылсын;

17) тармақша алып тасталсын;

6) 1 0 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялау";

мәтіндегі "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның" деген сөздер алып тасталсын; "лицензиялауына" деген сөз "лицензиялауға" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 21-баптың 4-тармағындағы, 23-баптың 3-тармағындағы "денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары" деген сөздердің алдынан "облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 37-баптың 2-тармағындағы "денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының" деген сөздердің алдынан "облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 44-баптың 1-тармағының төртінші абзацы "денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары;" деген сөздердің алдынан "облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 47-баптың 3-тармағындағы "республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1) 5 1 - б а п т а :

1-тармақтың төртінші абзацындағы, 2-тармақтағы "мемлекеттік бюджеттің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен өтеу;"

119. "Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2003 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 12, 88-құжат):

1) 4-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

2) 5-баптың 8) тармақшасы алып тасталсын.

120. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 119-құжат; 2004 ж., N 16, 91-құжат):

1) 1-баптың 12) тармақшасындағы ", жергілікті атқарушы орган" деген сөздер алып тасталсын;

2) 3-баптың 2-тармағының 23) тармақшасында орыс тілінде түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

3) 106-баптың 4) тармақшасындағы "ақпаратты;" деген сөз "ақпаратты өзінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес атап көрсетуге тиіс." деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармақшасы алып тасталсын.

121. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж . N 15, 134-құжат):

1) 12-баптың 9) тармақшасы алып тасталсын;

2) 13-баптың 18) тармақшасы алып тасталсын;

3) 1 4 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының құзыреті";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша алып тасталсын;

4) 23-баптың 1-тармағының 3-тармақшасындағы "егер жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 26-баптың 5-тармағындағы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер " облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

122. "Дәрілік заттар туралы" 2004 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж ., N 2, 8-құжат):

1) 5 - б а п т а :

1) тармақшадағы "мемлекеттік саясатты айқындайды және іске асырады" деген

сөздер "мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

9) тармақша алып тасталсын;

2) 6 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру кезінде дәрілік заттар өндірісіне байланысты қызметке және есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензияларды береді және қайтарып алады және лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұрады;"

13) тармақша алып тасталсын;

3) 7-баптың 11) және 17) тармақшалары алып тасталсын;

4) 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "жергілікті" деген сөз "облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "заңдарында белгіленген" деген сөздер "Үкіметі белгілеген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "жергілікті" деген сөз "облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына ведомстволық бағыныстағы денсаулық сақтау ұйымдары үшін:

негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттар, медициналық техника мен медицинаға арналған бұйымдар;

туберкулезге қарсы, диабетке қарсы дәрілік заттар, онкологиялық аурулар үшін химиялық препараттар, бүйрегінің мүкісі бар және бүйрегін ауыстырғаннан кейінгі аурулар үшін дәрілік заттар, диализаторлар және жұмсайтын материалдар сатып алуды жүзеге асырады;

5) дәрілік заттар дайындауға, көтерме және бөлшек саудамен өткізуге лицензиялар береді және қайтарып алады және лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұрады."

2-бап. Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

